

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ  
БІЛІМ БЕРУДІҢ ЗЕРТТЕУ  
ӘЛЕУЕТІН ДАМЫТУ**

проблемалары мен болашағы

**РАЗВИТИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОГО  
ПОТЕНЦИАЛА ПЕДАГОГИЧЕСКОГО  
ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ**

проблемы и перспективы

Гульфия Кучумова  
Динара Мухамеджанова  
Алия Сарсенбаева

М О Н О Г Р А Ф И Я



Г. Кучумова, Д. Мухамеджанова, А. Сарсенбаева

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ  
ЗЕРТТЕУ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ  
ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ**

**РАЗВИТИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОГО ПОТЕНЦИАЛА  
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ  
ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

Монография

Астана  
2025

**ӘОЖ 37.0 (574)**  
**КБЖ 74.00 (5Қаз)**  
**К 88**

Maqsut Narikbayev University Жоғары гуманитарлық мектебінің  
Зерттеу комитетінің 2025 жылғы 18 қыркүйектегі № 6 хаттамасымен  
мақұлданған

**Рецензенттер:**

PhD, Басқарма төрағасының орынбасары, «Ахмет Байтұрсынұлы атындағы  
«Талдау» ұлттық зерттеулер және білімді бағалау орталығы» АҚ  
Камбатырова А.С.  
PhD, декан орынбасары, Astana International University  
Кажигалиева А.Б.

**Авторлар:**

Гульфия Кучумова, Динара Мухамеджанова, Алия Сарсенбаева

**К 88** Қазақстандағы педагогикалық білім берудің зерттеу әлеуетін дамыту:  
проблемалары мен болашағы. – Астана: «Булатов А.Ж.» ЖК, 2025. –  
296 б.

**ISBN 978-601-326-990-0**

*Бұл монографияда Қазақстанда педагогикалық кадрларды даярлау жүйесінде зерттеуге бағдарланған оқытуды енгізу мен дамыту мәселелері қарастырылады. Зерттеу болашақ мұғалімдерді даярлау үдерісінде зерттеу құзыреттерінің рөлін түсіндіруге, ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстарды ұйымдастыруға және педагогикалық бағдарламаларға зерттеу компонентін кіріктіруге, сондай-ақ осы бағытты жүзеге асырудағы кедергілер мен қиындықтарды зерделеуге бағытталған. Монография мұғалімдерді даярлауды қайта ой елегінен өткізуге арналған және білім беру саласындағы зерттеушілерге, оқытушыларға, сарапшыларға, сондай-ақ педагогикалық кадрларды даярлау жүйесін жаңғыртуға мүдделі баршаға пайдалы болмақ. Кітап «Қазақстандағы педагогикалық білім берудің зерттеу әлеуетін дамыту» атты ғылыми жобаның нәтижесі болып табылады. Жоба Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы аясында іске асырылды (грант № AP19576588).*

**ӘОЖ 37.0**  
**КБЖ 74.00**

**ISBN 978-601-326-990-0**

© Г. Кучумова, Д. Мухамеджанова, А. Сарсенбаева, 2025  
© Maqsut Narikbayev University, 2025

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**  
**К 88**

Одобрено протоколом  
Исследовательского комитета Высшей гуманитарной школы  
Maqsut Narikbayev University № 6 от 18 сентября 2025 года

**Рецензенты:**

PhD, Заместитель Председателя Правления,  
АО «Национальный центр исследований и оценки образования «Талдау»  
имени Ахмета Байтұрсынұлы»  
Камбатырова А.С.  
PhD, заместитель декана, Astana International University  
Кажигалиева А.Б.

**Авторы:**

Гульфия Кучумова, Динара Мухамеджанова, Алия Сарсенбаева

**К 88** Развитие исследовательского потенциала педагогического образования  
в Казахстане: проблемы и перспективы. – Астана: ИП «Булатов А.Ж.»,  
2025. – 296 с.

**ISBN 978-601-326-987-0**

*Данная монография посвящена анализу реализации исследовательски-ориентированного обучения в рамках подготовки педагогических кадров в Казахстане. В ней рассматриваются вопросы понимания роли исследовательски-ориентированного обучения в подготовке будущих педагогов, организации курсов по методологии научного исследования и иных исследовательских возможностей в рамках педагогических программ, а также барьеров и вызовов, существующих на пути реализации исследовательски-ориентированного педагогического образования. Монография направлена на переосмысление подготовки учителей в Казахстане и будет полезна исследователям, преподавателям, экспертам в сфере образования и всем, кто заинтересован в модернизации системы подготовки учителей. Книга представляет собой результат научного проекта «Развитие исследовательского потенциала педагогического образования в Казахстане», реализованного в рамках грантового финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант № AP19576588).*

**УДК 37.0**  
**ББК 74.00**

**ISBN 978-601-326-987-0**

© Г. Кучумова, Д. Мухамеджанова, А. Сарсенбаева, 2025  
© Maqsut Narikbayev University, 2025

## МАЗМҰНЫ

|   |    |
|---|----|
| АЛҒЫ СӨЗ .....  | 10 |
| ТАРАУ 1.  |    |
| XXI ҒАСЫРДАҒЫ ПЕДАГОГ МАМАНДЫҒЫ .....   | 14 |
| ТАРАУ 2.  |    |
| ЗЕРТТЕУГЕ БАҒДАРЛАНҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ .....                  | 20 |
| Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру ұғымы .....                               | 21 |
| Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді іске асыру тәсілдері .....              | 25 |
| Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру тәжірибесі.....                           | 35 |
| Ғылыми зерттеулер әдіснамасы бойынша курстар.....   | 35 |
| Академиялық жазылым курстары.....   | 38 |
| Мектептегі оқу-зерттеу практикасы .....   | 39 |
| Қорытынды біліктілік жұмысы.....  | 42 |
| Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді іске асырудағы қиындықтар.....          | 44 |
| Теория мен практика арасындағы алшақтық.....  | 45 |
| Оқытушылардың төмен зерттеу әлеуеті .....   | 47 |
| Қаржылық және уақыт ресурстарының шектеулігі .....  | 49 |
| ТАРАУ 3.  |    |
| ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТАРИХЫ МЕН МӘНМӘТІНІ .....                      | 59 |
| ТАРАУ 4.  |    |
| ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ .....  | 73 |
| ТАРАУ 5.  |    |
| ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗЕРТТЕУГЕ БАҒДАРЛАНҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ .....                       | 79 |
| Болашақ педагогтерді даярлаудағы зерттеуге бағдарланған білім берудің рөлін түсіну.....   | 79 |
| Оқушылардың зерттеу жобаларына жетекшілік.....  | 80 |
| Жаратылыстану-ғылыми бейіндегі пәндерді зерттеу арқылы оқыту .....                        | 82 |
| Мектептегі мансаптық өсу.....   | 83 |
| Зерттеулерге негізделген педагогикалық қызмет .....                                       | 83 |
| Ғылыми кадрларды даярлау .....  | 85 |
| Кәсіби қызметке зерттеушілік көзқарасты дамыту.....                                       | 87 |
| Болашақ педагогтердің педагогикалық қызметтегі зерттеулердің маңыздылығын қабылдауы ..... | 88 |
| Ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстар ұйымдастыру .....                               | 92 |
| Жаңадан енгізілген ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстың мақсаттары мен мазмұны.....  | 95 |

|   |     |
|---|-----|
| Жаңадан енгізілген ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курсты оқыту тәсілдері ..... | 105 |
| Жаңадан енгізілген ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстың нәтижелері .....     | 107 |
| Педагогикалық білім беру бағдарламалары шеңберіндегі зерттеу мүмкіндіктері .....  | 108 |
| Пән аясында .....   | 109 |
| Дипломдық жұмыс аясында .....   | 112 |
| Мектептегі практика аясында .....   | 115 |
| Бейіндік пәндер бойынша курстық жұмыстар аясында .....                            | 117 |
| Ғылыми үйірмелер, конкурстар мен конференцияларға қатысу аясында ..               | 118 |
| Профессорлық-оқытушылық құрамның ғылыми жобалары аясында .....                    | 120 |
| Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру жолындағы қиындықтар              | 122 |
| Инфрақұрылым .....  | 122 |
| Профессорлық-оқытушылық құрамның ғылыми әлеуеті .....                             | 125 |
| Зерттеу мәдениеті .....   | 128 |
| ТАРАУ 6.  |     |
| ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ҰСЫНЫМДАР .....   | 142 |
| Авторлар туралы .....   | 151 |

## СОДЕРЖАНИЕ

|   |     |
|---|-----|
| ПРЕДИСЛОВИЕ.....  | 153 |
| ГЛАВА 1.  |     |
| ПРОФЕССИЯ ПЕДАГОГА В XXI ВЕКЕ .....   | 157 |
| ГЛАВА 2.  |     |
| ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИ-ОРИЕНТИРОВАННОЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ<br>ОБРАЗОВАНИЕ: ЗАРУБЕЖНЫЙ ОПЫТ .....           | 163 |
| Понятие исследовательски-ориентированного педагогического<br>образования .....                  | 164 |
| Подходы к реализации исследовательски-ориентированного<br>педагогического образования .....     | 168 |
| Образовательные практики исследовательски-ориентированного<br>педагогического образования ..... | 179 |
| Курсы по методологии научных исследований .....   | 179 |
| Курсы академического письма.....  | 182 |
| Учебно-исследовательская практика в школе.....  | 183 |
| Выпускная квалификационная работа .....   | 186 |
| Трудности в реализации исследовательски-ориентированного<br>педагогического образования .....   | 188 |
| Разрыв между теорией и практикой .....  | 188 |
| Низкий исследовательский потенциал преподавателей.....  | 191 |
| Ограниченность финансовых и временных ресурсов .....  | 193 |
| ГЛАВА 3.  |     |
| ИСТОРИЯ И КОНТЕКСТ ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ<br>В КАЗАХСТАНЕ.....                             | 203 |
| ГЛАВА 4.  |     |
| МЕТОДОЛОГИЯ ИССЛЕДОВАНИЯ .....  | 217 |
| ГЛАВА 5.  |     |
| ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКИ-ОРИЕНТИРОВАННОЕ ПЕДАГОГИЧЕСКОЕ<br>ОБРАЗОВАНИЕ В КАЗАХСТАНЕ.....                | 223 |
| Понимание роли исследовательски-ориентированного образования в<br>подготовке педагогов.....     | 223 |
| Руководство исследовательскими проектами школьников .....                                       | 224 |
| Обучение предметам естественно-научного профиля через<br>исследования .....                     | 226 |
| Карьерное продвижение в школе.....  | 227 |
| Педагогическая деятельность основанная на исследованиях .....                                   | 227 |
| Подготовка научных кадров.....  | 229 |
| Развитие исследовательской установки к профессиональной<br>деятельности .....                   | 231 |

|  |     |
|--|-----|
| Восприятие будущими педагогами значимости исследований в педагогической деятельности ..... | 232 |
| Организация курсов по методологии научного исследования .....                              | 236 |
| Цели и содержание нововведенного курса по методологии научного исследования .....          | 239 |
| Подходы к преподаванию нововведенного курса по методологии научного исследования .....     | 249 |
| Результаты нововведенного курса по методологии научного исследования .....                 | 251 |
| Исследовательские возможности в рамках педагогических образовательных программ .....       | 252 |
| В рамках дисциплины .....  | 253 |
| В рамках дипломной работы .....  | 257 |
| В рамках практики в школе .....  | 260 |
| В рамках курсовых работ по профильным дисциплинам .....                                    | 261 |
| В рамках научных кружков, участия в конкурсах и конференциях .....                         | 262 |
| В рамках научных проектов преподавателей .....   | 265 |
| Сложности на пути к исследовательски-ориентированному педагогическому образованию .....    | 266 |
| Инфраструктура .....   | 266 |
| Научный потенциал профессорско-преподавательского состава .....                            | 269 |
| Исследовательская культура .....   | 273 |
| ГЛАВА 6.   |     |
| ЗАКЛЮЧЕНИЕ И РЕКОМЕНДАЦИИ .....  | 286 |
| Об авторах .....   | 295 |



**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ  
ЗЕРТТЕУ ӘЛЕУЕТІН ДАМУ**  
**ПРОБЛЕМАЛАРЫ МЕН БОЛАШАҒЫ**

## АЛҒЫ СӨЗ

Сапалы білім беру әлеуметтік-экономикалық даму мен әл-ауқаттың негізгі тіректерінің бірі ретінде әлдеқашан танылған, оған қол жеткізуде мұғалімге маңызды рөл беріледі. Осыған байланысты жоғары білікті педагогикалық кадрларды даярлау – көптеген елдердің білім беру саясатының басты бағыты. Бұл елдер мұғалімнің кәсіби болмысын қалыптастыруда және оның тез өзгертін әлемде жұмыс істеуге дайындығын арттыруда зерттеуге бағытталған педагогикалық білім беруді дамыту қажеттігін атап өтеді.

Осы *«Қазақстандағы педагогикалық білім берудің зерттеу әлеуетін дамыту: проблемалары мен болашағы»* монографиясы еліміздің жоғары оқу орындарында педагог кадрларды даярлауға зерттеулерді кіріктіру сияқты өзекті әрі маңызды тақырыпқа арналған. Ол – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруы шеңберінде іске асырылған ғылыми жоба нәтижелерінің бірі (грант № AP19576588).

Монографияда ұсынылған зерттеу елдегі мектептегі білімінің сапасын арттыруға, дәлелді оқыту практикасын енгізуге және болашақ мұғалімдерді даярлауды жетілдіруге бағытталған реформалар аясында бастама алды. Бұл реформалар халықаралық білім беру үрдістерін, соның ішінде Қазақстан қатысатын Болон процесінің қағидаттарын танытады. Болон қағидаттарына сәйкес мектептегі білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін қазіргі заманғы мұғалімдерді даярлау үдерісі рефлексия мен сыни ойлауды қоса алғанда, зерттеу құзыреттерін дамытуды талап етеді. Қазақстанда мектеп және жоғары білім беру салаларында ауқымды

өзгерістер бірнеше онжылдық бойы жүзеге асырылып келе жатқанына қарамастан, педагогикалық кадрларды даярлау мәселелері әлі де жеткілікті деңгейде зерттелмеген. Бұған қоса халықаралық мәнмәтінде жоғары білім беру жүйесі әлі қалыптасу деңгейіндегі және зерттеу мәдениеті әлсіз дамыған дамушы елдерде зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру қалай жүзеге асырылатыны жөнінде түсінік іс жүзінде жоқ. Бұл монография осы олқылықтардың орнын толтыруға арналған.

Зерттеуге педагогикалық кадрларды дайындайтын елдегі төрт университеттің әкімшілігі, профессорлық-оқытушылық құрамы және студенттері қатысты. Талдау зерттеуге қатысушылардың болашақ педагогтерді даярлаудағы зерттеуге бағдарланған білім берудің маңыздылығын түсінуін анықтауға, педагогикалық бағдарламалар шеңберінде ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстарды және өзге де зерттеу мүмкіндіктерін ұйымдастыруды, сондай-ақ зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді іске асыру жолындағы кедергілер мен қиындықтарды зерделеуге бағытталған. Педагог кадрларды даярлау және зерттеу әлеуетін дамыту саласындағы халықаралық ғылыми әдебиетке сүйене отырып жиналған эмпирикалық деректерді талдау мектеп және жоғары білім беру саласындағы реформалар, сондай-ақ Қазақстандағы педагогикалық мамандықтың трансформациясы аясында жүргізілді.

Монография алты тараудан тұрады. Кейбір тараулар жобаның аясында бұған дейін жарияланған ғылыми мақалаларымызға негізделген. Бұл мақалалар қайта өңделіп, осы монографияда ұсыналған жалпы зерттеуге кіріктірілді.

*«XXI ғасырдағы педагог мамандығы»* бірінші тарауы жаһандық сынтетеуріндер мен білім беруге қойылатын заманауи талаптар мәнмәтінінде педагог рөлінің трансформациясын қарастырады. Білім беру жүйесінің тиімді жұмыс істеуі және жас ұрпақты күрделі әрі тез өзгертін әлемдегі өмірге дайындау үшін мұғалім мамандығы зерттеу қызметіне қатысу арқылы тұрақты кәсіби өсуді талап ететіні атап көрсетілген.

*«Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру: шетелдік тәжірибе»* екінші тарауы – педагогикалық білім берудің жаңа сапасын қалыптастыруда орталыққа айналған зерттеуге бағдарланған тәсіл шеңберінде педагог кадрларды даярлауға арналған әдебиеттерге шолу. Онда зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру ұғымы ашылады, сондай-ақ оны іске асырумен байланысты қазіргі халықаралық тәсілдер мен қиындықтар талданады.

«Қазақстандағы педагогикалық білім берудің тарихы мен мәнмәтіні» үшінші тарауы посткеңестік дағдарыстың институционалдық реформаларынан бастап соңғы жылдары академиялық дербестіктің қалыптасуына дейінгі кезеңде елдегі педагогикалық білім берудің дамуын сипаттайды. Мемлекет бастамашылық ететін мектептегі білім беру реформаларын жүргізуге қабілетті педагогтерді даярлауда педагогикалық жоғары оқу орындарының артта қалуы байқалады. Педагог кадрларды даярлауға зерттеуге бағдарланған тәсілді енгізуге қатысты соңғы өзгерістерге ерекше назар аударылады.

«Зерттеу әдіснамасы» төртінші тарауында жүргізілген зерттеудің негізін құрайтын әдіснамалық тәсіл сипатталған. Онда зерттеу дизайны, қатысушыларды іріктеу мен сипаттамалары, эмпирикалық деректерді жинау және талдау әдістері ашылады. Тарау біздің зерттеуіміздің нәтижелері мен қорытындыларын түсіндіруге негіз жасайды.

«Қазақстандағы зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру» бесінші тарауы – монографиядағы орталық бөлік, ол жүргізілген зерттеу нәтижелерін ұсынады. Біріншіден, тарауда қазақстандық жоғары оқу орындарында педагог кадрларды даярлаудағы зерттеулер және зерттеуге бағдарланған білім берудің рөлі қалай түсінілетіні ашылады. Екіншіден, болашақ мұғалімдердің зерттеушілік дайындығын ұйымдастыруға қатысты тәсілдер талданады, атап айтқанда, мемлекеттік білім беру саясаты аясында педагогикалық бағдарламаларға енгізілген ғылыми зерттеу әдістері пәніне баса назар аударылады. Үшіншіден, қазақстандық жоғары оқу орындарының педагогикалық білім беруге зерттеу дайындығын кіріктіруі барысында кездесетін қиындықтары қарастырылады.

Монографияның қорытынды, алтыншы тарауы «Қорытынды және ұсынымдар» деп аталады. Бұл тарауда зерттеудің негізгі қорытындылары шығарылып, Қазақстанда зерттеуге бағытталған педагогикалық білім беруді одан әрі дамыту жөніндегі ұсыныстар тұжырымдалады. Сондай-ақ педагог кадрларды даярлауға зерттеу компонентін кіріктіру саласындағы болашақ зерттеулердің ықтимал бағыттары талқыланады.

Бұл монография оқытушыларды, мұғалімдерді, жоғары оқу орындары мен мектептердің әкімшілігін, зерттеушілерді, білім беру саясатын әзірлеушілерді, сондай-ақ педагогикалық бағдарламалардың студенттерін қамтитын кең аудиторияға арналған. Монографияда ұсынылған нәтижелер мен тұжырымдар мұғалімдерді даярлау бойынша инновациялық білім беру бағдарламаларын әзірлеуге, университеттерде тұрақты зерттеу мәдениетін қалыптастыруға және елдегі педагогикалық білім беру сапасын арттыруға негіз болады деп үміттенеміз.

Осы зерттеуді жүргізуге мүмкіндік беріп, қаржылық қолдау көрсеткен Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігіне алғыс білдіреміз. Ынтымақтастық танытқаны үшін, эмпирикалық деректерді жинауға қосқан үлестері мен құнды пікірлері үшін зерттеуге қатысқан оқытушыларға, университет әкімшілігінің өкілдеріне, сондай-ақ студенттерге ерекше алғыс білдіреміз.

## ТАРАУ 1

### XXI ҒАСЫРДАҒЫ ПЕДАГОГ МАМАНДЫҒЫ

Педагог мамандығы – қоғам өміріндегі негізгі мамандықтардың бірі, себебі өскелең ұрпаққа білім мен тәрбие беру жауапкершілігі педагогке жүктеледі. Педагогикалық қызметті барлық мамандықтың «анасы» деп атауы (Ulferts, 2021) бекер емес: педагог тек білім берумен шектелмей, сонымен қатар жеке және кәсіби тұлғаның қалыптасуына ықпал етеді. Білімге негізделген экономика жағдайында педагог рөлі ерекше маңызға ие, өйткені білім беру үдерісінің тиімділігі мен адами капиталды даярлау сапасы педагогтің кәсібилігімен тікелей байланысты (Cochran-Smith, 2003; Malinen et al., 2012; Toom & Husu, 2024). Осы орайда қазіргі уақытта бүкіл әлемнің зерттеушілері мен саясаткерлері педагогикалық қызмет пен педагогикалық білім беру сапасын зерттеуге және ілгерілетуге көбірек көңіл бөліп жүр.

Педагогикалық қызмет пен оның тиімділігін зерттеу білім беру үдерісінің күрделене түсу жағдайында ерекше маңызға ие болып келеді. Адам қызметінің басқа салалары сияқты білім беру – саяси, әлеуметтік-экономикалық, технологиялық және табиғи факторлардың әсерінен үнемі өзгеріп отыратын серпінді жүйе (Darling-Hammond & Bransford, 2005; Madden, 2015; Reid & O’Donoghue, 2004; Toom & Husu, 2024). Мұндай өзгерістердің жарқын мысалы COVID-19 пандемиясы болды. Пандемия кезінде бүкіл әлем бойынша мектептер мен жоғары оқу орындары онлайн оқыту форматына көшу, оқушылар мен педагогтердің денсаулығы мен психологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету, сондай-ақ білім беру үдерісінің сапасын қолдау секілді жедел шешімдерді талап ететін

көптеген қиындықтарға тап болды. Жасанды интеллект технологияларының (мысалы, ChatGPT, Gemini және т.б.) кеңінен таралуымен бірге білім беру ұйымдарының алдында академиялық адалдық пен этикалық нормаларға қатысты мәселелер де туындап отыр.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) 2024 жылы Қазақстанды қоса алғанда 33 ел арасында жүргізген «Білім беру саясатының болашағы» сауалнамасының деректеріне сәйкес бүкіл әлем бойынша білім беру жүйелері бірқатар сыртқы мегатрендтердің ықпалымен елеулі өзгерістерге ұшырап жатыр, атап айтқанда: (1) демографиялық өзгерістер, (2) цифрландыру, (3) теңдік, инклюзия және мәдени алуантүрлілік мәселелері, (4) экологиялық тұрақтылық, (5) жаһандық денсаулық сақтау, (6) демократиялық және азаматтық қатысудың өзгермелі формалары, (7) экономикалық қалпына келтіру, (8) халықаралық қақтығыстар және қауіпсіздік мәселелері, сондай-ақ (9) апаттарды басқару және тәуекелдерді азайту (OECD, 2024). Аталған барлық трендтер оқу үдерісінің мазмұны мен ұйымдастырылуына өз әсерін тигізеді. Мысалы, көші-қонның өсуі сыныптағы мәдени алуантүрліліктің артуына ықпал етсе, урбанизация оқу топтарының толымдылығына әсер етеді, ал жаһандану, жаңа технологиялардың дамуы және кәсіби әрі қоғамдық салаларда ортақ жауапкершілік қағидатының таралуы оқытуға жаңа тәсілдерді енгізуді талап етеді. Бұған қоса климаттың өзгеруі және жылдам ғылыми-технологиялық прогресс білім беруден өскелең ұрпақ арасында этикалық және жауапты мінез-құлықты дамыту мәселелеріне ерекше назар аударуды талап етеді.

Қарқынды өзгеріп жатқан әлем жағдайында білім беру жүйелері мен педагогтердің алдында жаңа міндеттер тұр. Жастарды болашаққа дайындау үшін тек білім беру және кәсіби дағдыларды дамыту жеткіліксіз. «Қатты» деп белгіленетін мұндай білім мен дағдылар ғылыми-технологиялық прогресс жағдайында тез ескіреді. Болашағы болжанбайтын заманда басқа адамдармен табысты қарым-қатынас жасау және үйлесімді қоғам құру қабілеті «жұмсақ дағдылар» ұғымымен біріктірілетін әмбебап қасиеттер мен іскерлікті талап етеді. Жұмсақ дағдыларға сыни ойлау, эмоционалды интеллект, қарым-қатынас дағдылары, командалық жұмыс, икемділік, бейімделу, эмпатия, күйзеліске төзімділік және жауапкершілік жатады. Дәл осы дағдылар адамдар арасында өнімді өзара іс-қимылға, сондай-ақ қоршаған әлемге этикалық көзқарасты қалыптастыруға ықпал ететін заманауи білім берудің ажырамас құрамбөліктері ретінде қарастырылады (Martinez, 2022; Schleicher, 2012).

Жоғарыда сипатталған үрдістер және білім беру жүйесінің іші-сыртындағы өзгерістер педагог мамандығына айтарлықтай әсерін тигізеді. Жаһандық трансформация жағдайында білім беру жүйесінің алдында тұрған міндеттерді тиімді орындау үшін қоғамға жаңа буын педагогтері, яғни жас ұрпаққа үлгі бола алатын ұстаздар қажет. Бұл өз кезегінде олардан білімді беруді ғана емес, сонымен қатар оқушыларының бойында қалыптастырғысы келетін білімге, дағдылар мен қасиеттерге жеке өздері ие болуды талап етеді. Мұндай рөл педагогтен үнемі кәсіби және жеке өсуді талап ететіні даусыз. Сондықтан халықаралық зерттеулер дискурсында мұғалім мамандығы білімге негізделген қызмет екендігі атап өтіледі (Ulferts, 2021).

Мұғалімнің тиімді педагогикалық қызметі бірнеше құрамбөліктерден тұрады. Пәндік саланы білу маңызды, бірақ бұл өнімді оқытушылық қызмет үшін жеткіліксіз (Guilfoyle et al., 2024; Jakku-Sihvonen & Niemi, 2007). Оқыту үдерісінің табысты болуы мұғалімнің педагогикалық біліміне байланысты бес бағытты қамтиды: сыныптағы жұмысты басқару туралы білім, оқыту әдістері туралы білім, оқу үдерістері туралы білім, оқу нәтижелерін бағалау туралы білім, сондай-ақ оқушылардың жеке ерекшеліктері туралы білім (Shulman, 1987). Әмбебап табиғаты бар педагогикалық білім оқыту үдерісін рефлексиялау мен жетілдірудің қуатты құралы ретінде қызмет етеді, осылайша оқушылардың жағымды оқу тәжірибесін қалыптастыруға ықпал етеді. Кәсіби білімді үнемі жаңарту – педагогикалық қызметті кәсібилендіру үдерісінің ажырамас элементі. Қазіргі заманғы педагог жаһандық деңгейдегі білімге ие болып, оны өзінің кәсіби міндеттеріне сәйкес жергілікті шындыққа икемдей білуі қажет. Мұндай білім педагогке үздік халықаралық тәжірибеге сүйене отырып, білім беру шешімдерін қабылдау кезінде өз бетінше әрекет етуге мүмкіндік береді. Педагогикалық кәсіби шеберлікті бүкіл еңбек жолында дамыту және сақтау – күрделі үдеріс. Оның барысында педагог тек педагогика ғылымының қалыптасқан теорияларын және білім беру саласындағы негізгі қағидаларды меңгеріп қана қоймай, оқыту мен білім берудегі жаңашылдықтарды үнемі бақылап отыруы тиіс.

Көптеген жылдар бойы оқытушылық қызмет туралы білім, негізінен, бақылау арқылы берілді. Кәсібін енді бастаған педагогтер оқытудың жеке тәжірибесіне сүйеніп және оқытушыларының тәжірибесін қабылдай отырып, өздерінің оқыту стилін қалыптастырды. Алайда педагогиканың дербес ғылыми және кәсіби сала ретінде дамуымен оқыту туралы білім тек тәжірибеден ғана емес, сонымен қатар ғылыми зерттеулердің нәтижелерінен де алына бастады. Атап айтқанда, Еуропа елдеріндегі

заманауи педагог құзыреттерінің шеңберін әзірлеу кезінде білім берудің барлық деңгейлерінде педагогтерді ғылыми-зерттеу және инновациялық қызметке тартудың маңыздылығы атап өтіледі (ЕС, 2013). Зерттеулер – педагогтің кәсіби дамуының маңызды көзі, олар педагогикалық жағдайларды теориялық тәсілдер мен эмпирикалық деректер тұрғысынан талдауға және сыни бағалауға қабілеттілікті қалыптастыруға ықпал етеді, осылайша педагогтің тиімді шешімдер қабылдауына мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда қазіргі заманғы педагогтен зерттеу мен оқытуды біріктіру күтіледі (BERA, 2014; OECD, 2023; 2025).

Оқыту туралы жаңа білімді құру үдерісіне педагогті тарту қажеттігін көрсететін идеялар кеңінен танылып жатқанын айта кету керек. Мұғалімнің зерттеу қызметіне белсенді қатысуы бірнеше артықшылықтарға ие, атап айтқанда, педагогикалық тәжірибе туралы мәнмәтіндік білімдерді қалыптастыруға және жинақтауға ықпал етеді. Мұндай білімді оқытуды жетілдіру үшін де, білім беру реформаларын қалыптастыру және жүзеге асыру үшін де қолдануға болады.

Сонымен, сапалы білім беру туралы қазіргі түсінік білім беру үдерісінің әртүрлі қатысушылары арасындағы тығыз ынтымақтастықты көздейді. Білім сапасы үшін жауапкершілікті тек мектеп мұғаліміне жүктеуге болмайды. Керісінше, жас ұрпақты болашақтың сын-тегеуріндеріне сәтті дайындау мектептердің бір-бірімен ғана емес, сонымен қатар ата-аналар, жоғары оқу орындарының өкілдері, ғылыми қоғамдастық және білім беру саясаты сияқты сыртқы мүдделес тараптармен ынтымақтастығын талап етеді. Осыған байланысты мектептегі педагог білім беру реформаларын талқылау мен әзірлеуде университеттермен, ғылыми институттармен бірлесіп зерттеу жобаларына қатысу арқылы да тиімді өзара әрекеттесу қабілетіне ие болуы қажет.

Осылайша қарқынды жаһандық өзгерістер жағдайында педагог мамандығы кәсіби талаптар деңгейінде де, білім беру саясаты тұрғысынан да қайта қарауды талап етеді. Қазіргі заманғы мұғалім пәндік және педагогикалық білімді жеткізуші ғана емес, сонымен бірге ынтымақтастық пен тұрақты өзін-өзі дамытуға қабілетті зерттеушілік және инновациялық қызметтің белсенді қатысушысы болуы керек. Педагогикалық қызметтің сапасын арттыру болашақ ұрпақты күрделі, қарқынды өзгертін әлемде өмір сүруге дайындаудың негізгі факторына айналып келеді. Өз кезегінде бұл педагогтерге жүйелі қолдау көрсету және олардың қоғамның тұрақты дамуындағы орталық ролін мойындау қажеттілігін білдіреді.

**Пайдаланылған дереккөздер тізімі**

- BERA. (2014). *The role of research in teacher education: Interim report of BERA-RSA inquiry*. <https://www.thersa.org/globalassets/pdfs/reports/bera-rsa-interim-report.pdf>.
- Cochran-Smith, M. (2003). Learning and unlearning: the education of teacher educators. *Teaching and Teacher Education*, 19(1), 5–28. [https://doi.org/10.1016/s0742-051x\(02\)00091-4](https://doi.org/10.1016/s0742-051x(02)00091-4).
- Darling-Hammond, L., & Bransford, J. (Eds.). (2005). *Preparing teachers for a changing world: What teachers should learn and be able to do*. San Francisco, CA: John Wiley & Sons.
- European Commission. (2013). *Supporting teacher competence development for better learning outcomes*. Education and Training. <https://school-education.ec.europa.eu/system/files/2024-04/Supporting-teacher-competence-development-for-better-learning-outcomes.pdf>.
- Guilfoyle, L., McCormack, O., & Erduran, S. (2024). The role of research experiences in developing pre-service teachers' epistemic beliefs. *Teaching and Teacher Education*, 144, 104599. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2024.104599>.
- Jakku-Sihvonen, R., & Niemi, H. (2007). Research-based teacher education. In R. Jakku-Sihvonen & H. Niemi (Eds.), *Education as a societal contributor: Reflections by Finnish educationalists* (pp. 31–50). Frankfurt am Main: Peter Lang.
- Madden, B. (2015). Pedagogical pathways for Indigenous education with/in teacher education. *Teaching and Teacher Education*, 51, 1–15. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2015.05.005>.
- Malinen, O. P., Väisänen, P., & Savolainen, H. (2012). Teacher education in Finland: A review of a national effort for preparing teachers for the future. *The Curriculum Journal*, 23(4), 567–584. <https://doi.org/10.1080/09585176.2012.731011>.
- Martinez, C. (2022). Developing 21st century teaching skills: A case study of teaching and learning through project-based curriculum, *Cogent Education*, 9(1), 2024936, <https://doi.org/10.1080/2331186X.2021.2024936>.
- OECD. (2023). *Teaching for the future: Global engagement, sustainability and digital skills*, International Summit on the Teaching Profession. OECD Publishing. <https://doi.org/10.1787/d6b3d234-en>.
- OECD. (2024). *Education policy outlook 2024: Reshaping teaching into a thriving profession from ABCs to AI*. OECD Publishing. <https://doi.org/10.1787/dd5140e4-en>.
- OECD. (2025). *Everybody cares about using education research sometimes: Perspectives of knowledge intermediaries*, Educational Research and Innovation. OECD Publishing. <https://doi.org/10.1787/5ef88972-en>.

- Reid, A., & O'Donoghue, M. (2004). Revisiting enquiry-based teacher education in neo-liberal times. *Teaching and Teacher Education*, 20(6), 559–570. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2004.06.002>.
- Schleicher, A. (2012), *Preparing teachers and developing school leaders for the 21st century: Lessons from around the World*, International Summit on the Teaching Profession. OECD Publishing. <https://doi.org/10.1787/9789264174559-en>.
- Shulman, L. S. (1987). Knowledge and teaching: Foundations of the new reform. *Harvard Educational Review*, 57, 1–23.
- Toom, A., & Husu, J. (2024). Research-based teacher education curriculum supporting student teacher learning. In G. Doetjes, V., Domović, M. Mikkilä-Erdmann, & K. Zaki (Eds.), *Coherence in European teacher education: Theoretical models, empirical studies, instructional approaches* (pp. 173–188). Springer.
- Ulferts, H. (ed.) (2021). *Teaching as a knowledge profession: Studying pedagogical knowledge across education systems*, Educational Research and Innovation. OECD Publishing. <https://doi.org/10.1787/e823ef6e-en>.

## ТАРАУ 2

### **ЗЕРТТЕУГЕ БАҒДАРЛАНҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ: ШЕТЕЛДІК ТӘЖІРИБЕ**

Қазіргі әлемде елдің дамуы адами капиталдың дамуымен тығыз байланысты, ал оның қалыптасуында білім беру маңызды рөл атқарады. Бұл ретте білім беру қоғамның тұрақты дамуының маңызды факторларының бірі ретінде танылды (United Nations, n.d.). Осыған байланысты көптеген елдердің үкіметтері балабақшаларда, мектептерде, колледждерде және жоғары оқу орындарында білім беру қызметінің сапасын қамтамасыз етуге бағытталған тиісті саясаттар мен реформаларды іске асыра отырып, білім беру жүйесін жетілдіруге көбірек көңіл бөліп жатыр. Мұндай өзгерістердің негізгі бағыттарының бірі – мұғалімдерді даярлау жүйесін жетілдіру. Мысалы, 1997 жылы Сингапур премьер-министрі ХХІ ғасырдың дағдыларына сүйене отырып, болашақтың сын-тегеуріндерімен күресуге қабілетті азаматтардың ұрпағын қалыптастыруға бағытталған «Ойлайтын мектептер, білім алатын ұлт» стратегиясын ұсынды. Бұл стратегия елдегі ауқымды білім беру реформаларына, соның ішінде мұғалімдерді даярлау жүйесінің реформасына бастау берді. Бүгінгі таңда Сингапурдағы мектеп білімі әлемдегі ең үздіктердің бірі болып саналады әрі мұғалім мамандығы бұл елде жоғары мәртебеге ие.

Көптеген зерттеулер педагогикалық білім берудің сапасы мұғалімдердің кәсіби деңгейін анықтайтынын көрсетеді (Darling-Hammond, 2006; Grossman et al., 2009). Бүгінде көптеген елдер мұғалімдерді даярлауды PISA (Оқушылардың жетістіктерін халықаралық

бағалау бағдарламасы) және TIMSS (Математика және жаратылыстану ғылымдары білімінің сапасын бағалау бойынша халықаралық зерттеу) сияқты халықаралық салыстырмалы зерттеулердегі фин оқушыларының жоғары нәтижелерінің арқасында халықаралық қызығушылық тудырған зерттеуге бағытталған педагогикалық білім беру парадигмасына бағыттап отыр (Kroksfors et al., 2011). Бұл қызығушылықтың өсуі басқа мемлекеттердің Финляндияның сәтті тәжірибесін қайталауға деген ұмтылысымен байланысты, себебі елде жоғары педагогикалық білім беру жүйесі зерттеушілік тәсілге құрылған және ол оқушылардың жоғары білім жетістіктеріне ықпал етеді деп есептеледі.

Осы тарау зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім берудің мәнін, тәсілдері мен білім беру тәжірибелерін талдауға, сондай-ақ оны іске асыру барысында туындайтын қиындықтарды қарастыруға арналған.

### **Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру ұғымы**

Білім беру саласында студенттердің зерттеу әлеуетін дамыту мәселелері жаңа міндет емес. Мұндай әлеуетті дамытудың маңыздылығы ХХ ғасырдың басында айтылған. Мысалы, әйгілі американдық философ және ағартушы Джон Дьюи (1908) «жаңалық ашу арқылы оқыту» тәсілін ұсынып (*ағылш.* Learning through discovery), оқушылар берілген нақты ақпаратты жаттап қана қоймай, жаңа білімді өз бетінше ашуы керектігін жазды. Даму және білім беру психологиясының көрнекті кеңес теоретигі Лев Выготский (1978) «жақын даму аймағы» ұғымын енгізді. Бұл ұғымның идеясы студенттерге ұсынылатын тапсырмалар олардың қазіргі дағдыларынан сәл асып кетсе, олар жақсырақ үйренеді деген түсінікке негізделген. Бұл ретте мұндай оқытудың маңызды элементі – мұғалім тарапынан тиісті қолдау болып табылады.

Ағылшын тіліндегі әдебиеттерде зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру көбінесе *research-based teacher education*, *research-informed teacher education* немесе *inquiry-based teacher education* секілді бірнеше терминдермен белгіленеді. *Research* (зерттеу) және *inquiry* (ізденіс, сұраныс) терминдерінің мағынасы жақын екенін ескеру маңызды, бірақ олардың арасында белгілі бір айырмашылықтар бар.

*Research* – бұл белгілі бір объект, үдеріс немесе құбылыс туралы сенімді білім алу үшін жүзеге асырылатын қатаң жүйеленген және формалданған үдеріс. Ол зерттеу сұрағын немесе болжамын қоюды, қолданыстағы ғылыми әдебиеттерге сүйенуді, деректерді жинау мен талдаудың тиісті әдістемелері мен әдістерін қолдануды қамтиды. Әдетте *research* нәтижелері жариялауға арналған, бұл рецензиялауға ашықтықты

болжайды, сондай-ақ практикалық іс-шараларда қолданылуы мүмкін. Өз кезегінде *inquiry* ұғымы белгілі бір проблеманы немесе идеяны тереңірек түсінуге немесе нақтылауға бағытталған, көбіне білім беру немесе кәсіби мақсаттарды көздейтін, формализмі төмен үдеріс ретінде қарастырылады. Басқаша айтқанда, бұл – ғылыми зерттеулерді ақпарат көзі ретінде және ақпарат жинау үшін зерттеу әдістемесін жиі қолданатын, бірақ ғылыми стандарттарды қатаң сақтауды қажет етпейтін кәсіби қызметке рефлексияның бір түрі (Baan et al., 2019; Cordingley, 2003; Reid, 2004).

Мұғалімдерді даярлау туралы ағылшын тіліндегі ғылыми әдебиеттерде *research-based* және *inquiry-based* терминдері бір-бірінің орнына жиі қолданылады. Алайда зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім берудің мәні *inquiry* ұғымына негізделеді (Giralt-Romeu et al., 2021). Басқаша айтқанда, педагогикалық білім беру бағдарламаларындағы зерттеудің рөлі, негізінен, практик зерттеушілерді (*ағылш.* practitioner-researchers) немесе өз кәсіби қызметін зерттейтін педагогтерді (*ағылш.* inquirers) даярлаумен байланыстырылады (Malinen et al., 2012; Toom et al., 2010). Осылайша халықаралық мәнмәтінде зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім берудің маңыздылығы педагогтердің өз оқыту тәжірибесін зерттеу және сыни талдау қабілеттерін дамыту, сондай-ақ оған қолданыстағы педагогикалық және білім беру теориялары мен зерттеу нәтижелері тұрғысынан рефлексия жасау ретінде түсініледі. Кәсіби қызметке мұндай көзқарас оны жетілдірудің маңызды шарты ретінде қарастырылады.

Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім берудің мәнін түсіндіретін тағы бір ұғым – зерттеу сауаттылығы (*ағылш.* research literacy). Мысалы, Furlong et al. (2014) бұл тұжырымдаманы әртүрлі зерттеу тәсілдері мен әдістерін меңгеру, сыни тұрғыдан ойлау қабілеті, қазіргі ғылыми зерттеулерді түсіну және олардың практикалық маңыздылығын бағалау қабілеті ретінде сипаттайды. Зерттеу сауаттылығы зерттеу сұрақтары, теориялық негіз, зерттеу дизайны және алынған нәтижелер арасындағы өзара байланысты қамтитын кең ауқымды білімнен тұрады (Tatto, 2021). Зерттеу сауаттылығы мұғалімнің кәсіби құзыреттілігінің ажырамас бөлігі ретінде қарастырылады, оның кәсіби өсуіне ықпал етіп, ең жаңашыл білім беру инновациялары мен оқыту әдістемелерінен хабардар болуына мүмкіндік береді. Van Katwijk et al. (2019) атап өткендей, зерттеушілік білім мен дағдылар педагогтердің кәсіби мүмкіндіктерін кеңейтіп, оларға педагогикалық мәселелерді әртүрлі көзқараспен қарастыруға және сыни тұрғыдан бағалауға мүмкіндік береді. Бұған қоса мұндай білім мен дағдылар педагогтерге теория мен практика арасындағы дихотомияны жеңуге, оқу үдерісіне

дәлелдерге негізделген педагогикалық тәсілдерді енгізуге мүмкіндік береді (Martinovic & Dabaja, 2023). Нәтижесінде мұғалім күнделікті қызметте туындайтын әдістемелік және ұйымдастырушылық міндеттерді шешуге дайын болады.

Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру тек педагогика немесе білім беру саласындағы қолданыстағы ғылыми білімді меңгеру және оны нақты кәсіби міндеттерді шешу үшін пайдаланумен ғана шектелмейтінін атап өткен жөн. Керісінше, болашақ мұғалімдердің зерттеушілік дайындығы оларды жаңа білімді өндіруге дайындауы керек деген пікір кең таралып жүр. Осы тұрғыда Tatto (2021) мен Pring (2015) мұғалімдер өз кәсіби қызметі туралы білімді өндіруде маңызды рөл атқаруы тиіс екенін атап көрсетеді. Олар сондай-ақ мұғалім мамандығының заңдылығы мен беделі ғылыми білімді қолдану және өндірумен тікелей байланысты екеніне назар аударады, яғни мұғалімдер өз тәжірибесінде зерттеулерге неғұрлым көбірек сүйеніп, кәсіби қызметі туралы жаңа білімді өздері өндіретін болса, олардың мамандығы қоғамда соғұрлым жоғары мәртебеге және мойындауға ие болады.

Алайда бакалавриат пен магистратура деңгейінде зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру кәсіби зерттеушілер мен жаңа ғылыми кадрларды даярлауды мақсат етпейтінін ескеру қажет. Мұндай рөл докторантура бағдарламаларына беріледі. Керісінше, зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді жақтаушылар болашақ мұғалімдердің зерттеу құзыреттілігін дамыту зерттеушілік ойлау мәдениетін (*ағылш.* inquiry mindset) немесе кәсіби қызметте зерттеу көзқарасын (*ағылш.* research stance) қалыптастыруға ықпал етуі керек деп санайды (Toom et al., 2010). Бұл педагогтер өз жұмысына талдау жасауға және сыни тұрғыдан қарауға қабілетті болуы керек дегенді білдіреді, сонымен қатар оның тиімділігін, нәтижелілігін және сапасын арттыру үшін педагогикалық қызметтегі ең жаңа зерттеу нәтижелері мен озық тәжірибеге сүйенуі керек. Осылайша мұндай көзқарасқа ие бола отырып, педагогтер өз қызметінде ақылға қонымды шешімдер қабылдай және жалпы дәлелдерге негізделген педагогикалық тәжірибені ілгерілете алады (Contreras et al., 2024). Бұл тұрғыда педагогтер тек ғылыми білімді тұтынушылар ретінде ғана емес, сонымен қатар жаңа білімді өндірушілер ретінде де әрекет етеді. Алайда мұндай білім, ең алдымен, өз табиғаты бойынша қолданбалы болып келеді, өйткені олар кәсіби қызметтегі нақты практикалық міндеттерді шешуге бағытталған. Бірақ осыған қарамастан, олар педагогикалық практиканы жетілдіру, білім беру реформаларын тұжырымдау және сәйкесінше оқу мен оқыту сапасын арттыру үшін маңызды.

Зерттеу тәсіліне негізделген фин педагогикалық дайындық жүйесінде мұғалімдер тұрақты өзгеріс жағдайында өз жұмысын жетілдіруге жауапты мамандар ретінде танылады. Оларды нақты мәнмәтінді, оқушылардың қажеттіліктерін және білім беру үдерісінің шарттарын ескере отырып, бақылаулар мен практикалық тәжірибе, сондай-ақ ғылыми зерттеулерге қатысу арқылы қалыптасатын дәлелдемелік база негізінде педагогикалық шешімдер қабылдауға үйретеді (Niemi, 2016).

Терең ғылыми негізделген білім мен зерттеу дағдылары оқушылардың оң оқу тәжірибесін қамтамасыз ету үшін ғана емес, сонымен қатар олардың кәсіби өсуін дамыту үшін де маңызды (Toom & Nusu, 2024). Зерттеушілік құзыреттілігі жоғары мұғалімдер педагогикалық тәжірибе мен білім беру саясатын өз тәжірибесіне, ғылыми зерттеулерге және теориялық тұғырларға сүйене отырып талдай және бағалай алады. Бұл оларға оқушылардың әртүрлі қажеттіліктеріне сәйкес оқыту мазмұны мен әдістерін бейімдеуге және жетілдіруге, білім беру қауымдастығының белсенді қатысушылары болуға, білім беру реформалары мен интервенцияларын қалыптастыруда өз үлестерін қосуға мүмкіндік береді. Мұғалімдерді даярлау жүйесіндегі зерттеу құрамбөлігін дамыту білім беру жүйелерінің тұрақты дамуы мен табыстылығында шешуші рөл атқарады, мұғалімдердің қазіргі заманғы мектептің талаптары мен сынтетеуріндеріне кәсіби дайындығын қамтамасыз етуге ықпал етеді (Anderson, 2015).

Кейбір тілдерде, мысалы, орыс тілінде, білім беру саласындағы саяси және ғылыми дискурста *research* және *inquiry* терминдері әдетте «зерттеу» деп аударылады. Бұл екі ұғымның араласуына және сәйкесінше бакалавриаттың педагогикалық мамандықтарында зерттеулер мен зерттеушілік дайындық рөлінің түсініксіз болуына әкелуі мүмкін. Осыған ұқсас жағдай Норвегияда жүргізілген Munthe and Rogne (2015) зерттеуінде анықталды. *Research* және *inquiry* ұғымдарының арасындағы айырмашылықтарға сүйене отырып, зерттеушілер Норвегиядағы педагогикалық бағдарламалардың оқытушылары студенттердің ғылыми қызметі мен зерттеу дағдылары туралы білімдерін қалыптастырумен қатар академиялық жазылымды дамытуға айтарлықтай мән бергенін атап өтті. Зерттеу авторлары Норвегияда болашақ мұғалімдерді даярлау көбінесе педагогикалық практиканы жақсарту үшін зерттеу дағдыларын дамытуға емес, жарияланымдармен аяқталатын формалды академиялық зерттеулерге бағытталған деген қорытындыға келеді. Авторлардың пікірінше, мұндай бағыт көбінесе ЖОО-лардың тиімділігіне қойылатын талаптардың артуына және жоғары білім беру жүйесінде нарықтық тәсілдің кең таралуына

байланысты, бұл білім беру бағдарламаларын мұғалімдерді зерттеуші-практик ретінде даярлаудан академиялық зерттеушілерді немесе ғылыми кадрларды даярлауға ауыстыруға мәжбүрлейді. Авторлар бұл екі ұғымды ажыратудың маңыздылығын атап өтеді, өйткені бұл болашақ педагогтерді даярлайтын білім беру ұйымдарына да, олардың жұмыс берушілері болып саналатын мектептерге де кәсіби педагогикалық білім беру үдерісінде қандай біліктілік қалыптасатынын жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Жоғарыда айтылғандарды қорытындылай келе, зерттеуге негізделген педагогикалық білім беруге көшу мұғалімдерді өз тәжірибесін сыни тұрғыдан бағалап, жылдам өзгертін әлемге бейімделіп, білімді өндіруге белсенді қатысатын маман ретінде даярлау сапасын арттыруға бағытталған жаһандық ұмтылысты бейленейді. Болашақ педагогтердің зерттеушілік сауаттылығы олардың кәсіби құзыреттілігінің ажырамас бөлігіне айналып, оқу мен оқытуды жетілдіруге ғана емес, мектеп қауымдастығы мен бүкіл білім беру жүйесінің дамуына үлес қосуға мүмкіндік береді. Жаһандану мен жергілікті әртүрлілік жағдайында сыни ойлау, ғылыми деректермен жұмыс істеу дағдысы мен рефлексияға қабілеттілік заманауи мұғалімнің негізгі қасиеттеріне айналып келеді, оларға тек оқушылардың табысы ғана емес, сонымен қатар қоғамның тұрақты дамуы да байланысты.

### **Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді іске асыру тәсілдері**

Бүгінгі таңда зерттеуге негізделген білім медицина (Morrison et al., 2020; Petrella & Jung, 2008), жаратылыстану ғылымдары, инженерия, технология және басқа да салалардағы түрлі білім беру бағдарламаларында белсенді түрде алға жылжып келеді (Afdal, 2017; Afdal & Damşa, 2018; Huet, 2017; Viertel & Burns, 2012). Педагогтерді даярлау саласында зерттеуге бағдарланған парадигманы іске асыруға көп көңіл бөлінеді (Fiskum et al., 2025; Petrella & Jung, 2008; Reid, 2004). Осы орайда зерттеуге бағдарланған білім беру іс жүзінде қалай жүзеге асырылатынын зерделеуге қызығушылық артып келеді. Бірқатар зерттеулер білім беру үдерісіне зерттеулерді тиімді кіріктіруді қамтамасыз ететін тәсілдер, әдістер мен жағдайларды, сондай-ақ осы оқу моделін студенттер мен оқытушылар кәсіби даярлық тұрғысынан қалай қабылдап, қолданатынын талдауға бағытталған (Afdal & Spernes, 2018; Brooks, 2021; Lombard & Kloppers, 2015; Willegems et al., 2017). Бұл тарауда халықаралық мәнмәтінде зерттеуге бағытталған педагогикалық оқытуды ұйымдастырудың қолданыстағы тәсілдері қарастырылады.

Академиялық дербестік шеңберінде жоғары оқу орындары білім беру бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын өздігінше әзірлеу құқығына ие болғандықтан, зерттеушілік дайындық әртүрлі мәнмәтінде әрқалай жүзеге асырылуы мүмкін. Алайда зерттелген әдебиеттерге сүйене отырып, зерттеуге бағдарланған оқытуда қолданылатын бірнеше негізгі қағидаттарды бөліп көрсетуге болады.

Зерттеулер көрсеткендей, зерттеуге бағдарланған оқытуды тиімді ұйымдастырудың негізгі шарттарының бірі – осындай білім берудің мақсаттарын нақты түсіну. Бұл ретте мақсат болашақ педагогті даярлау кезеңінің бүкіл барысында түрлі білім беру тәжірибелерінде көрініс табатын «өтпелі тақырып» немесе оқу бағдарламасының «ұйымдастырушы логикасы» ретінде қарастырылуы тиіс (Krokkfors et al., 2011; Reid & O'Donoghue, 2004; Toom & Husu, 2024). Бұған қоса мұндай білім беру тәжірибелері өзара байланысқан, логикалық тұрғыда жүйеленген болуы және қолданбалы зерттеулер жүргізуде зерттеушілік ұстаным мен дербестікті дамытуға кешенді түрде ықпал етуі тиіс. Метафоралық тұрғыдан осы мақсатты бүкіл команданың күшімен қол жеткізуге болатын шамшырақпен салыстыруға болады. Басқаша айтқанда, зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді жүзеге асыратын әрбір маман ортақ мақсатты пайымдап, сол мақсатқа қол жеткізуге өз үлесін қосуы тиіс. Тиісінше ЖОО әкімшілігі мен оқытушылары әрбір пәні болашақ мұғалімнің зерттеу әлеуетіне ықпал ететіндей білім беру бағдарламасын әзірлеуі қажет.

Зерттеушілік дайындыққа біртұтас көзқарасты қамтамасыз ету үшін Fung (2017) зерттеуді оқу бағдарламасына біріктірудің бірнеше мысалын келтіреді. Біріншіден, студенттерге оқу барысында ғылыми-зерттеу жұмыстарымен айналысуға мүмкіндік беретін өзара байланысты міндетті және (немесе) факультативтік пәндер жиынтығын әзірлеу қажет. Екіншіден, білім беру бағдарламасының соңындағы қорытынды аттестаттау студенттер әртүрлі пәндерден алған білімдерін көрсете алатын дипломдық жұмыс (диссертация) түрінде ұсынылуы мүмкін. Үшіншіден, Fung (2017) студенттердің ең үздік еңбектерін қамтитын және, әдетте, бүкіл оқу кезеңінде қалыптасатын демонстрациялық портфолио құру тәжірибесін енгізуді ұсынады. Портфолио студенттерге мұғалім мамандығы туралы, сондай-ақ кәсіби дағдыларды, соның ішінде зерттеу дағдыларын дамыту үдерісі туралы түсініктерін зерделеуге мүмкіндік береді. Дегенмен зерттеулерді оқу бағдарламасына біріктіруге бағытталған тұтас әрі бірізді тәсілдің белгілі бір қаупі бар екенін есте ұстаған жөн, атап айтқанда, егер студенттер алдыңғы пәндерде қажетті құзыреттерді толық меңгермесе, келесі курстарда қиындықтарға тап

болуы мүмкін (Hughes, 2019). Сондықтан мұндай тәсілді сәтті жүзеге асыру әр пән бойынша нақты бағалау өлшемшарттарын және тиісті академиялық қолдауды қажет етеді.

Сонымен қатар тиімді зерттеуге бағдарланған оқыту өзекті ғылыми зерттеулерді бағдарламаға енгізуге негізделген (Munthe, 2019). Мысалы, 1979 жылы педагогикалық кадрларды даярлау саласындағы саясат зерттеу парадигмасына бет бұрған Финляндияда педагогикалық университеттердегі барлық оқыту үдерісі ғылыми білімге негізделген (Tryggvason, 2009). Бұл, біріншіден, бірінші курстан бастап барлық пәндердегі оқыту білім беру саласындағы және пәндік салалардағы ең жаңа зерттеулерге негізделген дегенді білдіреді. Ғылыми әдебиеттерді оқу, оны сыни тұрғыдан талдау мен талқылау және оның негізінде талдамалық эссе жазу – педагогтерді даярлаудың маңызды аспектілері болып табылады (Munthe & Rogne, 2015; Ulvik & Riese, 2015). Екіншіден, оқытушылар өз пәндеріне жеке зерттеулері мен олардың нәтижелерін біріктіреді (Aspfors & Eklund, 2017; Toom et al., 2010) және сол арқылы студенттері үшін үлгі болады. Бұл тәсіл жоғары курстарда тиімдірек екендігі анықталды (Neumann, 1994).

Дегенмен білім беру бағдарламасының немесе жекелеген пәннің мазмұны оқытушылардың жеке зерттеу қызығушылықтары мен тәжірибесіне шамадан тыс негізделмеуі тиіс, себебі бұл зерттеушілік дайындықтағы әдіснамалық біржақтылыққа әкеліп, бағдарламаның мақсаттарына зиян келтіруі мүмкін (Neumann, 1994). Басқаша айтқанда, студенттер зерттеу әдістерін тек өз оқытушыларының үлгісінде оқып, ғылыми парадигмалардың, тәсілдер мен әдістердің кең ауқымымен танысуға мүмкіндігі болмаса, олар зерттеу әдіснамасы туралы шектеулі түсінікке ие болады. Мұндай дайындық студенттердің зерттеу әлеуетін қалыптастыруға кері әсер етуі мүмкін, яғни олардың жаңа зерттеу құралдарын меңгеру қабілетін төмендетіп, зерттеу проблемасын көп қырлы қарастыруын шектеп, өзіндік ғылыми ізденіс жүргізу және түпнұсқа зерттеу жобаларын әзірлеу мүмкіндігін азайтады.

Көптеген зерттеулер студенттердің зерттеу қабілеттерін дамытуда студентке бағытталған тәсілдің маңыздылығын ерекше атап көрсетеді (Brew, 2013; Healey & Jenkins, 2009). Бұл тәсіл студенттердің оқу үдерісіне белсенді қатысуын көздейді, яғни олар тек оқытушылар ұсынған білімді меңгеріп қана қоймай, өздері сұрақтарға жауап іздеп, зерттеулер жүргізеді. Оқытудың студентке бағытталған тәсілі студенттерде зерттеу қызметі туралы саналы түсінік қалыптастыруға, сондай-ақ олардың зерттеу автономиясы мен бірегейлігін дамытуға ықпал етеді (Hosein & Rao, 2016). Мысалы, Финляндиядағы зерттеуге бағдарланған

педагогикалық бағдарламалардың бір ерекшелігі – студенттерге ғылыми білім мен зерттеу әдіснамасы негізінде педагогикалық проблемаларды талдап, шешуді үйрету (Toom et al., 2010). Сабақтар проблемалық және жобалық оқыту элементтеріне негізделеді, онда студенттерге қандай да бір педагогикалық міндетті шешу және өз шешімін ғылыми негіздеу ұсынылады.

Зерттеуге бағдарланған педагогикалық оқытуды жоспарлаудың маңызды аспектісі – теория мен тәжірибені біріктіру. Педагогикалық білім беру тұрғысынан мұндай біріктіру ғылым мен педагогикалық қызметтің байланысын білдіреді. Басқаша айтқанда, зерттеушілік дайындық болашақ педагогтерде мектептегі зерттеулер мен кәсіптік практика арасындағы тығыз байланыс туралы нақты түсінік қалыптастыруы тиіс. Ол үшін ғылымның философиялық негіздерін оқытып, техникалық ғылыми-әдістемелік дағдыларды дамытып қана қоймай, олардың педагогикалық мамандық тұрғысынан маңыздылығын көрсету қажет. Бұған зерттеулер мен олардың нәтижелері педагогикалық проблемаларды талдау және білім беру сапасын жақсарту үшін қалай қолданылатынын көрсету арқылы қол жеткізіледі. Мұндай біріктіру, әдетте, жоғары оқу орындары мен мектептер арасындағы серіктестіктің арқасында жүзеге асырылады.

Жоғары оқу орындарының мектептермен серіктестігі әртүрлі болуы мүмкін. Көбінесе бұл мектептердегі оқу-зерттеу практикасымен байланысты, оның аясында болашақ педагогтер мектептің шынайы жағдайымен танысады және оқытудың практикалық тәжірибесін меңгереді. Жоғары оқу орындары мен мектептер арасындағы серіктестіктің бұл түрі келесі тарауда толығырақ сипатталған. Мұнда мұғалімдерді даярлауда теория мен практиканы біріктірудің маңызды тәсілдерінің бірі ретінде білім беру зерттеулері саласындағы жоғары оқу орындары мен мектептердің ынтымақтастығы мәселесін атап өту қажет.

Еуропа елдерінде университеттер мен мектептер арасындағы бірлескен зерттеулер саласындағы ынтымақтастық дәлелдерге негізделген білім беру элементі ретінде түсініледі (*ағылш.* Evidence-based education) және білім беру саясатының күн тәртібінің бөлігі болып саналады (Jarl et al., 2024a; OECD, 2023). Бірлескен зерттеулер мектеп мұғалімдеріне де, жоғары оқу орындарының оқытушыларына да пайдалы. Мұғалімдер университеттердің ғылыми ресурстарына қол жеткізе алады, өз зерттеу дағдыларын дамытады және, ең бастысы, алынған ғылыми деректер негізінде өздерінің педагогикалық тәжірибелерін жетілдіруге мүмкіндік алады (Jarl et al., 2024b). Өз кезегінде университет педагогтері тек теориялық тәсілдерді сынақтан өткізіп, ғылыми нәтижелерін рецензияланатын журналдарда жариялау мүмкіндігіне ие болып қана

қоймай, сонымен қатар жоғары мектептегі педагогика саласында да ұтымды жетістіктерге жетеді. Басқаша айтқанда, олар мектептегі практикадан алынған нақты білім беру мәселелері мен проблемаларының мысалдарын оқыту үдерісіне енгізу арқылы өз пәндерінің мазмұнын барынша қолданбалы әрі өзекті ету мүмкіндігіне ие болады. Өз кезегінде бұл университеттегі білім берудің практикалық құндылығын арттыруға және сәйкесінше болашақ мұғалімдерді зерттеулерді зерделеуге ынталандырады. Осылайша, жоғары оқу орындары мен мектептердің бірлескен зерттеулері педагогикалық білім берудегі теория мен практика арасындағы тығыз байланысты қалыптастырудың маңызды тәсілдерінің бірі болып табылады. Білім беру бағдарламалары аясындағы теория мен практиканың тиімді интеграциясы болашақ педагогтерге өздерінің болашақ мамандығындағы зерттеулердің маңыздылығын түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді.

Зерттеуге бағдарланған оқытуды ұйымдастырудың жоғарыда сипатталған қағидаттары зерттеулерді білімге кіріктірудің қолданыстағы халықаралық тәсілдерін теориялайтын тұжырымдамалық модельдерде көрсетілген. Бұл тарауда біз осы модельдердің кейбірін қарастырамыз.

Кеңінен танымал әрі жиі дәйектелетін талдамалық негіз – Healey and Jenkins (2009) ұсынған «Бакалавриаттағы зерттеу мен ғылыми ізденістің табиғаты» атты тұжырымдама (*ағылш.* The Nature of Undergraduate Research and Inquiry). Бұл бағдарлама бакалавриат деңгейіндегі студенттерге зерттеу жүргізу мүмкіндігін алғашқылардың бірі болып ұсынған американдық университеттердің тәжірибесін зерттеу негізінде әзірленген. Оқу орындарының тәжірибесіне сүйене отырып, аталған тұжырымның авторлары зерттеуді студенттердің білім алу үдерісіне кіріктіру көбінесе зерттеуге бағдарланған академиялық бағдарламалар арқылы мүмкін болатынын алға тартады. Мұндай бағдарламаларды әзірлеу кезінде екі негізгі аспект ескерілуі тиіс: студенттердің зерттеуге тартылу деңгейі және зерттеушілік дайындықтың мазмұндық бағыты (1-суретті қараңыз).

1-суретте бұл аспектілер екі – тік және көлденең осьпен ұсынылған. Тік ось студенттердің енжар тыңдаушылардан зерттеудің белсенді қатысушыларына ауысуын көрсетеді. Көлденең ось білім беру мазмұнының екпіні зерттеу нәтижелерін зерттеуден оларды жүзеге асыру барысына қалай ауысатынын көрсетеді. Осы аспектілердің аражігін ажырату академиялық бағдарламалар шеңберінде студенттердің зерттеулер мен ғылыми ізденістерге қатысуының төрт түріне әкеледі:


**Зерттеу нәтижелеріне негізделген оқыту** (*ағылш.* research-led), оқу үдерісін бұрыннан бар ғылыми зерттеулердің мазмұны мен

нәтижелері төңірегінде құруды көздейді. Бұл зерттеулер туралы ақпарат оқытушыдан студенттерге беріледі және олардың сыни талдауларын қамтымайды.

**Зерттеу жүргізуге бағдарланған оқыту** (*ағылш.* research-oriented), зерттеу үдерісін, әдістемесін және әдістерін зерделеуді білдіреді. Мұндай оқыту студенттерде зерттеудің қалай жүргізілетінін, оны жүзеге асырудың қандай тәсілдері мен әдістері бар екенін түсінуге бағытталған.

**Зерттеулерді талқылауға негізделген оқыту** (*ағылш.* research-tutored), студенттердің ғылыми идеялар мен әдіснамалық тәсілдерді талқылауға белсенді қатысуын көздейді. Әдетте, мұндай талқылау зерттеулерді, олардың әдістемелік аппараттарын, теориялық тәсілдер мен нәтижелерді сыни талдауды қамтиды.

**Зерттеу практикасына негізделген оқыту** (*ағылш.* research-based), студенттердің зерттеу қызметіне тікелей қатысуына негізделген. Басқаша айтқанда, студенттер оқытушылардың қолданыстағы зерттеулеріне қатысады немесе өз зерттеулерін жүргізеді. Зерттеуге тікелей қатысу студенттердің зерттеу сұрақтарын қоя білуіне, зерттеу дизайнын әзірлеуіне, деректерді жинап, талдауына, сондай-ақ зерттеу есебін дайындауға үйренуін көздейді.




1-сурет – Бакалавриат бағдарламаларындағы зерттеулер мен ғылыми ізденістердің табиғаты (Healey & Jenkins, 2009, p. 7)

Авторлар атап өткендей, талдамалық негізде көрсетілген зерттеулерге қатысудың барлық түрлері зерттеу әлеуетін дамыту үшін маңызды, сондықтан олар зерттеуге бағдарланған академиялық бағдарламаларда қамтылуы тиіс. Алайда зерттеулерді талқылауға және жүргізуге белсенді қатысу зерттеушілік көзқарас пен зерттеуді дербес жоспарлау және жүзеге асыру дағдыларының қалыптасуына ерекше ықпал ететінін ұмытпаған жөн (van Katwijk et al., 2019). Осыған байланысты жоғары оқу орындары тек көлденең осьтен төмен орналасқан білім беру қызметімен шектелмеуі тиіс.

«Ізденіске негізделген оқыту» (*ағылш.* inquiry based learning) деп аталатын білім беру үдерісіндегі оқу мен зерттеу қызметінің өзара байланысына балама тұжырымдамалық модельді Levy and Petruslis (2011) ұсынды. Бұл модельде студенттердің зерттеуге қатысу деңгейі екі аспектіге байланысты өзгереді: (1) зерттеуді жүргізудегі тәуелсіздік деңгейі және (2) зерттелетін мәселенің жабық немесе ашық болу дәрежесі, яғни студент бұрыннан жауабы бар сұрақты зерттей ме әлде жауабы әлі табылмаған сұраққа назар аударып, жаңа білімнің құрылуына ықпал ете ме (2-суретті қараңыз).

Модельге сәйкес, зерттеуді студент өз бетінше немесе оқытушының/ зерттеуге тапсырыс берушінің жетекшілігімен жүзеге асыра алады, ал зерттелетін зерттеу мәселесі жабық та, ашық та болуы мүмкін. Зерттеуге тапсырыс беруші студент тағылымдамадан өтетін ұйым бола алады. Педагогикалық білім беру тұрғысынан тапсырыс беруші мектеп немесе ата-ана бола алады. Healey and Jenkins (2009) тұжырымдамалық негіздемесімен салыстырғанда бұл модель зерттеу дағдыларын дамыту үшін қандай әдістер қолданыла алатыны туралы шектеулі түсінік береді.



2-сурет – Зерттеуге негізделген оқыту (Levy & Petruslis, 2011)

1-кесте – Зерттеу дағдыларын дамыту моделінің осьтері (Willison & O’Regan, 2007)

| Зерттеу дағдыларының санаттары   | Зерттеу дербестігінің деңгейлері       |   |                      |                                       |                     |
|--|--|---|----------------------|---------------------------------------|---------------------|
|  | I                                      | II  | III                  | IV                                    | V                   |
|  | Құрылымдық жетекшілікпен жабық зерттеу | Белгілі бір жетекшілік деңгейіндегі жабық зерттеу | Дербес жабық зерттеу | Құрылымдық жетекшілікпен ашық зерттеу | Дербес ашық зерттеу |
| 1. жаңа білімге деген қажеттілікті анықтау мүмкіндігі  |  |   |                      |                                       |                     |
| 2. тиісті әдіснаманы қолдана отырып, ақпаратты іздеу және деректерді жинау ептілігі              |  |   |                      |                                       |                     |
| 3. жиналған ақпаратты/деректерді де, оларды жинау үдерісін де сыни тұрғыдан талдай білу қабілеті |  |   |                      |                                       |                     |
| 4. жиналған ақпаратты/деректерді ұйымдастыра білу ептілігі                                       |  |   |                      |                                       |                     |
| 5. жиналған ақпаратты/деректерді талдау және жинақтау қабілеті                                   |  |   |                      |                                       |                     |
| 6. алынған білімді ұсыну, оның ішінде оны алу үдерісінің өзін көрсету дағдысы                    |  |   |                      |                                       |                     |


Тағы бір танымал талдамалық тұжырым – «Зерттеу дағдыларын дамыту моделі» (*ағылш.* The Research Skill Development Framework), оны Австралиядағы Аделаида университетінен Willison and O'Regan (2007) әзірлеген. Бұл модель зерттеу дағдыларының бірізді және кезең-кезеңімен дамуын сипаттайды және оны әртүрлі пәндер мен мәнмәтіндерде қолдануға болады. Модель зерттеу дағдыларын дамытуды жоспарлау және бағалау үшін күшті құрал ретінде танылады, сондықтан ол оқытушыларға, академиялық бағдарламаларды әзірлеушілерге және студенттерге пайдалы болуы мүмкін.

Бірнеше рет толықтырылған (Willison, 2018) бұл модель – екі осьтен тұратын матрица, олардың бойында зерттеу дағдыларының санаттары мен зерттеу автономиясының деңгейлері ажыратылады. Модель авторлары зерттеу үдерісінің кезеңдеріне сәйкес келетін зерттеу дағдыларының алты санатын анықтайды (1-кестені қараңыз). Жоғары білім беру жүйесіндегі зерттеу автономиясын дамыту бес деңгейден тұрады, олар толықтай оқытушының жетекшілігімен «жабық» сұрақтарды (яғни жауабы бар сұрақтарды) зерттеуден бастап, жаңа, бұрын белгісіз шешімдерді іздеуді болжайтын «ашық» сұрақтарды дербес зерттеумен аяқталады.

Зерттеу дағдыларын дамыту, атап айтқанда, бакалавриат деңгейінде, 1 және 2-деңгейлерге сәйкес келетін оқытушының жетекшілігімен басталады. Студент білім беру деңгейлері бойынша алға жылжыған сайын зерттеу жүргізуге және зерттеу сұрақтарын таңдауға көбірек еркіндік беретін тәсілдер енгізіледі. Зерттеу жүргізуде дербестіктің соңғы деңгейіне жету, әдетте, докторантура бағдарламаларына тән.

Brew (2013) ұсынған «Зерттеуге негізделген оқытуда шешім қабылдау доңғалағы» атты тұжырымдамалық модель ерекше назар аударуға лайық (*ағылш.* The Research-Based Learning Decision-Making Wheel). Бұл модельдің авторы бұрынғы талдамалық негіздемелерден айырмашылық ретінде ұсынылған модель барынша кешенді әрі тұтас екенін айтады, себебі ол зерттеушілік дайындықтың әртүрлі элементтерінің көпқырлылығын және өзара байланыстылығын ерекше атап көрсетеді. Модель зерттеу дербестігі ұғымы және зерттеуді жоспарлау мен бағалау кезінде қабылданатын ықтимал шешімдерге негізделген оқытуды ұйымдастырудан басқа оқушыға бағытталған оқыту тәсіліне және оқытушының педагогикалық шешімдері мен білім беру ұйымына әсер ететін әртүрлі тұжырымдық факторларға ерекше назар аударады. Мұндай факторларға зерттеушілік дайындықты оқытудың мақсаттары мен нәтижелері, оқу бағдарламасының жағдайлары (мысалы, топтағы студенттер саны, курсқа бөлінетін сағат саны және т.б.), кафедра, университет, пән және ұлттық мәнмәтін деңгейіндегі зерттеу мәдениетінің

ерекшеліктері, сондай-ақ жеке деңгейдегі зерттеу әлеуеті жатады (3-суретті қараңыз).



3-сурет – Зерттеуге негізделген оқытудағы шешім қабылдау доңғалағы (Brew, 2013, p. 613)

Осы тарауда қарастырылған тұжырымдамалық негіздер халықаралық мәнмәтінде қолданылатын зерттеуге бағдарланған оқытудың негізгі тәсілдерін көрсетеді және оны белсенді әрі тәуелсіз таным дағдыларын дамытуға бағытталған білім беру қызметі ретінде тұтас түсінік қалыптастыруға ықпал етеді. Ұсынылған модельдер студенттердің зерттеу қызметіне қатысу нысанының бар білімді енжар қабылдаудан бастап оны белсенді түрде өндіруге дейін өзгеруі мүмкін екенін көрсетеді. Сонымен қатар Brew моделі (2013) мәнмәтіннің зерттеушілік дайындықты ұйымдастыруға, демек, зерттеу дағдыларын қалыптастыруға әсерін көрсетеді.

Сонымен жоғарыда сипатталған тәсілдер бір-бірін жоққа шығармайды, керісінше, толықтырады. Оларға сәйкес оқытушылар студенттерді тек зерттеу нәтижелерімен таныстырып қана қоймай,

сонымен қатар зерттеу үдерісі, әдістері мен тәсілдерін де үйретіп, зерттеуші болудың мәнін көрсетуі тиіс. Студенттерге практикалық зерттеу тәжірибесін алу үшін зерттеуге бағдарланған оқу бағдарламасының жоспарына студенттердің өз бетімен зерттеу жүргізуі міндетті түрде енгізілуі тиіс. Бұл қызметте оқытушы маңызды рөл атқарады. Оның жеке үлгісі мен оқыту стилі оқытуды танымды етіп, студенттердің ғылымға деген қызығушылығын оята алады. Сонымен қатар тиімсіз оқыту немесе бағдарламаның мақсаттары мен студенттердің қажеттіліктеріне зиян келтіре отырып, оқытушының жеке ғылыми қызығушылығына басымдық беру зерттеу қызметіне деген ынта мен қызығушылықтың жоғалуына әкелуі мүмкін.

### **Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру тәжірибесі**

Болашақ педагогтердің зерттеу әлеуетін дамытуға бағытталған және академиялық бағдарламалардың құрылымына кіретін білім беру тәжірибелері туралы айтатын болсақ, халықаралық тәжірибеде кеңінен таралған төрт негізгі түрін атап өтуге болады: ғылыми зерттеулер әдіснамасы бойынша курстар, академиялық жазылым курстары, мектептегі оқу-зерттеу практикасы және қорытынды біліктілік жұмысын жазу.

### ***Ғылыми зерттеулер әдіснамасы бойынша курстар***

Ғылыми зерттеулер әдіснамасы бойынша курстар зерттеу қызметін зерделеудің бастапқы нүктесі ретінде танылады (Gelso, 2006). Олардың маңыздылығы – зерттеу үдерісін түсінуді тереңдетіп, зерттеу дағдыларын қалыптастыруға ықпал етеді (Aguado, 2009; Aspfors & Eklund 2017; Barraket, 2005; Denham, 1997; Martinovic & Dabaja, 2023; Niemi & Nevgi 2014). Бұған қоса зерттеу курстары рефлексия мен сыни ойлау дағдыларын дамытады, сондай-ақ студенттердің келесі білім деңгейлеріне, яғни магистратура мен докторантураға дайындалуына көмектеседі (Lombard & Kloppers, 2015; van Katwijk et al., 2019). Өз кезегінде Fiskum et al. (2025) ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстар зерттеу жүргізуге қажетті құралдарды меңгеруге ғана емес, сондай-ақ зерттеу әдістерін кәсіби даму мен мектептерді дамытуда қолдануға үйрететінін айтады.

Әдетте, ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстар тақырыптық құрылымға ие болып, зерттеу парадигмалары, зерттеу түрлері, деректер жинау құралдары және оларды талдау тәсілдері сияқты тақырыптарды қамтиды (Matos et al., 2023). Ғылыми-әдістемелік курстар аясында

студенттер зерттеу мәселелері мен болжамдарын тұжырымдауға, зерттеу дизайнын әзірлеуге, тиісті әдістерді таңдауға, сыни-әдеби шолу жазуға, библиографиялық тізім құрастыруға, тіпті зерттеу жобасына өтінім жазуға үйренеді (*ағылш.* Research proposals) (Brew & Mantai, 2017; van Katwijk et al., 2019).

Сонымен қатар зерттеулер ғылыми зерттеулер әдіснамасы бойынша курстардың тиімділігі оқытушылар қолданатын педагогикалық тәсілдерге байланысты екенін атап көрсетеді. Hosein and Rao (2016) айтуынша, зерттеу әдістерін оқытудың оңтайлы тәсілі оқытушыға бағытталған және студентке бағытталған әдістердің элементтерін үйлестіреді: біріншісі негізгі білімге қол жеткізуді қамтамасыз етсе, екіншісі сол білімді қолдануға және сыни тұрғыда ұғынуға мүмкіндік береді. Бұл ретте соңғы тәсіл көбінесе практикалық жаттығулар орындау немесе студенттерге өздерінің шағын зерттеулерін жүргізу сияқты шынайы зерттеу тәжірибесін ұсыну арқылы жүзеге асырылады (Brew & Saunders 2020; van der Linden et al., 2015).

Кейбір зерттеушілер қазіргі заманғы зерттеушілік дайындық әдіснамалық плюрализмге негізделуі тиіс екенін атап көрсетеді (Herman, 2009; Murray & Vanassche, 2019), яғни сандық, сапалық және аралас зерттеу әдістерін меңгеруді қамтуы қажет. Әрине, ғылыми-әдістемелік дайындыққа осындай көзқарас студенттердің түрлі ғылыми тәсілдер мен әдістерді меңгеріп қана қоймай, зерттеулерді сын тұрғысынан бағалай білуіне, өз әдіснамалық ұстанымдарын дәлелдеп көрсетуіне, сондай-ақ өз зерттеулерінің сапасын арттыру мақсатында әдістерді ұтымды үйлестіруіне мүмкіндік береді. Алайда академиялық бағдарламалар аясында белгілі бір пәнді оқып-үйренуге бөлінген уақыттың шектеулі болуы жағдайында, кәсіби тәжірибеде қолданылатын әдіснамалық тәсілдер мен әдістерге баса назар аудару қажет. Осылайша Tatto (2021) пікірінше, педагогикалық мамандықтар бойынша бакалавриатта ғылыми әдістерді оқыту теория мен практиканың байланысын қамтамасыз ету мақсатында олардың практикалық қолданылуын зерделеумен қатар жүргізілуі тиіс, ал басты назар бағалау зерттеулеріне аударылуы қажет (*ағылш.* evaluation research). Бағалау зерттеулері эмпирикалық дәлелдерге негізделген білім беру реформаларының, бағдарламалар мен әдістемелердің тиімділігін талдауда маңызды рөл атқарады. Басқаша айтқанда, педагогтер оқу бастамаларының оқу нәтижелеріне ықпалын зерттеу үшін бағалау зерттеулерінің әдістерін меңгеруі тиіс.

Педагогтер арасында кеңінен танымал зерттеу түрлерінің бірі – әрекеттегі зерттеу (*ағылш.* action research). Бұл – практикаға бағдарланған зерттеу әдісі, онда мұғалімдер оны жетілдіру мақсатында өз кәсіби

қызметін зерттеп, оны сыни тұрғыдан қайта ой елегінен өткізеді (Antonsen et al., 2024). Бұл әдіс мұғалімнің өз педагогикалық қызметін жетілдіру мақсатында жеке қолданылуы мүмкін, сондай-ақ бір немесе бірнеше мектеп шеңберінде әріптестерімен бірлесіп жүргізілуі де ықтимал. Сонымен қатар әрекеттегі зерттеуді ЖОО-лар мен ғылыми институттардағы серіктестермен бірлесіп жүзеге асыруға болады (Defianty & Wilson, 2024; Goodman et al., 2025). Әрекеттегі бірлескен зерттеулердің құндылығы (*ағылш.* collaborative action research) сыныптарда немесе мектептерде нәтижелерді сынау арқылы оқытуды жақсартуға әкелетін білім беру тәжірибесін ұжымдық талдаудан тұрады (Goodman et al., 2025).

Әрекеттегі зерттеудің педагог қызметіндегі маңыздылығы бірнеше қырынан көрінеді. Біріншіден, бұл әдіснамалық тәсіл білім беру қызметіндегі нақты проблемаларды шешу үшін қолданылады. Екіншіден, әрекеттегі зерттеу бірнеше кезеңнен тұрады: проблеманы айқындау, оқытудың жаңа тәсілін жоспарлау, осы тәсілді іске асыру, бақылау жүргізу және деректер жинау, рефлексия және нәтижелерді талдау, сондай-ақ кейінгі әрекеттерді түзету. Бұл әдіс табиғатынан циклдік болғандықтан, осы кезеңдер қайталануы мүмкін, бұл білім беру қызметін біртіндеп жақсартуға ықпал етеді. Үшіншіден, осы әдіснамалық тәсілде мұғалім өз тәжірибесін зерттеуші рөліне шығады, бұл оның педагогикалық дамуына, кәсіби дербестігінің артуына және жұмысқа деген ынтасының жоғарылауына ықпал етеді. Төртіншіден, әрекеттегі зерттеу икемділікке ие болып, нақты мектептің, сыныптың және жеке оқушылардың жағдайларына бейімделе алады. Ақырында, зерттеудің бұл түрі бақылау, сұхбат, сауалнама және басқа да құралдар сияқты деректерді жинау мен талдаудың әртүрлі әдістерін біріктіре алады (Defianty & Wilson, 2024; Goodman et al., 2025; Mertler, 2024).

Әрекеттегі зерттеу партисипативті сипатта да болуы мүмкін. (*ағылш.* Participatory Action Research) (Tatto, 2021). Әрекеттегі бірлескен зерттеулерден айырмашылығы, зерттеудің бұл түрі барлық мүдделі тараптардың – мұғалімдердің, әкімшіліктің, оқушылардың, ата-аналардың және тіпті жұртшылықтың қатысуын көздейді, олар тең құқылы зерттеушілер ретінде қабылданады (Heissenberger-Lehofer & Krammer, 2021). Мысалы, мектептегі партисипативті зерттеуді әзірлеу кезінде мұғалімдер мен оқушылар мектептегі проблемаларды бірлесіп анықтап, оларды шешу стратегияларын әзірлей алады. Зерттеудің бұл түрі әділдік пен теңдік қағидаттарына негізделгендіктен (Cumbo & Selwyn, 2021; Pettican et al., 2022), ол жиі инклюзивті білім беруді ілгерілетуде қолданылады.

Осылайша ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстар – студенттердің зерттеу мәдениетін қалыптастыру бойынша негізгі білім беру тәжірибелерінің бірі болып табылады. Олардың маңыздылығы тек парадигмалар, әдістер мен құралдар туралы білім беруде ғана емес, сонымен бірге студенттерде сыни ойлау қабілетін, рефлексия және ғылыми әдістерді кәсіби тәжірибеде іс жүзінде қолдану қабілетін дамытуда жатыр. Мұндай курстардың әдіснамалық плюрализмге және кәсіби тәжірибеге бағдарлануы ерекше маңыздылық береді. Қазіргі білім беру саласындағы сын-тегеуріндер жағдайында зерттеу әдіснамасы бойынша курстар тек академиялық пән ғана емес, кәсіби өсуге, мектептерді дамытуға және білім сапасын арттыруға арналған маңызды құралға айналып келеді.

### *Академиялық жазылым курстары*

Студенттерді зерттеуге тарту академиялық жазылым курстарында да жүзеге асырылады. Әдетте, мұндай курстар студенттердің ғылыми дискурсқа сәйкес өз идеяларын тиімді және сенімді түрде ұсыну дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Академиялық жазылым курстары әртүрлі ғылыми жанрларды, олардың құрылымы мен форматын зерттейді. Сондай-ақ студенттер ғылыми стильдің нормаларын меңгереді, атап айтқанда, дәлелдерді логикалық түрде құрылымдап, оларды фактілермен растай білуді үйренеді, сондай-ақ ғылыми мәтіндердің синтаксисі мен стилистикасы бойынша тілдік сауаттылығын арттырады. Бұл курстарда студенттер академиялық адалдық ұғымымен, дәйексөз келтіру және плагиаттың алдын алу ережелерімен танысады.

Бұған қоса академиялық жазылым курстары сыни ойлауды дамытады. Мысалы, Финляндия мен Норвегияның жоғары оқу орындарында жүргізілген Fiskum et al. (2025) зерттеуі академиялық жазылым дағдыларының тек ғылыми мәтіндер жазуда ғана емес, сонымен қатар ғылыми әдебиетпен жұмыс істеуде, ақпаратты сыни талдауда, зерттеу әдіснамасын түсінуде және өз тұжырымдарын қалыптастыруда да көмектесетінін көрсетті. Алайда бұл оқу нәтижелеріне курс аясында ұсынылатын тиісті тапсырмалар болған кезде қол жеткізілетінін есте ұстаған жөн. Мұндай тапсырмаларға талдамалық эссе жазу, салыстырмалы талдау, әдебиетке шолу жасау, рефлексия күнделігі, сондай-ақ рецензия жазу жатады. Басқаша айтқанда, тапсырмалар студенттердің назарын мәтіндерді сыни талдауға аударуы керек: ұсынылған дәлелдердің күшті және әлсіз жақтарын анықтау, идеялардың

логикасын, мәтін құрылымын, ұсынылған дәлелдер мен тілдің анықтығын талдау.

Академиялық жазылым, әдетте, зерттеушілік дайындықтағы жеке курс болып саналады. Ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстардан айырмашылығы, бұл курс, негізінен, зерттеу үдерісінің қорытынды нәтижесін, атап айтқанда, ғылыми мәтінді, яғни диссертацияны, зерттеу есебін немесе ғылыми мақаланы жазу үшін қажет дағдыларды дамытуға бағытталған. Әрине, мұндай дағдыларды дамыту, әдетте, ғылыми мәтіндерді жазумен және жариялаумен байланысты зерттеушілерді дайындауда өте маңызды. Алайда Munthe және Rogne (2015) зерттеуші-практиктерді, мысалы, өз қызметін зерттеуге қабілетті педагогтерді даярлау мәнмәтінінде бакалавриаттың педагогикалық бағдарламалары аясында академиялық жазылымға шамадан тыс баса назар аудару мұғалімдердің мектептердегі кәсіби қажеттіліктеріне қаншалықты сәйкес келетіні туралы сұрақ туындайтынын айтады. Бұл зерттеушілер атап өткендей, мектеп мұғалімдеріне, ең алдымен, ғылыми зерттеулерді түсіну және оларды сыни тұрғыдан бағалау үшін академиялық оқылым дағдылары қажет. Дәл осы академиялық оқылым дағдылары мұғалімдер ғылыми деректерді тиімді табу, түсіндіру және қолдану қабілетіне ие болатын мектептегі кәсіби қызмет үшін маңызды. Академиялық оқылым дағдылары мұғалімнің кәсіби өзіндік дамуы үшін де маңызды (van Ingen & Ariew, 2015).

Осылайша академиялық жазылым курсының мазмұнын жоспарлау кезінде студенттің қажеттіліктері мен болашақ мамандығының талаптары ескерілуі тиіс. Бұл тәсіл теория мен практиканың байланысын, демек, болашақ мұғалім үшін зерттеушілік дайындығының маңыздылығын қамтамасыз етеді.

### ***Мектептегі оқу-зерттеу практикасы***

Көптеген академиялық бағдарламаларда студенттер өздерінің болашақ мамандығы бойынша практикалық тәжірибе алу үшін тиісті ұйымдарда практикадан немесе тағылымдамадан өтеді. Педагогикалық мамандықтардың студенттері мектепке дейінгі немесе мектептегі білім беру ұйымдарында тағылымдамадан өтеді. Әдебиеттерге сәйкес мектептерде практикадан өту болашақ педагогтердің кәсіби дамуында маңызды рөл атқарады, оларға теориялық білімін нақты білім беру жағдайында қолдануға және оқыту мен білім беру туралы түсініктерін тереңдетуге мүмкіндік береді (Villalobos Iturriaga et al., 2025). Осылайша тағылымдама кезінде студенттер мектептің құрылымымен және оның оқу

ортасымен танысады, сондай-ақ сабақ жоспарын әзірлеу және сыныпта жұмыс істеу тәжірибесін меңгереді (Rinne et al., 2022; Vieira et al., 2021). Сингапурда, Tatto (2015) жазғандай, практика кезінде студенттер мұғалімдердің сабақтарын бақылайды, сабақ жоспарларын құруға көмектеседі, олардың жетекшілігімен сабақтар өткізеді, рефлексивті күнделік жүргізеді, сонымен қатар мектептен тыс жұмыстарға қатысады.

Зерттеуге бағдарланған бағдарламалар аясында мектептердегі тағылымдама зерттеу құрамбөлігін қамтиды. Бұл ретте тағылымдама кезіндегі зерттеу тапсырмалары академиялық бағдарламаға сәйкес қарапайымнан күрделіге дейін қисынды түрде құрылады (Contreras et al., 2024). Мысалы, алғашқы тағылымдама кезінде зерттеу тапсырмаларына бақылау жүргізу және рефлексия жазу сияқты зерттеу әдістерін іс жүзінде қолдану кіруі мүмкін. Академиялық бағдарлама бойынша біртіндеп өтіп, ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстарды аяқтаған сайын студенттер өз зерттеулерін, мысалы, әрекеттегі зерттеулерді жүзеге асыруға кірісе алады.

Финдік педагогтерді даярлау жүйесінде зерттеу құрамбөлігі мектептердегі барлық практикаларға енгізілген. Мектептегі практика студенттердің білім беру үдерістерін талдау, жобалау және бағалау саласындағы кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған. Сонымен қатар студенттер педагогикалық қызмет пен оқу ортасындағы өзара іс-қимылдың әлеуметтік аспектілерін сыни тұрғыдан бағалауды үйренеді. Практика барысында студенттер әртүрлі әлеуметтік топтардан шыққан және әртүрлі психологиялық ерекшеліктері бар оқушылармен жұмыс істейді (Niemi, 2016). Мектептегі оқу үдерісі мен мұғалімдердің қызметі туралы рефлексивтік пікірталастар жүргізумен қатар студенттер өз әріптестерінің сабақ беруін, сондай-ақ өздерінің оқыту тәжірибесін бақылап, талдайды. Соңғы жағдайда, әдетте, жазба жүргізіледі, бұл студентке өз сабағының барысын сырттан қарап, содан кейін оны талдауға мүмкіндік береді. Сабақты талдауға және талқылауға университеттің студенті де, оның курстастары да, тәлімгері де, мектеп мұғалімі де, тіпті мектеп әкімшілігінен өкіл де қатысады. Бұл ретте мұндай талқылаудың ғылыми болуын қамтамасыз ету үшін студенттерден олардың оқытушылық тәжірибесін қолданыстағы теориялық біліммен байланыстыру талап етіледі. Басқаша айтқанда, олар өздерінің педагогикалық шешімдерінің логикасын зерттеу негізінде дәлелдеуі тиіс. Осындай талқылаулардың қорытындысы бойынша және жалпы оқу-зерттеу практикасы бойынша есептерді студенттер портфолиоға жинайды (Niemi, 2016; Toom & Husu, 2024).

Практика барысында студенттер мектеп мұғалімдері жүргізетін зерттеулерге де қатыса алады. Тәжірибелі мұғалімдермен бірге жүргізілген зерттеулер рефлексивті практикаға және педагогикалық қызметті терең практикалық түсінуге ықпал етеді (Mugaloglu & Doganca, 2009; Willegems et al., 2018). Студенттердің зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған бұл тәсіл тиісті қолдау болған жағдайда әлдеқайда тиімдірек болады, өйткені ол зерттеушілік құзыреттерді қалыптастыруға, теория мен тәжірибе арасындағы байланысты орнатуға, сондай-ақ мектеп ұжымындағы жұмысқа бейімделуге ықпал етеді. Студенттер мен мектеп тәлімгерлері арасындағы тиімді серіктестік үшін олардың зерттеу жайлы бірдей түсінігі болуы маңызды. Rajchel et al. (2021) зерттеуіне сәйкес Норвегия мектептеріндегі мұғалімдердің көпшілігі студенттердің зерттеу дағдыларын зерттеу практикасына белсенді қатысу негізінде дамыту тәсілін ұстанады (Healey & Jenkins, 2009). Олар студенттердің мектептегі практика барысында өз зерттеу тапсырмасына эмпирикалық деректер жинауына оң көзқараспен қарайды, өйткені мұндай тәжірибе студенттердің мектептегі білім беру ортасына және ондағы үдерістерге тереңірек бойлауына мүмкіндік береді (Rajchel et al., 2021).

Жүйелі әдеби шолу негізінде Willegems et al. (2017) зерттеу жүргізу аясында мұғалім мен студент арасындағы ынтымақтастықтың үш деңгейін ажыратады. Бірінші деңгей – бірлескен зерттеу (*ағылш.* shared inquiry) – тәлімгер мен студент арасындағы терең өзара іс-қимылмен сипатталады. Мұндай ынтымақтастық аясында тәлімгер мен студент ортақ зерттеу тақырыбымен жұмыс істеп, тең құқықты серіктестер ретінде, яғни бірлескен зерттеушілер ретінде әрекет етеді.

Екінші деңгей – қолдау көрсетілетін зерттеу (*ағылш.* supported inquiry) – иерархиялық қатынастарды болжайды, онда тәлімгер зерттеу жетекшісі ретінде әрекет етеді, ал студент оны жүзеге асыруға жауапкершілік алады. Зерттеу жүргізудегі иерархиялық қарым-қатынастың қауіптілігі зерттеу үдерісін талқылаудың жеткілікті түрде ашық және еркін болмауы мүмкіндігінде. Студент өзін шектеулі сезінуі ықтимал және осылайша зерттеу дербестігін дамытуда шектеулі болуы мүмкін.

Үшінші деңгей – параллельді зерттеу (*ағылш.* parallel inquiry) – тәлімгер мен студент арасындағы минималды өзара іс-қимылды қамтиды. Бұл ретте ынтымақтастық тығыз қарым-қатынассыз, талқылаусыз немесе тәжірибе алмасусыз жүзеге асырылады. Студент зерттеудің белгілі бір бөлігін ғана орындайды.

Осылайша мектептегі оқу-зерттеу практикасы – болашақ педагогтердің зерттеу дағдыларын дамытуға, сондай-ақ педагогикалық

қызмет пен білім беру үдерісіндегі зерттеудің рөлін тереңірек түсінуге арналған маңызды құрал. Мектептердегі практика форматын және мазмұнын жоспарлау академиялық бағдарламалар аясындағы тақырыптардың және дамытылатын білім мен дағдылардың реттілігіне сай болуын ескеру маңызды. Осыған байланысты практика оқу бағдарламасының бөлек бөлігі ретінде емес, керісінше, оның барысында студенттер теориялық материалды бекітіп, болашақ мамандығы мен ондағы зерттеудің рөлі туралы түсініктерін тереңдететін маңызды құрамбөлігі ретінде қарастырылуы тиіс.

### ***Қорытынды біліктілік жұмысы***

Қорытынды біліктілік жұмысы – білім берудің әртүрлі деңгейлеріндегі көптеген академиялық бағдарламаларда маңызды білім беру практикасы. Бакалавриат деңгейінде практиканың бұл түрі әдетте дипломдық жұмыс, сондай-ақ зерттеу жобасы немесе есеп деп аталады (Luck, 1999), ал магистратура мен докторантурада диссертация ретінде белгілі. Қорытынды біліктілік жұмысының мәні екі маңызды аспектіден тұрады. Біріншіден, бүкіл оқу кезеңінде алған білімдері мен дағдыларын, сондай-ақ оларды практикалық проблемаларды шешу үшін қолдану қабілетін көрсету. Екіншіден, қандай да бір проблема бойынша өз бетінше ғылыми жұмыс арқылы қолда бар білімді тереңдету және сол арқылы болашақ мамандық туралы түсінікті кеңейту.

Қорытынды біліктілік жұмысы – бұл Финляндия, Норвегия, Нидерланд және Шотландия сияқты Еуропа елдерінде зерттеуге бағдарланған педагогикалық бағдарламалардың міндетті бөлігі. Финляндияның жоғары оқу орындарында дипломдық жобаны жазу жұмыстары соңғы үш семестрде жүргізіледі. Студенттер педагогикамен байланысты, өздерін қызықтыратын тақырыптар бойынша, мысалы, жаңа оқыту әдістемелері, білім берудің психологиялық аспектілері немесе білім беру бағдарламаларының тиімділігін талдау сияқты бағыттарда жеке зерттеулер жүргізеді (Krokfors et al., 2011; Niemi & Nevgi, 2014). Дипломдық жұмысқа қажетті деректерді студенттер мектептегі практика барысында жинай алады.

Зерттеулерге сәйкес дипломдық жұмыс жазу студенттерден бар білімдерін жүйелеп, тереңдетуді талап етеді, бұл өз мамандығы туралы тұтас көзқарастың қалыптасуына ықпал етеді. Сонымен қатар студенттер талдамалық және сыни ойлау дағдыларын, сондай-ақ дербес зерттеу жүргізу қабілеттерін дамытады. Зерттеу жобасымен жұмыс істеу барысында студенттер педагогикалық тәжірибені зерттеп, эмпирикалық

деректерді жинайды, талдайды және түсіндіреді. Бұған қоса дипломдық жұмыстар аясында студенттер ғылыми теориялар мен деректер негізінде білім беру жүйесін жетілдірудің өз тәсілдері мен стратегияларын қалыптастыруды үйренеді. Осылайша мұндай тәжірибе олардың кәсіби қызметке дайындығын қалыптастыруға ықпал етеді. Ақырында, дипломдық жұмыс жазу болашақ педагогтің кәсіби жеке тұлғасының қалыптасуына оң ықпал етеді. Белгілі бір педагогикалық проблеманы зерттей отырып, студент білім беру жүйесіндегі рөлі мен орнын тереңірек біледі, сонымен қатар педагогикалық қызмет туралы өзіндік түсінікті қалыптастырады (Niemi & Nevgi, 2014; Råde, 2013).

Дипломдық жұмыс теория мен практика арасындағы байланысты анық көрсетуі керек екенін есте ұстаған жөн. Олай болмаған жағдайда студенттер дипломдық зерттеу жүргізуге ынталы болмайды. Әдебиеттерге шолу көрсеткендей, студенттер ғылыми құзыреттілікті дамыту және олардың кәсіби өсуі үшін дипломдық жұмыс жазу тәжірибесін оң қабылдаса да, оның педагогикалық қызметпен нақты байланысының болмауы мектептегі болашақ іс-әрекетке осындай білім беру практикасының өзектілігін қабылдауға теріс әсер етеді (Kowalczyk-Walędziak et al., 2019; van Katwijk et al., 2019). Дипломдық жұмысты педагогикалық білім берудегі теорияға шамадан тыс бағыттау мәселесі ғылыми әдебиеттерде кеңінен талқыланады. Педагогикалық мамандықтың практикалық бағыттылығының маңыздылығын атап көрсететін кейбір ғалымдар қорытынды біліктілік жұмысының әртүрлі формаларын зерттей отырып, портфолио жасау дипломдық жұмыстарға лайықты практикаға бағытталған балама болып саналады (Meeus et al., 2004), ал әрекеттегі зерттеу мамандықтың ғылыми-теориялық та, практикалық та аспектілерін біріктіре алады (Råde, 2013) деп пайымдайды.

Жалпы зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді тиімді жүзеге асыру үшін теория мен практиканың байланысы аса маңызды екенін есте ұстаған жөн және бұл байланыс педагогикалық бағдарламалардың барлық оқу тәжірибелерінде көрініс табуы тиіс. Педагогикалық жоғары оқу орындары педагогикалық бағдарламаларда артық теориялық немесе практикалық бағдарланудың қаупін азайтуға ұмтылуы тиіс, өйткені теорияның басым болуы кәсіби қызметте қажет дағдыларды қалыптастыру үшін педагогикалық білімнің өзектілігінің төмендеуіне әкеледі, ал практикалық бағдарлануға тым көп мән беру студенттердің талдау және сыни ойлау қабілеттерін дамыту мүмкіндіктерін шектейді (Gray, 2012; Råde, 2018).

Педагогикалық білім берудегі дипломдық жұмыстардың рөлі оларды жазуға кететін уақыттың жеткіліксіздігіне байланысты сынға ұшырайды, бұл көбінесе олардың орындалу күрделілігіне теріс әсер етеді. Сонымен қатар дипломдық жұмысты бағалау барысында сәйкессіздік пен ашықтықтың болмауы проблемалары атап өтіледі, бұл олардың теріс қабылдауын тудырады (Meeus et al., 2004).

Осылайша, педагогикалық білім берудегі қорытынды біліктілік жұмысы студенттің академиялық жетістіктерін бағалау әдісі ғана емес, сонымен қатар болашақ педагогтің зерттеу дағдылары мен кәсіби бірегейлігін қалыптастырудың маңызды құралы екенін түсінген жөн. Алайда оның кәсіби қалыптасуына шынымен ықпал етуі үшін теориялық және практикалық құрамбөліктер арасындағы тепе-теңдікті қамтамасыз ету, сондай-ақ оны жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау қажет. Осы шарттар сақталған жағдайда ғана дипломдық жұмыс мектепте табысты кәсіби қызмет үшін қажетті рефлексивті және талдау дағдылары бар педагогикалық кадрларды даярлауда шынымен құнды элемент бола алады.

Ақырында, зерттеу әлеуетін кешенді дамыту оқудан тыс зерттеу мүмкіндіктерін де қамтитынын атап өткен жөн, мысалы, ғылыми конференциялар мен үйірмелерге қатысу, профессорлардың зерттеу жобаларында көмекші ретінде жұмыс істеу, ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша жазғы мектептерге қатысу және ғалымдардың қонақ дәрістеріне қатысу. Зерттеуге бағдарланған бағдарламаларда студенттерді ғылыми зерттеулерді кеңірек мәнмәтінде, ғылыми әдебиетте тәжірибе қауымдастығы (*ағылш.* Community of practice) деп аталатын ортада оқуға қосымша ынталандыру үшін осындай мүмкіндіктер жасалуы қажет (Hill & Naigh, 2011). Біздің жағдайда зерттеу қызметі мен мәдениетін ілгерілету сияқты ортақ мүдделері бар адамдар тобы ретінде түсінілетін мұндай қауымдастық студенттердің зерттеу дағдыларын дамытуда үлкен рөл атқарады, оқу мен өсу үшін бірегей орта ұсынады.

### **Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді іске асырудағы қиындықтар**

Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді жүзеге асыру бірнеше қиындықтар мен кедергілерге тап болады, олар оқытушылар мен студенттердің зерттеу қызметіне тартылуына және зерттеулерді оқу үдерісіне тиімді енгізуге әсер етеді. Осы бөлімде қазіргі заманғы зерттеулерді талдау негізінде педагогикалық білім беруде зерттеуге бағдарланған тәсілді енгізуге кедергі келтіретін үш негізгі проблема

қарастырылады: теория мен практика арасындағы алшақтық, оқытушылардың зерттеу әлеуетінің төмендігі және қаржылық әрі уақыт ресурстарының шектеулігі.

### *Теория мен практика арасындағы алшақтық*

Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді енгізудің негізгі проблемасы – білім беру бағдарламаларының құрылымында теория мен практика арасындағы байланыстың болмауы. Мұнда ғылыми әдебиетте зерттеуге бағытталған педагогикалық білім беруді енгізу бойынша теория мен практиканың байланысы тек ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстарды білім беру бағдарламаларының мазмұнына қосуды емес, ең алдымен, болашақ мұғалімдердің оқу үдерісіне практиканы зерттеуді енгізуді білдіретінін түсіндірген жөн. Студенттерде теорияны практиканы талдаудың негізі ретінде және практиканы теорияны пайымдаудың бастауы ретінде түсінуін қалыптастыру да маңызды. Төменде біз бұл аргументтерді толығырақ талдаймыз.

Көптеген зерттеулер көрсеткендей, оқу бағдарламаларына ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстарды енгізу болашақ мұғалімдерді мектепте жұмысқа кіріскеннен кейін өздерінің педагогикалық практикаларын зерттеуге ынталандыру үшін жеткіліксіз (Perines & Ion, 2021; van Katwijk et al., 2019). Студенттер мұндай курстардың құндылығын сыни ойлауды дамыту, зерттеу дағдыларын қалыптастыру және жалпы ғылым жайлы түсінікті тереңдету тұрғысынан мойындағанымен, олар болашақта өздерін зерттеуші мұғалім ретінде қабылдамайды (van der Linden et al., 2012). Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру мәселелерімен айналысатын зерттеушілер мұның негізгі себебі курстардың академиялық бағытында екенін көрсетеді: олар студенттерге мектептер мен мұғалімдер зерттеу объектілері болып саналатын ғылыми парадигма негізінде зерттеу жүргізуді үйретеді (Antonsen et al., 2024). Нәтижесінде объектілерден сұхбат алу және оларды бақылау әдістерін меңгеруге екпін жасалады, ал педагогтердің өз тәжірибесінің белсенді зерттеушілеріне айналатын *action research* немесе *lesson study* сияқты сындарлы зерттеу тәсілдері елеусіз қалады. Нәтижесінде студенттер зерттеу қызметі мен мұғалімнің күнделікті жұмысы арасындағы байланысты көрмейді, бұл оларда зерттеу дайындығына педагогтің кәсіби қалыптасуының ажырамас бөлігі ретінде күмәнді қарайтын көзқарас қалыптастырады (Puustinen et al., 2018). Олардың көпшілігі үшін зерттеу тек дипломдық жұмысты немесе

магистрлік диссертацияны жазу және қорғау үшін қажет формалды талап ретінде қабылданады (Aspfors & Eklund, 2017; Vyman et al., 2020).

Жоғарыда айтылғандай, теория мен практика арасындағы байланысты орнатудағы негізгі элементтердің бірі – болашақ педагогтерде теорияны практиканы талдаудың негізі ретінде, ал практиканы теорияны пайымдаудың бастауы ретінде түсінуін қалыптастыру. Басқаша айтқанда, болашақ мұғалімдер үшін теория мен практиканың арақатынасын үздіксіз диалогтік үдеріс ретінде қабылдау маңызды. Бұл үдерісте зерттеуші мұғалім өз педагогикалық қызметін түсіну, ұғыну және түрлендіру үшін теориялық тұжырымдамаларға сүйенеді, әрі осы практиканы зерттеу арқылы өзінің дербес білімін қалыптастырады. Бұл тезис зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруге арналған бірқатар зерттеулермен расталады. Мысалы, Afdal and Spernes (2018) зерттеуінде ғылыми зерттеу әдістерін тек теориялық тұрғыдан, яғни ғылыми білімнің не екенін, оны қалай алуға және қолданыстағы теорияларды қалай сыни тұрғыдан пайымдауға болатынын қарастыратын педагогикалық мамандықтардың студенттері мұндай оқытуды абстрактілі және монотонды деп қабылдайтыны көрсетілген. Алайда мектептегі практика барысында өздерінің педагогикалық қызметін талдау үшін зерттеу тәсілдерін әзірлеп, алынған деректерді түсіндіруде теориялық білімді қолдануға тура келген кезде студенттердің мектептегі педагогикалық зерттеулердің маңыздылығын түсінуі де, әрі қарай зерттеу жұмыстарына қатысуға деген ынтасы да айтарлықтай артқан.

Теория мен практика арасындағы байланысты нығайту үшін ғылыми әдебиет университеттер мен мектептер арасындағы серіктестікті дамытуды ұсынады (Pajchel et al., 2021; Willegems et al., 2017). Зерттеулерге сәйкес мұндай серіктестік болашақ мұғалімдер сабақ өткізуді, сабаққа дайындалуды, оқушылардың жетістіктерін бағалауды және тәрбиелік функцияларды орындауды үйренетін кәсіби практиканы ғана емес, сонымен қатар мектеп базасында өз зерттеулерін жүргізуді де қамтиды. Pajchel et al. (2021) студенттер бір уақытта сабақ беріп, зерттеу жүргізген кезде олар теориялық білім мен практикалық іс-әрекет арасындағы байланысты тиімді түрде түсіне бастайтындығын атап көрсетеді. Педагогикалық тұжырымдамаларды, оқыту әдістерін және ғылыми зерттеу әдістемесін қоса алғанда, теория студенттерге мектеп ортасына енуге көмектеседі, кәсіби талаптардың бастапқы түсінігін қалыптастырады, педагогикалық қызметті түсінуге ықпал етеді, сабақ жүргізу кезінде сенімділікті арттырады және зерттеу жұмысына этикалық көзқарасты қолдайды. Өз кезегінде, практика студенттерге теорияның шектеулерін түсінуге, мұғалім мен оқушылар арасындағы қарым-

қатынастың күрделілігін қабылдауға, мектепті көптеген факторлары бар көп буынды орта ретінде қарастыруға, сондай-ақ олардың кәсіби қызметінде рефлексияның маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді. Ең бастысы практика теориялық базаны толықтыратын жаңа білімді қалыптастыруға жәрдемдеседі.

Алайда зерттеу жұмысы мен кәсіби практиканы біріктіру белгілі бір қауіптерді тудырады. Мектеп практикасын ұйымдастыруға жоғары оқу орнының оқытушылары, көбінесе ғылыми жетекші рөлін атқаратын мамандар, сондай-ақ студенттердің тәлімгері болып саналатын мектеп мұғалімдері жауапты болғандықтан, теория мен практиканың қарама-қарсы қойылу қаупі туындайды. Университет оқытушылары академиялық ғылымды сенімді білімнің жалғыз көзі ретінде қарастыра отырып, практикалық тәжірибенің маңыздылығын бағаламауы мүмкін, ал мектеп тәлімгерлері теорияға күмәнмен қарап, оны практикалық тапсырмаларға тікелей қолдану дәрежесі бойынша ғана бағалай алады (Rajchel et al., 2021). Бұл қайшылық студенттердің шамадан тыс жүктемеге тап болуына және көңілдерінің қалуына әкелуі мүмкін.

Willegems et al. (2017) айтқандай, бұл проблеманың ықтимал шешімі – мектеп тәлімгерлерін студенттермен бірлескен зерттеулерге тарту. Мұғалімдер мен болашақ педагогтер өздерінің педагогикалық тәжірибелерін бірлесіп зерттегенде екі тарап та айтарлықтай артықшылықтарға ие болады. Студенттер тәжірибелі әріптестерінің қолдауын сезінеді, бұл зерттеу үдерісін мағыналы әрі тұрақты етеді, ал деректерді түсіндіру бір мезгілде теориялық және практикалық перспективаларға сүйенеді. Өз кезегінде, мектеп мұғалімдері өз қызметін ғылыми тұрғыдан сыни көзқараспен қарауға мүмкіндік алып, педагогикалық зерттеулерге деген таптаурын көзқарасты жеңе бастайды. Ғылыми әдебиет университет оқытушыларының күмәншілдігін еңсерудің қандай жолдарын ұсынатыны туралы келесі бөлімде қарастырылады.

### ***Оқытушылардың төмен зерттеу әлеуеті***

Педагогикалық жоғары оқу орындарының оқытушыларының педагогикалық практиканы зерттеуге қатысты күмәншілдігі, соңғы деректер көрсеткендей, студенттердің зерттеу жұмысына қатысуының төмен болуына әкеледі және бұл құбылысты екі негізгі фактормен түсіндіруге болады. Біріншіден, көптеген оқытушылар ғылыми жұмыспен белсенді айналысқанымен, олардың көзқарасы, әдетте, тек академиялық сипатқа ие. Олар педагогикалық теорияны дамытуға және жаңа ғылыми білімді құруға ұмтылады. Олардың зерттеулері көбінесе күрделі

тұжырымдамалық база мен әдіснамаға сүйенеді, әмбебап сипатқа ие және, негізінен, ғылыми қоғамдастыққа бағытталған. Алдыңғы бөлімде атап өтілгендей, мұндай оқытушылар оқушылардың үлгерімін арттыруға, нақты педагогикалық міндеттерді шешуге немесе әдістемелерді практикаға бейімдеуге бағытталған мектеп мұғалімдерінің зерттеулеріне күмәнмен қарауы мүмкін. Мұның себебі шынайы білімді тек академиялық ғылым шеңберінде алуға болады деген сенімде жатыр (Antonsen et al., 2024; Rajchel et al., 2021). Екіншіден, күмәншілдік зерттеу қызметімен мүлдем айналыспайтын оқытушылардан туындауы мүмкін. Бұл жағдайда практикаға бағдарланған зерттеулерге деген сенімсіздік көбінесе оқытушылардың өздерінің төмен зерттеу әлеуетіне байланысты.

Бірінші жағдайда проблеманы шешу өте қиынға соғады, себебі қолданбалы, практикаға бағдарланған зерттеулерге менсінбей қарау университет пен мектеп арасындағы терең орныққан дихотомиядан туындайды. Дегенмен бұл проблеманы зерттейтін көптеген авторлар «үшінші өлшем» деп аталатын жаңа тәсілді енгізуді ұсынады. Бірінші өлшем академиялық ғылымды, екіншісі қолданбалы ғылымды білдіреді, ал үшіншісі екі тәсілдің де күшті жақтарын біріктіретін платформа ретінде қызмет етеді (Rajchel et al., 2021; Willegems et al., 2017). Мұндай өлшемді қалыптастыру үшін мұғалімдер қолданбалы ғылым туралы түсініктерін және оның педагогикалық кадрларды даярлаудағы ролін қайта қарастыруы керек. Үшінші өлшем студенттер аралық рөл атқаратын серіктестік негізінде ғана тиімді жұмыс істей алады. Осы өлшем аясында олар екі тәсілдің зерттеу әдістері мен ғылыми дәстүрлерін меңгеруге мүмкіндік алып, бұл студенттердің педагогикалық саладағы кәсіби дамуына және жоғары оқу орнынан кейінгі оқуға дайындалуына ықпал етеді.

Екінші жағдайда төмен зерттеу әлеуеті көбінесе оқытушылардың тиісті ғылыми дайындығы мен практикалық зерттеу тәжірибесінің болмауымен түсіндіріледі. Бұл проблеманы шешудің негізгі жолдарының бірі – магистр дәрежесі бар оқытушыларды PhD дәрежесін алуға ынталандыру. Көптеген батыс елдеріндегі университеттер тек докторлық дәрежесі бар мамандарды жұмысқа қабылдайды. Бұл зерттеу мәдениетін нығайтуға және институционалдық ғылыми әлеуетті дамытуға ықпал етеді (Caspersen & Smeby, 2023; Munthe & Rogne, 2015). Тағы бір маңызды бағыт – жоғары оқу орындарының оқытушылары үшін біліктілікті арттыру курстары мен мамандандырылған семинарлар ұйымдастыру. Мұндай бағдарламалардың тақырыбы академиялық жазуды, гранттық өтінімдерді дайындауды, сапалы әрі сандық зерттеу әдістерін меңгеруді және ғылыми жұмыстың басқа да аспектілерін қамтуы мүмкін (Goodman

et al., 2025; Oancea et al., 2021). Бұл ретте мұндай курстардың кезеңдік емес, үнемі және тұрақты негізде жүргізілуі аса маңызды (Hammad & Al-Ani, 2021). Сонымен қатар қазіргі заманғы зерттеулерге сәйкес оқытушылар барлық қажетті білімді меңгергенін ойлап, оқу іс-шараларына қатысудан бас тартатын «академиялық тәкаппарлықты» жеңу қажет (Brew & Mantai, 2017, p. 557). Ресми зерттеу университеті мәртебесіне ие болмаса да, кез келген педагогикалық жоғары оқу орны әрбір оқытушыға зерттеу сауаттылығының қажеттілігін белсенді насихаттауы тиіс. Бұл аса маңызды, себебі олар болашақ мұғалімдерге арналған оқу бағдарламаларын әзірлеп, студенттерді оқытады және олардың зерттеу жобаларын басқарады (Hammad & al-Ani, 2021; Toom & Nusu, 2024).

Сондай-ақ тағы бір маңызды қадам – оқытушыларға ғылыми жұмыспен айналысу үшін жеткілікті уақыт беру. Университет оқытушылары өз уақытын оқу жүктемесі, зерттеу қызметі және әкімшілік міндеттер арасында бөлуге мәжбүр, ал әкімшілік жұмыстар, әдетте, ресурстардың елеулі бөлігін алады. Нәтижесінде оқытушыларда өз зерттеулеріне уақыт аз қалады. Ғылыми қызметке арнайы төленетін уақыт бөлу университеттегі зерттеу мәдениетінің дамуына маңызды ықпал етіп, педагогика саласындағы ғылыми жарияланымдардың сапасын арттырып, білім беру бағдарламасының академиялық беделін нығайта алады (Munthe & Rogne, 2015; Tellmann et al., 2020).

### *Қаржылық және уақыт ресурстарының шектеулігі*

Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді іске асыру жолындағы тағы бір кедергі – шектеулі қаржылық және уақыт ресурстары. Оқытушылар мен студенттердің зерттеу құзыреттілігін дамыту және зерттеу мәдениетін қалыптастыру туралы сөз болғанда осы үрдістердің барлығы тұрақты әрі жүйелі қаржыландыруды қажет ететінін ескеру маңызды. Оқытушылардың зерттеу құзыреттілігі ғылыми жобаларға қатысу барысында қалыптасады, бұл оларға сапалы эмпирикалық деректер жинауға, ақпаратты жинау мен талдау үшін қажетті жабдықтарды алуға, нәтижелерді тарату және сарапшылық кері байланыс алу мақсатында конференцияларға қатысуға мүмкіндік береді. Басқаша айтқанда, осы құзыреттілікті дамытудың негізгі факторы – белсенді зерттеу қызметі болып табылады. Алайда ғылыми гранттар үшін бәсекелестік үнемі артып келе жатқанын және білім саласындағы жобалар жиі басым бағыттар қатарына кірмейтінін ескеру қажет (Oancea et al., 2021). Hammad and al-Ani (2021) атап өткендей, университеттер ғылыми

жобаларды қаржыландыруды қамтамасыз ету, конференцияларға қатысуды өтеу және жариялау белсенділігін ынталандыру арқылы оқытушыларға қолдау көрсете алады. Ғылыми жобаларға қатысудан тек оқытушылар ғана емес, студенттер де пайда көреді. Оқытушылардың жетекшілігімен ғылыми көмекші ретінде мұндай жобаларға қатыса отырып, студенттер өздерінің зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік алады (Brew & Mantai, 2017). Нақты жобаларға қатысу оларға ғылыми қоғамдастыққа енуге және білім беру мен педагогика саласындағы зерттеулердің негізінде жатқан үдерістерді жақсы түсінуге көмектеседі.

Кез келген білім беру бағдарламалары шеңберінде зерттеу әлеуетін дамыту уақыт ресурстарын қажет етеді. Қазіргі заманғы зерттеулерге сәйкес көптеген бағдарламалар зерттеу қызметін терең түсінікті қалыптастыруға жеткілікті уақыт бөлмейді (Brew & Mantai, 2017; Brooks, 2021; Matos et al., 2023). Бұл ретте тек ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша пәндерді оқу үшін қажетті уақыт қана емес, сондай-ақ зерттеу үдерісін ой елегінен өткізіп, саналы түрде қабылдау үшін қажетті уақыт туралы да сөз болып отыр. Финляндия мен Сингапурдағы зерттеушілер зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру мәселелерін қарастыра отырып, болашақ мұғалімдерге зерттеу дағдыларын толық қалыптастыру және ғылымның педагогикалық практикадағы рөлін түсіну үшін білім беру бағдарламалары бойынша әдіснамалық курстар аясында ғана емес, сонымен қатар бейіндік пәндерді оқыту барысында ғылыми әдебиетті оқу мен талдау, сыни тұрғыдан ойлау және рефлексия дағдыларын дамыту арқылы зерттеуге бағдарланған тәсілді біріктіруі тиіс деп атап көрсетеді (Aspfors & Eklund, 2017; Vyman et al., 2020; Darling-Hammond, 2017).

Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді жүзеге асыруда бірқатар қиындықтар мен кедергілер бар. Олардың қатарында теория мен практика арасындағы әлсіз байланыс, педагогикалық бағдарламалар оқытушыларының зерттеу қызметіне қатысуының төмен деңгейі, сондай-ақ уақыт пен қаржы ресурстарының біркелкі бөлінбеуі бар. Осы кедергілерді еңсеру оқу жоспарларын қайта қарауды, оқытушылардың зерттеу белсенділігін ынталандыруды және зерттеу мәдениетін дамыту үшін қолайлы ортаны қалыптастыруды қамтитын кешенді тәсілді талап етеді. Әдеби шолудың бұл тарауында көрсетілген кедергілерді жою және педагогикалық білім берудегі зерттеу құрамбөлігін нығайтуға бағытталған қосымша зерттеулер мен стратегияларды әзірлеу қажеттілігіне баса назар аударылады.

**Пайдаланылған дереккөздер тізімі**

- Afdal, H. W. (2017). “Research-based” and “profession-oriented” as prominent knowledge discourses in curriculum restructuring of professional programs. *Higher Education*, 74(3), 401–418. <https://doi.org/10.1007/s10734-016-9998-7>.
- Afdal, H. W., & Damşa, C. (2018). Research-based education: An exploration of interpretations in two professional higher education programmes. In P. Maassen, M. Nerland, & L. Yates (Eds.), *Reconfiguring knowledge in higher education* (pp. 129-148). Springer. [https://doi.org/10.1007/978-3-319-72832-2\\_8](https://doi.org/10.1007/978-3-319-72832-2_8).
- Afdal, H. W., & Spernes, K. (2018). Designing and redesigning research-based teacher education. *Teaching and Teacher Education*, 74, 215–228. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2018.05.011>.
- Aguado, N. A. (2009). Teaching research methods: Learning by doing. *Journal of Public Affairs Education*, 15(2), 251–260. <https://doi.org/10.1080/15236803.2009.12001557>.
- Anderson, G. (2015). JIBC Student Research Skills Framework. <https://doi.org/10.13140/RG.2.1.4370.1840>.
- Antonsen, Y., Toom, A., Ulvik, M., Drageset, O. G., Olsen, K. R., Hjordemaal, F. R., & Sæther, K. (2024). Research approaches in master-based teacher education preparing student teachers for professional work. *Frontiers in Education*, 9. <https://doi.org/10.3389/educ.2024.1418398>.
- Aspfors, J., & Eklund, G. (2017). Explicit and implicit perspectives on research-based teacher education: newly qualified teachers’ experiences in Finland. *Journal of Education for Teaching International Research and Pedagogy*, 43(4), 400–413. <https://doi.org/10.1080/02607476.2017.1297042>.
- Baan, J., Gaikhorst, L., van ’t Noordende, J., & Volman, M. (2019). The involvement in inquiry-based working of teachers of research-intensive versus practically oriented teacher education programs. *Teaching and Teacher Education*, 84, 74–82. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2019.05.001>.
- Barraket, J. (2005). Teaching research method using a student-centred approach? Critical reflections on practice. *Journal of University Teaching and Learning Practice*, 2(2), 17–27. <https://doi.org/10.53761/1.2.2.3>.
- Brew, A. (2013). Understanding the scope of undergraduate research: a framework for curricular and pedagogical decision-making. *Higher Education*, 66(5), 603–618. <https://doi.org/10.1007/s10734-013-9624-x>.
- Brew, A., & Mantai, L. (2017). Academics’ perceptions of the challenges and barriers to implementing research-based experiences for undergraduates. *Teaching in Higher Education*, 22(5), 551–568. <https://doi.org/10.1080/13562517.2016.1273216>.

- Brew, A., & Saunders, C. (2020). Making sense of research-based learning in teacher education. *Teaching and Teacher Education*, 87, 102935. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2019.102935>.
- Brooks, C. (2021). Research capacity in initial teacher education: trends in joining the ‘village.’ *Teaching Education*, 32(1), 7–26. <https://doi.org/10.1080/10476210.2020.1862077>.
- Byman, R., Maaranen, K., & Kansanen, P. (2020). Consuming, producing, and justifying: Finnish student teachers’ views of research methods. *International Journal of Research & Method in Education*, 44(3), 319-334. <https://doi.org/10.1080/1743727X.2020.1737003>.
- Caspersen, J., & Smeby, J. (2023). Research-based teacher education in Norway – a longitudinal perspective. *International Journal of Educational Research*, 119, 102177. <https://doi.org/10.1016/j.ijer.2023.102177>.
- Contreras, N., Liesa, E., & Giralt-Romeu, M. (2024). How pre-service teachers change their view of forms of inquiry after participating in an inquiry-based practicum. *Teaching and Teacher Education*, 140, Article 104478. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2024.104478>.
- Cordingley, P. (2003). Research and evidence-based practice: focusing on practice and practitioners. In L. Anderson, & N. Bennett (Eds.), *Evidence-informed Policy and Practice in Educational Leadership and Management*. Milton Keynes: Open University.
- Cumbo, B., & Selwyn, N. (2021). Using participatory design approaches in educational research. *International Journal of Research & Method in Education*, 45(1), 60–72. <https://doi.org/10.1080/1743727X.2021.1902981>.
- Darling-Hammond, L. (2006). Constructing 21st-Century Teacher Education. *Journal of Teacher Education*, 57(3), 300–314. <https://doi.org/10.1177/0022487105285962>.
- Darling-Hammond, L. (2017). Teacher education around the world: What can we learn from international practice? *European Journal of Teacher Education*, 40(3), 291–309. <https://doi.org/10.1080/02619768.2017.1315399>.
- Defianty, M., & Wilson, K. (2024). Using collaborative action research to promote critical thinking pedagogies in ELT in Indonesia. *Asia-Pacific Journal of Teacher Education*, 52(5), 607–621. <https://doi.org/10.1080/1359866X.2024.2410837>.
- Denham, B. (1997). Teaching Research Methods to Undergraduates. *Journalism and Mass Communication Educator*, 51(4), 54–62. <https://doi.org/10.1177/107769589605100407>.
- Dewey, J. (1908). What does pragmatism mean by practical? *The Journal of Philosophy, Psychology and Scientific Methods*, 5(4), 85-99.
- Fiskum, T. A., Jegstad, K. M., Aspfors, J., & Eklund, G. (2025). The goal of research-based learning in teacher education: Norwegian and Finnish teacher

- educators' perspectives. *Cogent Education*, 12(1). <https://doi.org/10.1080/2331186x.2025.2465918>.
- Fung, D. (2017). *A Connected Curriculum for Higher Education*. London: UCL Press.
- Furlong, J., Menter, I., Munn, P., Whitty, G., Hallgarten, J., Johnson, N., et al. (2014). Research and the teaching profession: Building the capacity for a self-improving education system. In *Final report of the BERA-RSA inquiry into the role of research in teacher education*. British Educational Research Association.
- Giralt-Romeu, M., Liesa, E., & Castelló, M. (2021). Teacher identity as inquirer: Voices of teacher educators. *European Journal of Teacher Education*, 47(1), 1–19. <https://doi.org/10.1080/02619768.2021.2015319>.
- Gelso, C. J. (2006). On the Making of a Scientist-Practitioner: A Theory of Research Training in Professional Psychology. *Training and Education in Professional Psychology*, S(1), 3–16. <https://doi.org/10.1037/1931-3918.S.1.3>.
- Goodman, B., Nam, A., Yembergenova, A., Nuta, O., & Malone, K. (2025). 'I should conduct action research more often': teacher educators' professional development through action research. *Educational Action Research*, 1–18. <https://doi.org/10.1080/09650792.2025.2468958>.
- Gray, C. (2012). Bridging the teacher/researcher divide: Master's-level work in initial teacher education. *European Journal of Teacher Education*, 36(1), 24–38. <https://doi.org/10.1080/02619768.2012.682648>.
- Grossman, P., Hammerness, K., & McDonald, M. (2009). Redefining teaching, re-imagining teacher education. *Teachers and Teaching*, 15(2), 273–289. <https://doi.org/10.1080/13540600902875340>.
- Hammad, W., & Al-Ani, W. (2021). Building educational research capacity: Challenges and opportunities from the perspectives of faculty members at a national university in Oman. *SAGE Open*, 11(3). <https://doi.org/10.1177/21582440211032668>.
- Healey, M., & Jenkins, A. (2009). *Developing undergraduate research and inquiry*. York, United Kingdom: Higher Education Academy.
- Heissenberger-Lehofer, K., & Krammer, G. (2021). Internship integrated practitioner research projects foster student teachers' professional learning and research orientation: a mixed-methods study in initial teacher education. *European Journal of Teacher Education*, 46(3), 456–475. <https://doi.org/10.1080/02619768.2021.1931112>.
- Herman, C. (2009). Political transformation and research methodology in doctoral education. *Higher Education*, 59(4), 489–506. <https://doi.org/10.1007/s10734-009-9261-6>.
- Hill, M., & Haigh, M. (2011). Creating a culture of research in teacher education: learning research within communities of practice. *Studies in Higher Education*, 37(8), 971–988. <https://doi.org/10.1080/03075079.2011.559222>.

- Hosein, A., & Rao, N. (2016). Students' reflective essays as insights into student centred-pedagogies within the undergraduate research methods curriculum. *Teaching in Higher Education*, 22(1), 109–125. <https://doi.org/10.1080/13562517.2016.1221804>.
- Huet, I. (2017). Research-based education as a model to change the teaching and learning environment in STEM disciplines. *European Journal of Engineering Education*, 43(5), 725–740. <https://doi.org/10.1080/03043797.2017.1415299>
- Hughes, G. (2019). Developing student research capability for a 'post-truth' world: three challenges for integrating research across taught programmes. *Teaching in Higher Education*, 24(3), 394–411. <https://doi.org/10.1080/13562517.2018.1541173>.
- Jarl, M., Liljenberg, M., Andersson, K., & Taube, M. (2024a). The importance of organizational capacities for collaborative research: boundary crossings within a Swedish research–practice partnership. *Nordic Journal of Studies in Educational Policy*, 1–14. <https://doi.org/10.1080/20020317.2024.2369344>.
- Jarl, M., Taube, M., & Björklund, C. (2024b). Exploring roles in teacher–researcher collaboration: examples from a Swedish research–practice partnership in education. *Education Inquiry*, 1–19. <https://doi.org/10.1080/20004508.2024.2324518>.
- Kowalczyk-Walędziak, M., Lopes, A., Underwood, J., Daniela, L., & Clipa, O. (2019). Meaningful time for professional growth or a waste of time? A study in five countries on teachers' experiences within master's dissertation/thesis work. *Teaching Education*, 31(4), 459–479. <https://doi.org/10.1080/10476210.2019.1649649>.
- Krokkfors, L., Kynäslähti, H., Stenberg, K., Toom, A., Maaranen, K., Jyrhämä, R., Byman, R., & Kansanen, P. (2011). Investigating Finnish teacher educators' views on research-based teacher education. *Teaching Education*, 22(1), 1–13. <https://doi.org/10.1080/10476210.2010.542559>.
- Levy, P., & Petrulis, R. (2011). How do first-year university students experience inquiry and research, and what are the implications for the practice of inquiry-based learning? *Studies in Higher Education*, 37(1), 85–101. <https://doi.org/10.1080/03075079.2010.499166>.
- Lombard, BJJ (Kobus), & Kloppers, M. (2015). Undergraduate student teachers' views and experiences of a compulsory course in research methods. *South African Journal of Education*, 35(1), 01-14. [http://www.scielo.org.za/scielo.php?script=sci\\_arttext&pid=S0256-01002015000100020&lng=en&tlng=en](http://www.scielo.org.za/scielo.php?script=sci_arttext&pid=S0256-01002015000100020&lng=en&tlng=en).
- Luck, M. 1999. *Your Student Research Project*. Aldershot: Gower.
- Malinen, O. P., Väisänen, P., & Savolainen, H. (2012). Teacher education in Finland: A review of a national effort for preparing teachers for the future. *The Curriculum Journal*, 23(4), 567–584. <https://doi.org/10.1080/09585176.2012.731011>.

- Martinovic, D., & Dabaja, Z. F. (2023). Building research capacity of future teachers: A Canadian case study. *Australian Journal of Teacher Education*, 48(2). <https://doi.org/10.14221/1835-517X.5335>.
- Matos, J. F., Freitas, A., Estrela, E., Galego, C., & Piedade, J. (2023). Teaching research methods courses in education: Towards a research-based culture. *Social Sciences*, 12(6), 338. <https://doi.org/10.3390/socsci12060338>.
- Meeus, W., van Looy, L., & Libotton, A. (2004). The Bachelor's thesis in teacher education, *European Journal of Teacher Education*, 27(3), 299-321. <https://doi.org/10.1080/0261976042000290813>.
- Mertler, C. A. (2024). *Action research: Improving schools and empowering educators*. Sage Publications.
- Morrison, M. E., Lom, B., Buffalari, D., Chase, L., Fernandes, J. J., McMurray, M. S., & Stavnezer, A. J. (2020). Integrating research into the undergraduate curriculum: 2. scaffolding research skills and transitioning toward independent research. *Journal of undergraduate neuroscience education: JUNE: a publication of FUN, Faculty for Undergraduate Neuroscience*, 19(1), A64–A74.
- Mugaloglu, E. Z., & Doganca, Z. (2009). Fulfilling the “missing link” between university and authentic workplace in teacher training. *Journal of Workplace Learning*, 21(6), 455–464. <https://doi.org/10.1108/13665620910976739>.
- Munthe, E. (2019). Research-based teacher education. In M. Peters (Ed.), *Encyclopedia of teacher education*. Springer, Singapore. [https://doi.org/10.1007/978-981-13-1179-6\\_53-1](https://doi.org/10.1007/978-981-13-1179-6_53-1).
- Munthe, E., & Rogne, M. (2015). Research based teacher education. *Teaching and Teacher Education*, 46, 17–24. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2014.10.006>.
- Murray, J., & Vanassche, E. (2019). Research capacity building in and on teacher education: developing practice and learning. *Nordisk Tidsskrift for Utdanning Og Praksis*, 13(2), 114–129. <https://doi.org/10.23865/up.v13.1975>.
- Niemi, H., & Nevgi, A. (2014). Research studies and active learning promoting professional competences in Finnish teacher education. *Teaching and Teacher Education*, 43, 131–142. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2014.07.006>.
- Niemi, H. (2016). Academic and Practical: Research-Based Teacher Education in Finland. In B. Moon (Ed.), *Do universities have a role in the education and training of teachers?: An international analysis of policy and practice* (pp. 19-32). Cambridge University Press.
- Neumann, R. (1994). The teaching-research nexus: Applying a framework to university students' learning experiences. *European Journal of Education*, 29, 323-340.
- Oancea, A., Fancourt, N., Robson, J., Thompson, I., Childs, A., & Nuseibeh, N. (2021). Research capacity-building in teacher education. *Oxford Review of Education*, 47(1), 98–119. <https://doi.org/10.1080/03054985.2020.1842184>.

- OECD. (2023). *Who Really Cares about Using Education Research in Policy and Practice?: Developing a Culture of Research Engagement, Educational Research and Innovation*, OECD Publishing, Paris. <https://doi.org/10.1787/bc641427-en>.
- Pajchel, K., Jegstad, K. M., Eklund, G., Aalbergsjø, S. G., & Sollid, P. (2021). The role of school placement within research-based teacher education—through the eyes of science mentors. *Teachers and Teaching*, 27(1–4), 193–205. <https://doi.org/10.1080/13540602.2021.1933416>.
- Perines, H., & Ion, G. (2021). How do prospective teachers understand educational research? *The Teacher Educator*, 56(1), 101–116. <https://doi.org/10.1080/08878730.2020.1846831>.
- Petrella, J. K., & Jung, A. P. (2008). Undergraduate research: Importance, benefits, and challenges. *International Journal of Exercise Science*, 1(3), 91–95. <https://doi.org/10.70252/MXRI7483>.
- Pettican, A., Goodman, B., Bryant, W., Beresford, P., Freeman, P., Gladwell, V., Kilbride, C., & Speed, E. (2022). Doing together: reflections on facilitating the co-production of participatory action research with marginalised populations. *Qualitative Research in Sport, Exercise and Health*, 15(2), 202–219. <https://doi.org/10.1080/2159676X.2022.2146164>.
- Pring, R. (2015). *Philosophy of educational research*. London: Bloomsbury.
- Puustinen, M., Sääntti, J., Koski, A., & Tammi, T. (2018). Teaching: A practical or research-based profession? Teacher candidates' approaches to research-based teacher education. *Teaching and Teacher Education*, 74, 170–179. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2018.05.004asa>.
- Råde, A. (2013). Final thesis models in European teacher education and their orientation towards the academy and the teaching profession. *European Journal of Teacher Education*, 37(2), 144–155. <https://doi.org/10.1080/02619768.2013.858692>.
- Råde, A. (2018). Professional formation and the final thesis in European teacher education: a fusion of academic and professional orientation. *Education Inquiry*, 10(3), 226–242. <https://doi.org/10.1080/20004508.2018.1514910>.
- Reid, A. (2004). Towards a culture of inquiry in DECS. *Occasional Paper Series*, 1, 3–19. [https://www.researchgate.net/publication/242749924\\_Towards\\_a\\_Culture\\_of\\_Inquiry\\_in\\_DECS](https://www.researchgate.net/publication/242749924_Towards_a_Culture_of_Inquiry_in_DECS).
- Reid, A., & O'Donoghue, M. (2004). Revisiting enquiry-based teacher education in neo-liberal times. *Teaching and Teacher Education*, 20(6), 559–570. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2004.06.002>.
- Rinne, I., Lundqvist, U., Johannsen, B. F., & Yildirim, A. (2022). “When you get out there, you don’t have a toolbox”. A comparative study of student teacher’s identity development in Swedish and Danish teacher education. *Teaching and Teacher Education*, 122, 103958. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2022.103958>.

- Tatto, M. T. (2015). The role of research in the policy and practice of quality teacher education: an international review. *Oxford Review of Education*, 41(2), 171–201. <https://doi.org/10.1080/03054985.2015.1017405>.
- Tatto, M. T. (2021). Developing teachers' research capacity: the essential role of teacher education. *Teaching Education*, 32(1), 27–46. <https://doi.org/10.1080/10476210.2020.1860000>.
- Tellmann, S. M., Røsdal, T., & Frølich, N. (2020). Professional educational programmes under pressure. Organizational challenges related to strengthening research. *Studies in Higher Education*, 46(9), 1839–1849. <https://doi.org/10.1080/03075079.2019.1711039>.
- Toom, A. & Husu, J. (2024). Research-based teacher education curriculum supporting student teacher learning. In G. Doetjes, V. Domovic, M. Mikkilä-Erdmann, & K. Zaki (Eds.), *Coherence in European teacher education*. Springer VS, Wiesbaden. 173-188 [https://doi.org/10.1007/978-3-658-43721-3\\_10](https://doi.org/10.1007/978-3-658-43721-3_10).
- Toom, A., Kynäslähti, H., Krokfors, L., Jyrhämä, R., Byman, R., Stenberg, K., Maaranen, K., & Kansanen, P. (2010). Experiences of a research-based approach to teacher education: suggestions for future policies. *European Journal of Education*, 45(2), 331–344. <https://doi.org/10.1111/j.1465-3435.2010.01432.x>.
- Tryggvason, M. (2009). Why is Finnish teacher education successful? Some goals Finnish teacher educators have for their teaching. *European Journal of Teacher Education*, 32(4), 369–382. <https://doi.org/10.1080/02619760903242491>.
- Ulvik, M., & Riese, H. (2015). Action research in pre-service teacher education – a never-ending story promoting professional development. *Professional Development in Education*, 42(3), 441–457. <https://doi.org/10.1080/19415257.2014.1003089>.
- Van Ingen, S. & Ariew, S. (2015). Making the invisible visible: Preparing preservice teachers for first steps in linking research to practice. *Teaching and Teacher Education*, 51, 182–190. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2015.07.001>.
- van der Linden, W., Bakx, A., Ros, A., Beijaard, D., & Vermeulen, M. (2012). Student teachers' development of a positive attitude towards research and research knowledge and skills. *European Journal of Teacher Education*, 35(4), 401–419. <https://doi.org/10.1080/02619768.2011.643401>.
- van der Linden, W., Bakx, A., Ros, A., Beijaard, D., & Van Den Bergh, L. (2015). The development of student teachers' research knowledge, beliefs and attitude. *Journal of Education for Teaching International Research and Pedagogy*, 41(1), 4–18. <https://doi.org/10.1080/02607476.2014.992631>.
- van Katwijk, L., Berry, A., Jansen, E., & Van Veen, K. (2019). “It’s important, but I’m not going to keep doing it!”: Perceived purposes, learning outcomes, and value of pre-service teacher research among educators and pre-service teachers.

- Teaching and Teacher Education*, 86, 102868. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2019.06.022>.
- Vieira, F., Flores, M. A., da Silva, J.L.C., Almeida, M.J., & Vilaça, T. (2021). Inquiry-based professional learning in the practicum: Potential and shortcomings. *Teaching and Teacher Education*, 105, Article 103429. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2021.103429>.
- Viertel, D. C., & Burns, D. M. (2012). Integrating opportunities: Applied interdisciplinary research in undergraduate geography and geology education. *Review of International Geographical Education*, 2(3), 347-358. <https://eric.ed.gov/?id=EJ1158142>.
- Villalobos Iturriaga, I. C., Acosta García, K., Castro-Ceacero, D., Contreras Hernández, P., & González Sanzana, Á. (2025). Importance of Pedagogical Practice in Teaching Satisfaction. *Education Sciences*, 15(3), 286. <https://doi.org/10.3390/educsci15030286>.
- Vygotsky, L. S. (1978). *Mind in society. The development of higher psychological processes*. Cambridge: Harvard University Press.
- United Nations. (n.d.). *Sustainable development goals*. <https://www.un.org/sustainabledevelopment/>.
- Willegems, V., Consuegra, E., Struyven, K., & Engels, N. (2017). Teachers and pre-service teachers as partners in collaborative teacher research: A systematic literature review. *Teaching and Teacher Education*, 64, 230–245. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2017.02.014>.
- Willegems, V., Consuegra, E., Struyven, K., & Engels, N. (2018). Pre-service teachers as members of a collaborative teacher research team: A steady track to extended professionalism? *Teaching and Teacher Education*, 76, 126-139. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2018.08.012>.
- Willison, J., & O'Regan, K. (2007). Commonly known, commonly not known, totally unknown: A framework for students becoming researchers. *Higher Education Research & Development*, 26(4), 393-409. <https://doi.org/10.1080/07294360701658609>.
- Willison, J. (2018). Research skill development spanning higher education: Critiques, curricula and connections, *Journal of University Teaching & Learning Practice*, 15(4). Available at: [files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1195982.pdf](https://files.eric.ed.gov/fulltext/EJ1195982.pdf).

## ТАРАУ 3

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУДІҢ ТАРИХЫ МЕН МӘНМӘТІНІ

Қазақстандағы алғашқы педагогикалық жоғары оқу орны 1928 жылы Алматы қаласында құрылды. Ол Қазақ мемлекеттік педагогикалық институты болды, қазіргі уақытта Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті деп аталады. Екінші дүниежүзілік соғыс басталғанға дейін елдің әртүрлі өңірінде тағы бес педагогикалық университет ашылды. Олардың қатарында 1932 жылы құрылған және қазір Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті деп аталатын Орал педагогикалық институты; 1934 жылы құрылған және бүгінде Shakarim University атауымен жұмыс істейтін Семей педагогикалық институты; сондай-ақ 1938 жылы ашылған және Karaganda Buketov University болып қайта құрылған Қарағандыдағы Мұғалімдер институты бар. Қазақстанда педагогикалық жоғары оқу орындарының құрылуы республикада индустрияландыруды көздеген Кеңес Одағының мемлекеттік саясатымен байланысты болды (Smolentseva et al., 2018). Табысты индустрияландырудың негізгі шарттарының бірі байырғы тұрғындар арасында жаппай сауатсыздықты жою болды. Осыған байланысты барлық жерде бастауыш және орта мектептер ашылды, алайда білікті педагог кадрлардың тапшылығы байқалды. Бұл проблеманы шешу үшін педагогикалық институттар желісін белсенді дамыту басталды, оның міндеті жаңа білім беру мекемелеріне мұғалімдер даярлау болды. Екінші дүниежүзілік соғысы және соғыстан кейінгі жылдары педагог кадрларды жүйелі түрде даярлау қажеттілігі арта түсті, өйткені

елдің білім беру жүйесі әлеуметтік-экономикалық қиындықтарға қарамастан, дамуын жалғастырды. Зерттеушілердің мәліметтеріне сәйкес 1928-1989 жылдар аралығында Қазақстан аумағында 23 педагогикалық жоғары оқу орны ашылды (Ahn et al., 2018).

Кеңес заманында Қазақстанның педагогикалық жоғары оқу орындары үш негізгі бағыт бойынша: физика-математика, жаратылыстану және лингвистикалық пәндер бойынша мұғалімдерді дайындады. Бастапқы кезеңде, өз оқытушы кадрлары қалыптасқанға дейін, жоғары оқу орындарында дәрістерді көбінесе Қазақ КСР қоғам қайраткерлері, партия қызметкерлері және басқа өңірлерден шақырылған оқытушылар оқыды, ал Екінші дүниежүзілік соғыс кезінде дәрістерді КСРО-ның еуропалық бөлігінен эвакуацияланған мамандар жүргізді. Педагогикалық жоғары оқу орындарына қабылдау жазбаша және ауызша түсу емтихандары негізінде жүзеге асырылды. Студенттердің саны мемлекеттік кадрлар жоспарымен қатаң реттелді, бұл конкурсты жоғары деңгейге көтерді. Сонымен қатар мемлекеттік жұмыспен қамту жүйесі арқылы оқу бітіргеннен кейін міндетті түрде жұмысқа орналастыру бойынша кепілдік педагог мамандығын тартымды әрі экономикалық тұрғыдан тұрақты етті (Kalimullin et al., 2024).

Кейінгі кеңестік кезеңде педагогикалық жоғары оқу орындарында оқу ұзақтығы бес жылды құрады. Оқу жоспарлары мен бағдарламалары орталықтандырылған түрде әзірленді және республиканың барлық жоғары оқу орындарында елеулі айырмашылықтарсыз енгізілді. Білім беру үдерісі педагогтерді даярлаудың бірыңғай тәсіліне негізделді, оған КОКП тарихы, педагогика, психология пәндерін міндетті түрде оқыту, сондай-ақ бейіндік пәндерді оқыту әдістемесін меңгеру кірді. Білім беру сапасы мен мазмұнын бақылауды одақтық ғылыми-әдістемелік құрылымдар жүзеге асырды (Kalimullin & Valeeva, 2023). Педагогикалық жоғары оқу орындарындағы ғылыми қызмет қолданбалы сипатта болды. Зерттеулер сирек жағдайда ғана практикалық міндеттердің аясынан шықты және жаңа теориялық білім қалыптастыруды мақсат етпеді (Kuzhabekova & Rubi, 2018). Академиялық еркіндік айтарлықтай шектелді, нақты идеологиялық шектеулер мен цензура қолданылды. Қайта құру басталғанға дейін мұғалім кәсібі беделді болып қала берді. Ол жоғары әлеуметтік маңыздылықпен және тұрақтылықпен байланыстырылды. Қоғамдық мойындау деңгейі бойынша педагогикалық мамандықтар тек инженерлік және медициналық мамандықтардан ғана кейін тұрды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстанда педагогикалық білім беру елдің әлеуметтік және экономикалық өміріндегі жалпы өзгерістерді көрсететін ауқымды реформалар толқынынан өтті. Тәуелсіздіктің алғашқы

онжылдығы білім беру жүйесіндегі өткір қаржылық тапшылықпен ерекшеленді (Kuzhabekova & Mukhamejanova, 2017). Мемлекет жоғары білім беру шығындарын едәуір қысқартты, бұл жоғары оқу орындары инфрақұрылымының тозуына, ғимараттардың ескіруіне, кітапхана қорларының кедейленуіне, профессорлық-оқытушылық құрам жалақысының төмендеуіне және жалақыны жүйелі кешіктіруге әкелді. Нәтижесінде педагогикалық мамандықтың беделі күрт төмендеді, ал мұғалімдердің әлеуметтік мәртебесі мектептерде де, жоғары оқу орындарында да айтарлықтай әлсіреді (Tastanbekova, 2018). Нарықтық экономикаға көшу жағдайында жоғары білім беруді дамыту коммерцияландыру қағидаттарына бағдарлана бастады. Секторды жекешелендіру басталды, оның негізгі мақсаты қаржыландыру көздерін әртараптандыру болды. Педагогикалық жоғары оқу орындарында оқу ақылы болды. Мемлекеттік білім беру гранттары жүйесін енгізуге қарамастан, негізгі қаржылық ауыртпалық мемлекеттен студенттерге және олардың отбасыларына ауысты (Hartley et al., 2016).

1990 жылдардың басында Қазақстандағы педагогикалық институттар көпсалалы университеттер болып қайта құрылды. Бұл көбінесе екі немесе үш оқу орнының бірігуімен қатар жүрді. Дәстүрлі педагогикалық бағыттардан бөлек қайта құрылған университеттер ақпараттық технологиялар, банк ісі, менеджмент пен маркетинг сияқты сұранысқа ие жаңа мамандықтар бойынша бағдарламалар ұсына бастады (Kalimullin & Valeeva, 2023). Зерттеулер көрсеткендей, бұл өзгерістер бірнеше негізгі факторларға байланысты болды. Біріншіден, жоғары білімге деген қоғамдық сұраныс айтарлықтай өсті, ол мемлекеттік кадрлық жоспарлармен шектелмеді. Екіншіден, педагогикалық мамандықтарға сұраныстың төмендеуі және сонымен бірге экономикалық тұрғыдан перспективалы бағыттарға қызығушылықтың артуы байқалды.

1993 жылы «Жоғары білім беру туралы» заң қабылданып, жеке білім беру мекемелерінің қызметіне рұқсат берілді. Бұл Қазақстанда жоғары білім берудің жаппай қолжетімді болу дәуірінің басы болды. Жаңа жоғары оқу орындарының арасында педагогикалық бағдарламаларды ұсынатын мекемелер айтарлықтай көп болды. Зерттеушілердің деректеріне сәйкес, 1993-2019 жылдар аралығында Қазақстанда педагогикалық мамандықтар бойынша даярлауды жүзеге асырған 86 жоғары оқу орны болды (Makoelle & Vurmistrova, 2021). Кеңес жүйесінен мұраға қалған педагогикалық бағдарламалардың мазмұнында орталықтандырылған бақылау практикасы сақталғанымен, білім беру мекемелерін жекешелендіру және жоғары оқу орындары санының тез өсуі мемлекеттік реттеудің әлсіреуіне әкелді (Ahn et al., 2018). Дәл осы кезеңде Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде

сыбайлас жемқорлық тәжірибелері мен академиялық бейадалдық кеңінен таралды (Kerimkulova & Kuzhabekova, 2017).

2000 жылдары Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде неолибералдық реформалар жалғасты. Білім және ғылым министрлігі жоғары білім берудің ұлттық жүйесін әлемдік озық, негізінен, батыстық тәжірибелермен теңестіру міндетін қойды. 2004 жылы Қазақстан Болон процесінің бейресми қатысушысы болып, оның қағидаттарын Еуропалық одақ стандарттарына сәйкес жоғары білім беруді құрылымдық жаңғырту үшін бағдар ретінде қолдана бастады. Ол үш негізгі бағыттан тұрды: (1) үш сатылы модельге көшу: бакалавриат, магистратура және PhD докторантура. Біртіндеп аспирантура арқылы және кандидаттық әрі докторлық диссертацияларды қорғау арқылы жүзеге асқан кеңестік дайындық жүйесі қысқартылды; (2) бесжылдық мамандану орнына төрт жылдық бакалавриат бағдарламасы енгізілді. 2004-2005 оқу жылынан бастап студенттер тек бакалавр бағдарламасы бойынша оқыды; (3) 2004-2005 оқу жылында кредиттік оқыту технологиясына формалды көшу орын алды. Осы кезеңде, ең алдымен, студенттер мен оқытушылардың оқу жүктемесін өлшеудің бірыңғай бірлігі ретінде кредиттерді қолдану енгізілді. Алайда жеке білім беру траекториясын өз бетінше жоспарлау және оқу пәндерін таңдау сияқты кредиттік технологияның негізгі элементтері іс жүзінде әлі жүзеге асқан жоқ еді (Lodhi & Pyassova-Schoenfeld, 2023). Қазақстанның жоғары білім беру жүйесі кредиттік технологияның басты қағидаларын назардан тыс қалдырмағанда, педагогикалық университеттер өтпелі кезеңде педагогикалық пәндерге бөлінетін сағаттардың азаюы мен студенттердің мектептегі практикасының қысқаруына байланысты теріс әсерлерді жеңілдете алар еді (Kalimullin & Valeeva, 2023; Tastanbekova, 2018). Болон жүйесіне толық көшу 2010 жылы орын алды.

2004 жылғы тағы бір маңызды реформа Ұлттық бірыңғай тестілеу (ҰБТ) жүйесін енгізу болды. ҰБТ мектептегі қорытынды емтихан мен университетке түсу емтиханының үйлесіміне айналды. Тестілеу төрт пән бойынша өткізілді: қазақ немесе орыс тілі (оқыту тіліне байланысты), математика, Қазақстан тарихы және таңдау пәні. Әр пәнге 30 тапсырма кірді, ал максималды жиынтық балл 120-ны құрады. Жоғары оқу орнына түсу үшін ең төменгі өту балы 40 деңгейінде белгіленді. Тестіні орындауға 3 сағат уақыт бөлінді (Ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы, 2004). ҰБТ нәтижелері бойынша мемлекеттік білім беру гранттары берілді. Тестілеуді енгізудің басты мақсаты жоғары оқу орындарына түсу кезінде сыбайлас жемқорлықты жою болды (Ahn et al., 2018; Kerimkulova & Kuzhabekova, 2017). Осы

уақытқа дейін көптеген университеттер кешенді тестілеудің өзіндік нысандарын қолданды, бірақ олар қолданыстағы сыбайлас жемқорлық тәжірибелерін айтарлықтай өзгерте алмады. Осыған байланысты тапсырмаларды әзірлеуде, сұрақтарды тұжырымдауда, сондай-ақ тестілеуді өткізу форматтары мен рәсімдерінде біркелкілікті қамтамасыз ететін орталықтандырылған, мемлекет бақылайтын механизм құру туралы шешім қабылданды.

ҰБТ-ны енгізу Қазақстанда педагогикалық білім беру үшін бірқатар жағымсыз салдарға әкеп соқты. Біріншіден, педагогикалық жоғары оқу орындары талапкерлерді тек бір бейіндік пәннің нәтижелері бойынша қабылдауға мәжбүр болды: мысалы, физика мұғалімдерін даярлау бағдарламасына түсушілер үшін – физика тестінің нәтижелері бойынша, болашақ ағылшын тілі мұғалімдері үшін – ағылшын тілі бойынша. Бұл жоғары оқу орындары үшін коммуникативтік дағдылар, сыни ойлау, эмпатия және бейімделу сияқты педагог мамандығына қажетті басқа да маңызды қасиеттерді алдын ала бағалау мүмкіндігінен айырды. Екіншіден, педагогикалық университеттер ҰБТ өткізу үшін өздерінің инфрақұрылымын ұсынғанына қарамастан, олар тест тапсырмаларын әзірлеуге де, нәтижелерді бағалауға да толық қатысқан жоқ. Оқушыларды тестілеуге дайындау жауапкершілігі толығымен мектептерге жүктелді. ҰБТ нәтижелері мектептер мен бейіндік пән мұғалімдерінің беделіне тікелей әсер ете бастағандықтан, тестілеуге дайындық жоғары сыныптардың оқу қызметінде басты орынға шықты. Жан-жақты оқытудың орнына оқушылар механикалық есте сақтауға және үлгілік тапсырмаларды орындауға назар аударды (Jumabayeva, 2016). Педагогикалық мамандық мәртебесінің төмен күйінде қалуы педагогикалық мамандықтарға түсетін талапкерлер сапасының одан әрі төмендеуіне алып келді.

Жоғарыда айтылғандай, 1993 жылдан бастап Қазақстанда жоғары білім берудің жаппай дамуы және жеке жоғары оқу орындары санының қарқынды өсуі басталды. 2000 жылдан 2005 жылға дейінгі кезең жеке және мемлекеттік оқу орындарында дипломдарды сату және емтихандарда пара беру тәжірибелерінің кең таралуы салдарынан жағымсыз кезең ретінде есте қалды (Lodhi & Pyassova-Schoenfeld, 2023). Бұл құбылыстар бүкіл ел бойынша білім беру қызметтерінің сапасыздығы мәселесіне Білім және ғылым министрлігінің назарын аударды. Бұған жауап ретінде 2005 жылдан 2010 жылдарға дейінгі кезеңде мемлекет жоғары білім берудің мазмұны мен ұйымдастырылуына қатаң бақылауды біртіндеп қалпына келтіре бастады. Білім беру қызметтерінің бытыраңқы және әлсіз реттелетін нарығын стандарттауға және ретке келтіруге бағытталған

шаралар кешені іске асырылды. Атап айтқанда, міндетті лицензиялау, аттестаттау, институционалдық және бағдарламалық аккредиттеу механизмдері, сондай-ақ студенттердің білімін сыртқы бағалау жүйелері енгізілді (Kerimkulova & Kuzhabekova, 2017).

Өкінішке қарай, жоғары білім берудің мазмұны мен ұйымдас-тырылуына мемлекеттік бақылауды күшейту оның сапасының жақсаруына әкелмеді (Ahn et al., 2018; Hartley et al., 2016). Енгізілген шаралар, негізінен, оқытушылар мен студенттер санының арақатынасы, материалдық-техникалық базаның жай-күйі, ғылыми дәрежелері бар оқытушылардың үлесі және түлектердің жұмысқа орналасу деңгейі сияқты формалды, сыртқы сапа белгілерін ғана бағалады. Студенттердің білімін сыртқы бағалау екінші курста тестілеу форматында жүргізілді, бірақ тест тапсырмаларының сапасы да, тестілеу уақытын таңдау да оқытушылар мен студенттер тарапынан сынға ұшырады. Соңғысы әсіресе педагогикалық мамандықтар бойынша мемлекеттік стандарттар мен үлгілік оқу жоспарларына сәйкес, алғашқы төрт семестр ішінде студенттердің, негізінен, Қазақстан тарихы, философия, әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, қазақ (немесе орыс) тілі және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар сияқты жалпы білім беру пәндерін оқуымен байланысты болды. Бұл ретте тестілеу, негізінен, бейіндік және педагогикалық пәндерге бағытталды, ал олар бұл уақытқа дейін әлі толық көлемде оқып-зерттелмеген болатын. Сонымен қатар болашақ мұғалімдерді даярлаудың практикаға бағдарлануын, академиялық адалдық деңгейін, студенттердің уәждемесін, олардың педагогикалық мамандыққа деген көзқарасын, сондай-ақ педагогикалық пәндер оқытушыларының ғылыми өнімділігін қоса алғанда, педагогикалық білім беру сапасының шын мәнінде маңызды көрсеткіштері назардан тыс қалды. Бұл қолданылған бағалау өлшемшарттарының орташа дәрежеде әзірленуімен байланысты болды. Олар жоғары оқу орындары мен мамандықтардың кең ауқымын қамтуға бағытталғандықтан, педагогикалық білім берудің ерекшелігін толық көрсете алмады.

Жоғары білім беру жүйесіндегі жаңалықтармен қатар орта білім беруде де өзгерістер орын алды. 2008 жылы Қазақстанда «20 зияткерлік мектеп» жобасы іске қосылды. Назарбаев Зияткерлік мектептері (НЗМ) білім беру технологияларының заманауи үлгілерін талдау, сынақтан өткізу және енгізу алаңы ретінде құрылды. Бұл Кембридж университетімен бірлесіп әзірленген елдегі алғашқы үштілді білім беру бағдарламасы болды. Құрылымы бойынша оны A-Level, IB және O-Level жүйелерімен салыстыруға болатын. НЗМ орта білім беру саласында көшбасшы болады және уақыт өте келе бүкіл ел бойынша оқыту сапасын арттыруға ықпал

етеді деп болжанды (McLaughlin & Ayubayeva, 2015). Алайда PISA 2009 халықаралық тестілеу нәтижелері дабыл сигналына айналды: 65 елдің ішінде Қазақстан оқу сауаттылығы деңгейі бойынша 59-орынды, жаратылыстану ғылымы бойынша 58-орынды және математикалық сауаттылық бойынша 53-орынды иеленді (Ұлттық білім беру сапасын бағалау орталығы, 2010). Бұл төмен көрсеткіштер НЗМ тәжірибесін бүкіл ел бойынша жалпы білім беретін мектептерге беру үдерісін жеделдетті (Sarmurzin et al., 2021).

НЗМ тәжірибесін беруді негіздеген құжат Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы болды (ББДМБ 2011-2020). Бағдарламаның басты мақсаты білім беру мазмұнын бір мезгілде жаңарта отырып, мектепте оқытудың 12 жылдық моделіне көшу болды. Естеріңізге сала кетейік, Қазақстанда білім беру мазмұнын жаңарту тек оқу бағдарламаларын ғана емес, сонымен қатар функционалдық сауаттылықты, сыни ойлауды және оқушылардың дербестігін дамытуға бағытталған оқытудың жалпы философиясын қамтитын жүйелі тәсіл ретінде қарастырылды. Жаңартуға жаңа әдістемелер мен білім беру технологияларын енгізу есебінен қол жеткізіледі деп болжанған болатын. ББДМБ 2011-2020-да сол кездегі орта білім беру жүйесінің негізгі проблемалары, атап айтқанда, ескірген әдіснамалық тәсілдер мен оқу бағдарламаларының мазмұнын іріктеу қағидаттары көрсетілді. Оқыту, негізінен, оқушының жеке тұлғасын дамытуға емес, формалды нәтижелерге қол жеткізуге бағытталғаны атап өтілді. Осы кемшіліктерді жою шараларының бірі ретінде педагогтердің біліктілігін арттыру жүйесін қайта қарау туралы шешім қабылданды. 2012 жылдан бастап Кембридж университетімен бірлесіп «Өрлеу біліктілікті арттыру ұлттық орталығы» АҚ және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымының Педагогикалық шеберлік орталығы базасында жалпы білім беретін мектептердің мұғалімдеріне арналған үш деңгейлі курстар іске қосылды.

2012 жылы Қазақстан PISA халықаралық зерттеуіне қайта қатысты. Нәтижелер 2009 жылмен салыстырғанда сәл ғана жоғары болды. ЭЫДҰ-ның *Reviews of National Policies for Education: Secondary Education in Kazakhstan* есебінде сарапшылар елге педагогтердің кадрлық әлеуетін дамытуға, сондай-ақ білім беру жүйесінің теңдігі мен тиімділігін арттыруға назар аударуды ұсынды (OECD, 2014). Осы ұсыныстарға жауап ретінде Білім және ғылым министрлігі 2015 жылы ББДМБ 2011-2020 қолданысын мерзімінен бұрын тоқтату және 2016-2019 жылдарға арналған жаңа ББДМБ әзірлеу туралы шешім қабылдады. Жаңа бағдарлама бекітілген кезде Қазақстанда 30 пилоттық мектепте жаңартылған білім

беру мазмұны сынақтан өтіп қойған еді. Бұған қоса 2012-2015 жылдар аралығында біліктілікті арттырудың үш деңгейлі бағдарламасы аясында 52 мыңға жуық педагог оқу курстарынан өтті. ЭЫДҰ-ның ескертулерін ескере отырып, ББДМБ 2016-2019 мектептегі білім берудің жаңартылған мазмұнына толық көшуді, мұғалімдердің курстық даярлығын қамтуды кеңейтуді, орта мектеп педагогінің кәсіби бейініне ғылыми құрамбөлікті кіріктіруді, сондай-ақ елдегі педагогикалық мамандықтың беделін арттыруды өзінің басым міндеттері ретінде айқындады.

ББДМБ 2016-2019 іске асырудың негізгі нәтижелері: «Педагог мәртебесі туралы» Заңды қабылдау (2019), біліктілік санаттары жүйесін енгізу (2020), мектептегі білім берудің жаңартылған мазмұнына толық көшу (2021), «Педагог» кәсіби стандартын бекіту және педагогикалық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасын әзірлеу болды (екі бастама да 2022 жылы қабылданды). «Педагог мәртебесі туралы» Заң әлеуметтік кепілдіктерді, соның ішінде тұрғын үйді, күнтізбелік 56 күндік жыл сайынғы ақылы демалысты және сауықтыру жәрдемақысын бекітті. Ол педагогтерді өзіне тән емес міндеттерге тартуды шектеді және мемлекеттік органдарды кәсіби есептілік нормаларын сақтауға міндеттеді. Сонымен қатар заң тұрақты кәсіби даму құқығына, оның ішінде ғылыми және инновациялық қызметке қатысуға, кемінде үш жылда бір рет біліктілігін арттыруға, сондай-ақ педагогикалық этика нормаларын сақтауға кепілдік берді. Біліктілік санаттары жүйесін енгізу педагогтердің кәсіби өсу – «педагог-модератор», «педагог-сарапшы», «педагог-зерттеуші» және «педагог-шебер» деңгейлерін анықтады, сондай-ақ олардың берілу тәртібін бекітті.

«Педагог» кәсіби стандарты педагогикалық қызметтің мазмұнын, маман даярлау деңгейіне қойылатын талаптарды айқындады, сондай-ақ ол – қазіргі уақытта Қазақстанда педагогтерді даярлау мен біліктілігін арттырудың білім беру бағдарламаларын әзірлеу үшін негіз. «Мектеп педагогі» мамандығының сипаттамасына мынадай негізгі міндеттер кіреді: оқу үдерісін жүргізу, үлгерім мен оқу материалын меңгеру деңгейін бақылау, оқу-әдістемелік материалдарды әзірлеу, өз педагогикалық практикасы мен әріптестердің практикасына рефлексия жүргізу, сондай-ақ білім беру үдерісін зерттеу. Педагогикалық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасы да, стандарт сияқты, зерттеу қызметін педагогтерді дамытудың негізгі бағыты ретінде анықтайды. Зерттеу дағдыларын меңгеру педагогтің жеке тұлғасын дамыту және мектептегі білім беруге инновацияларды енгізу үшін қажетті шарт ретінде қарастырылады. Осыған байланысты бакалавриаттың оқу бағдарламаларына «Зерттеу әдістері» және «Әрекеттегі зерттеу» *(ағылш.*

action research) сияқты пәндерді енгізу ұсынылады, сонымен қатар қорытынды және жобалық жұмыстардың кемінде 50%-ы эмпирикалық сипатта болуы тиіс.

ББДМБ 2016-2019 іске асырудың тағы бір тікелей нәтижесі педагогтердің біліктілігін арттыру курстарын қайта форматтау болды. 2016 жылдан бастап олардың мақсаты мұғалімдердің пәндік білімін жаңарту, заманауи педагогикалық технологияларды меңгеру, сыни бағалау жүйесін қолдануға үйрету ғана емес, сонымен қатар функционалдық сауаттылықты, зерттеу дағдыларын және рефлексивті практиканы дамытуға назар аудару болды. Зерттеушілердің курстар мазмұнының жүйесіздігіне, бюджеттің шектеулігіне және білікті жаттықтырушылардың жетіспеушілігіне байланысты сын-пікірлеріне қарамастан, бұл курстар мұғалімдерді білім берудің жаңартылған мазмұнын енгізуге дайындауда маңызды рөл атқарды және олардың зерттеу қызметі мен педагогикалық рефлексияның маңыздылығын тереңірек түсінуіне ықпал етті деген ортақ пікір бар (Sharplin et al., 2024; Yakavets et al., 2023).

Қазақстанда орта білім беру мазмұнын жаңарту бойынша реформалардың күтпеген, бірақ маңызды салдары жоғары оқу орындарында педагогтерді даярлау мен мұғалімге қойылатын қазіргі заманғы талаптар арасындағы терең алшақтықты ашу болды (Almetov et al., 2022). Біртіндеп педагогикалық жоғары оқу орындарының түлектері қазіргі мектеп мұғалімдеріне қарағанда өз тәжірибесін жетілдіру үшін педагогикалық зерттеулерді қолдануда айтарлықтай артта қалатыны анықталды. Сыншылар мектептердің жас мамандарды жұмысқа қабылдағаннан кейін қосымша оқытуға мәжбүр екенін, ал мемлекет педагогтерді екі мәрте дайындауға қаражат жұмсайтынын атап өтті: бірінші рет жоғары оқу орындарының гранттары есебінен, екінші рет біліктілікті арттыру курстарының жүйесі арқылы (Mukhamejanova et al., 2025).

Жоғары білім беру жүйесін зерттеушілер мен халықаралық сарапшылардың көпшілігі жоғары оқу орындарына кең автономия бермей, жоғары білім сапасын арттыру мүмкін емес деген пікірге келді (Ahn et al., 2018; Hartley et al., 2016). Бірте-бірте Қазақстандағы саяси көшбасшылар да осындай қорытындыға келді. 2018 жылға қарай еліміздің барлық педагогикалық жоғары оқу орындары кеңейтілген академиялық, басқарушылық және қаржылық дербестікке ие болды. Қазіргі уақытта педагогикалық жоғары оқу орындары өздерінің білім беру бағдарламалары мазмұнының 80 пайызын дербес қалыптастырады (Kalimullin & Valeeva, 2023). Ұсынылған академиялық дербестікті пайдалана отырып, педагогикалық жоғары оқу орындары жоғарыда

сипатталған сынға жауап ретінде және Қазақстандағы педагогикалық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасының ұсынымдарына сәйкес ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстарды өздерінің білім беру бағдарламаларының құрылымына енгізе бастады (Кучумова және басқалар, 2025).

Мемлекет дербестік бергенімен, педагогикалық білім берудің сапасына бақылауды әлсіреткен жоқ, керісінше, оны күшейтті. Түрлі тексерулердің нәтижесінде педагогикалық жоғары оқу орындарының саны 2019-2021 жылдар аралығында 86-дан 50-ге дейін қысқарды. Барлық университеттер жан басына шаққандағы қаржыландыруға көшті, бұл жоғары оқу орындары арасындағы бәсекелестікті және білім беру бағдарламаларының сапасын жақсартуға ынталандырды (Аймағамбетов, 2021). Педагогикалық жоғары оқу орындарының түлектері мен мұғалімдер үшін педагогикалық даярлық сапасының индикаторы ретінде қызмет етуге арналған біліктілік тесті енгізілді. Бұл тестіден сәтті өтпеген түлектер мемлекеттік мектептерде сабақ беруге құқылы болмайды. Білім беру саласына мықты талапкерлерді тарту мақсатында педагогикалық мамандықтар бойынша шәкіртақы 2,5 есеге ұлғайтылды (Смаилов, 2023). Сондай-ақ ҰБТ нәтижелері бойынша педагогикалық мамандықтарға түсу балы 75-ке дейін көтерілді (Аймағамбетов, 2021). ҰБТ тестілеуі жаңартылды: енді оған үш міндетті пән – Қазақстан тарихы (20 тапсырма), математикалық сауаттылық (10 тапсырма) және оқу сауаттылығы (10 тапсырма), сондай-ақ мамандыққа байланысты таңдалатын, әрқайсысы 40 тапсырмадан тұратын екі бейіндік пән кірді. Бейіндік пәндерге мәнмәтінге негізделген және логикалық сәйкестіктерді анықтауға арналған тапсырмалар кірді. Мұндай форматты педагогикалық мамандықтар үшін мінсіз деуге келмесе де, ол, ең болмағанда, тестілеу кезеңінде педагогикалық бағдарламаларды табысты меңгеру үшін қажет пәндік білім мен талдамалық дағдыларға ие емес үміткерлерді анықтауға мүмкіндік береді.

Бұл тарауда біз Қазақстандағы педагогикалық білім берудің эволюциясын қарастырдық және зерттеуіміздің мәнмәтінін белгіледік. Еліміздің білім беру жүйесі 1990 жылдардағы жойқын зардаптардан бастап, 2000 жылдардағы институционалдық қайта құрулар арқылы 2010 және 2020 жылдардағы мазмұнды және тұжырымдамалық реформаларға дейін қиын жолдан өтті. Педагогикалық білім берудің дамуы толқынды түрде жүрді. Алдымен, кеңестік кезеңде қатаң орталықтандырылған бақылау жүргізілді, одан кейін тәуелсіздіктің алғашқы онжылдығында мемлекеттік ықпалдың әлсіреуі мен стратегиялық бағыттың болмауы байқалды, ал кейіннен реттеудің күшеюі басталып, соңғы жылдары

дербестік негіздері қалыптаса бастады. Бұл ретте орта және жоғары білім берудегі реформалар көбінесе қатар, бірақ келісілмеген түрде дамыды. Мектептегі білім берудің мазмұнын жаңарту сияқты ең ауқымды трансформацияның өзінде де педагогикалық жоғары оқу орындары негізгі үдерістерге белсенді тартылған жоқ. Бұл түлектердің дайындық деңгейі мен бүгінгі мектеп мұғаліміне қойылатын талаптар арасындағы үлкен алшақтыққа әкелді. Жас мамандардың біліктілікті арттыру курстарынан өткен әріптестеріне қарағанда даярлығы төмен болып шықты. Дегенмен соңғы жылдары жоғары педагогикалық білім беру саласындағы реформалар қисынды және жүйелі бола бастады. Университеттерге академиялық дербестік беру ерекше маңызды болды, өйткені бұл білім беру бағдарламаларын қазіргі заманғы білім беру ортасының өзекті қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді. Бұл педагогті даярлаудың орталық элементіне айналған зерттеуге бағдарланған тәсілді енгізу үшін ерекше маңызға ие.

### Пайдаланылған дереккөздер тізімі

- Ahn, E. S., Dixon, J., & Chekmareva, L. (2018). Looking at Kazakhstan's higher education landscape: From transition to transformation between 1920 and 2015. In J. Huisman, A. Smolentseva, I., & Froumin (Eds.), *25 Years of transformations of higher education systems in post-soviet countries: reform and continuity* (pp. 199–227). Palgrave Macmillan, Cham. [https://doi.org/10.1007/978-3-319-52980-6\\_8](https://doi.org/10.1007/978-3-319-52980-6_8).
- Almetov, N., Zhorabekova, A. & Yesnazar A. (2022). Modernization of pedagogical training of the future teacher at universities of Kazakhstan. *Pedagogy and Psychology*, 52(3), 121–130. <https://doi.org/10.51889/9336.2022.34.23.013>.
- Hartley, M., Gopaul, B., Sagintayeva, A., & Apergenova, R. (2016). Learning autonomy: Higher education reform in Kazakhstan. *Higher Education*, 72(3), 277-289. <https://doi.org/10.1007/s10734-015-9953-z>.
- Jumabayeva, Z. (2016). The key drivers of the Unified National Test in Kazakhstan: A critical analysis of its impact on school leavers. *NUGSE Research in Education*, 1(2), 16-20.
- Kalimullin, A. M., & Valeeva, R. A. (2023). Teacher education in post-soviet states: Transformation trends. In I. Menter (Ed.), *The Palgrave handbook of teacher education research* (pp. 1293-1312). Palgrave Macmillan, Cham. [https://doi.org/10.1007/978-3-030-59533-3\\_65-1](https://doi.org/10.1007/978-3-030-59533-3_65-1).
- Kalimullin, A., Valeeva, R., & Baklashova, T. (2024). From the Soviet Union to Russia: Fifty years of reforms in initial teacher education. *Journal of Education for Teaching*, 50(5), 801-815. <https://doi.org/10.1080/02607476.2024.2413936>

- Kerimkulova, S., & Kuzhabekova, A. (2017). Quality assurance in higher education of Kazakhstan: A review of the system and issues. *The rise of quality assurance in Asian higher education*, 87-108. <https://doi.org/10.1016/b978-0-08-100553-8.00006-9>.
- Kuzhabekova, A., & Mukhamejanova, D. (2017). Productive researchers in countries with limited research capacity: Researchers as agents in post-Soviet Kazakhstan. *Studies in Graduate and Postdoctoral Education*, 8(1), 30-47. <https://doi.org/10.1108/SGPE-08-2016-0018>.
- Kuzhabekova, A., & Ruby, A. (2018). Raising research productivity in a post-Soviet higher education system: A case from Central Asia. *European Education*, 50(3), 266-282. <https://doi.org/10.1080/10564934.2018.1444942>.
- Lodhi, I., & Ilyassova-Schoenfeld, A. (2023). The Bologna process and its impact on the higher education reforms in Kazakhstan: a case of policy transfer and translations. *Studies in Higher Education*, 48(1), 204-219. <https://doi.org/10.1080/03075079.2022.2124244>.
- Makoelle, T. M., & Burmistrova, V. (2021). Teacher education and inclusive education in Kazakhstan. *International Journal of Inclusive Education*, 29(4), 447-463. <https://doi.org/10.1080/13603116.2021.1889048>.
- McLaughlin, C., & Ayubayeva, N. (2015). 'It is the research of self-experience': feeling the value in action research. *Educational Action Research*, 23(1), 51-67. <https://doi.org/10.1080/09650792.2014.994018>.
- Mukhamejanova, D., Zhaksybay, M., & Kuchumova, G. (2025). Research-based teacher education in Kazakhstan: Student perspectives on educational research methods courses. *Journal of Education for Teaching*, 51(3), 581-595. <https://doi.org/10.1080/02607476.2025.2503008>.
- OECD. (2014). *Reviews of national policies for education: Secondary education in Kazakhstan*. OECD Publishing. <https://doi.org/10.1787/9789264205208-en>
- Sarmurzin, Y., Amanzhol, N., Toleubayeva, K., Zhunusova, M., & Amanova, A. (2021). The impact of OECD research on the education system of Kazakhstan. *Asia Pacific Education Review*, 22(4), 757-766. <https://doi.org/10.1007/s12564-021-09715-8>.
- Sharplin, E., Karabassova, L., & Bekova, M. (2024). Educational practitioners' conceptualizations of the nature, impact and challenges of educational research in Kazakhstan. *Asia Pacific Education Review*, 25(1), 213-227. <https://doi.org/10.1007/s12564-023-09900-x>.
- Smolentseva, A., Huisman, J., & Froumin, I. (2018). Transformation of higher education institutional landscape in post-soviet countries: From soviet model to where? In J. Huisman, A. Smolentseva, I., & Froumin (Eds.), *25 Years of transformations of higher education systems in post-soviet countries: reform and continuity* (pp. 1-43). Palgrave Macmillan, Cham. [https://doi.org/10.1007/978-3-319-52980-6\\_1](https://doi.org/10.1007/978-3-319-52980-6_1).

- Tastanbekova, K. (2018). Teacher education reforms in Kazakhstan: Trends and issues. *Bulletin of Institute of Education, University of Tsukuba*, 42(2), 87-97. <https://core.ac.uk/download/pdf/158327214.pdf>.
- Yakavets, N., Winter, L., Malone, K., Zhontayeva, Z., & Khamidulina, Z. (2023). Educational reform and teachers' agency in reconstructing pedagogical practices in Kazakhstan. *Journal of Educational Change*, 24(4), 727-757. <https://doi.org/10.1007/s10833-022-09463-5>.
- Аймағамбетов, А. (2021, қараша 16). Қазақстанның барлық университеттері жан басына қаржыландыру жүйесіне көшеді. *Қазақстан Республикасы премьер-министрінің ресми ақпараттық ресурсы*. <https://primeminister.kz/ru/news/vse-universitety-kazahstana-pereydut-na-sistemu-podushevogo-finansirovaniya-a-aymagambetov-1610186>.
- «Жоғары білім беру туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 10 сәуірдегі № 2110-ХІІ Заңы (1993). *Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің ведомостары*. [https://online.zakon.kz/Document/?doc\\_id=1001895](https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1001895)
- «Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 293-VI Заңы (2019). «Әділет» *Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі*. 2025 жылғы 16 маусымда алынды: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1900000293>.
- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (2022). *Қазақстан Республикасында педагогикалық білім беруді жаңғырту тұжырымдамасы*. <https://www.kaznpu.kz/docs/docs/koncept2023.pdf>.
- Кучумова, Г., Сарсенбаева, А., & Мухамеджанова, Д. (2025). Қазақстандағы зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру: мақсаттары, іске асырылуы және проблемалары. *Абылай хан атындағы ҚазХҚЖӘТУ жаңалықтары, сериясы: Педагогика ғылымдары*, 76 (1), 126-150. <https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.76.1.009>.
- Ұлттық білім беру сапасын бағалау орталығы (2010). *Қазақстандағы PISA-2009 халықаралық зерттеуінің қорытындысы бойынша ұлттық есеп*. <https://taldau.edu.kz/publikaciya/nacionalnyj-otchet-po-itogam-mezhdunarodnogo-issledovaniya-pisa-2009-v-kazahstane>.
- «Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 249 қаулысы (2023). «Әділет» *Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі*. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2300000249>.
- «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы (2020). «Әділет» *Қазақстан Республикасы*

*нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.*  
<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000020618>.

- «Педагог» кәсіби стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы (2022). *«Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.* <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031149>
- «Ұлттық бірыңғай тестілеуді ұйымдастыру және өткізу қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 16 наурыздағы № 213 бұйрығы (2004). *«Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.* <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V040002804>
- Смаилов, А. (2023, желтоқсан 05). Мемлекет жастардың мұғалім атануға ұмтылысын әрі қарай да қолдайды. *Қазақстан Республикасы премьер-министрінің ресми ақпараттық ресурсы.* <https://primeminister.kz/ru/news/gosudarstvo-budet-i-dalee-podderzhivat-molodykh-lyudey-v-ikh-stremlenii-poluchit-professiyu-uchitelya-alikhan-smailov-26534>.
- «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011 – 2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 7 желтоқсандағы № 1118 Жарлығы (2010). *«Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.* <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1000001118>.
- «Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2016 – 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы (2016). *«Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі.* <https://adilet.zan.kz/rus/docs/U1600000205>.

## ТАРАУ 4

### ЗЕРТТЕУ ӘДІСНАМАСЫ

Осы монография 2023-2025 жылдар аралығында жүргізілген зерттеу жобасының нәтижелерін ұсынады. Көптік кейс-стади дизайнын (Yin, 2009) пайдалана отырып зерттеу елдің әртүрлі өңірлерінде: солтүстік, шығыс, батыс және орталық аймақтарда орналасқан Қазақстанның төрт жоғары оқу орнында жүргізілді.

Жоғары оқу орындарын іріктеу бірнеше факторлармен түсіндірілді. Біріншіден, 2018 жылы коммерциялық емес акционерлік қоғам болып қайта аталған өңірлік жоғары оқу орындары іс жүзінде мемлекеттік болып саналады және мемлекеттік білім беру саясатына сәйкес жұмыс істейді. Сәйкесінше олар – қазақстандық жоғары оқу орындарының педагог кадрлардың зерттеушілік әлеуетін дамыту жөніндегі мемлекеттік саясатты қалай іске асыратынын зерттеу үшін қызықты кейс. Екіншіден, таңдалған жоғары оқу орындарының педагогикалық кадрларды даярлауда тамыры кеңестік кезеңге кететін елеулі тәжірибесі бар. Біз осы жоғары оқу орындарын таңдадық, себебі осындай тәжірибесі бар университеттер мемлекеттік білім беру саясатын іске асыруға және болашақ педагогтерді даярлауға өзіндік ерекше тәсілдерді әзірлей алады деп есептедік. Үшіншіден, еліміздің төрт өңірінен жоғары оқу орындарын қамту зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім берудің әртүрлі өңірлік мәнмәтінде қалай жүзеге асырылып жатқанын түсінуге деген ұмтылыспен байланысты болды.

Эмпирикалық деректер 2023 жылдың қыргүйегі мен қарашасы аралығында жиналды. Негізгі деректер екі әдіспен – сұхбат алу және

сауалнама жүргізу арқылы алынды. Зерттеу қатысушыларының көзқарастары мен жеке тәжірибесін, сондай-ақ әлеуметтік және институционалдық мәнмәтінді тереңірек түсіну үшін қолданылатын жеке тереңдетілген сұхбаттар (Brinkmann & Kvale, 2018; Creswell, 2013) педагогикалық білім беру бағдарламаларына жауапты жоғары оқу орындарының әкімшілігімен, сондай-ақ жетекшілік ететін министрліктің ұсынымы бойынша болашақ педагогтердің оқу бағдарламасына енгізілген ғылыми-әдіснамалық пәнді жүргізетін оқытушылармен өткізілді. Сұхбатқа барлығы 45 қатысушы қатысты, олардың 12-сі декандар мен кафедра меңгерушілері (олардың кейбіреулері ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша пәннен сабақ берді) және 33-і профессорлық-оқытушылық құрамның өкілдері болды. Педагогика факультеттерінің қатысушылары 21 адам болды, қалғандары математика, физика, химия, биология, география, сондай-ақ тілдер (шет) бойынша пән мұғалімдерін дайындайтын педагогикалық емес факультеттерден болды (2-кестені қараңыз).

2-кесте – Сұхбат қатысушыларының іріктемесі

| Университет | Орналасқан жері     | Лауазымы                      |                               | Факультет     |                     |
|-------------|---------------------|-------------------------------|-------------------------------|---------------|---------------------|
|             |                     | Әкімшілік қызметкерлер құрамы | Профессорлық-оқытушылық құрам | Педагогикалық | Педагогикалық емес* |
| А           | Орталық Қазақстан   | 4                             | 8                             | 5             | 7                   |
| Б           | Шығыс Қазақстан     | 4                             | 10                            | 5             | 9                   |
| С           | Солтүстік Қазақстан | 1                             | 8                             | 6             | 3                   |
| Д           | Батыс Қазақстан     | 3                             | 7                             | 5             | 5                   |
| Барлығы     |                     | 12                            | 33                            | 21            | 24                  |

\*Педагогикалық емес факультеттер жаратылыстану және гуманитарлық ғылымдар бойынша пән мұғалімдерін дайындайтын университеттердің академиялық бөлімшелерін білдіреді. Осы факультеттердің қатысушылары математика, физика, химия, биология, география және тілдер сияқты академиялық салалардың өкілдері болды.

Сұхбаттар педагогикалық кадрлардың зерттеушілік дайындығы туралы әдебиеттерге кең шолу негізінде әзірленген хаттамаға сәйкес

жүргізілді. Хаттама педагогикалық кадрларды даярлаудағы зерттеу мен зерттеушілік оқытудың рөлін қатысушылардың қалай түсінетінін, педагогикалық бағдарламалар аясында бұл оқытуды жүзеге асырудағы олардың тәсілдері мен әдістерін, сондай-ақ болашақ педагогтердің зерттеушілік қабілеттерін дамыту барысында кездесетін қиындықтарды анықтауға бағытталған 14 сұрақтан тұрды.

Педагогикалық мамандықтардың жоғары курс студенттері арасында сауалнама қағаз нұсқада жүргізілді. Зерттеуге қатысқан студенттердің жалпы саны 450 адамды құрады. Олардың көпшілігі әйелдер болды, бұл таңқаларлық жайт емес, өйткені Қазақстанда педагогикалық мамандықта әйелдер басым (Ryskaliyev et al., 2019) (3-кестені қараңыз).

3-кесте – Сауалнама респонденттерінің іріктемесі

| Университет | Орналасқан жері     | Жасы (медиана) | Жынысы |      | Мамандығы  |  |
|-------------|---------------------|----------------|--------|------|--|--|
|             |                     |                | Еркек  | Әйел | Жаратылыстану ғылымдары, технология, инженерия және математика | Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар және өнер |
| A           | Орталық Қазақстан   | 20             | 14     | 69   | 30   | 53   |
| B           | Шығыс Қазақстан     | 20             | 10     | 114  | 46   | 78   |
| C           | Солтүстік Қазақстан | 20             | 22     | 104  | 56   | 70   |
| D           | Батыс Қазақстан     | 23             | 14     | 103  | 54   | 63   |
| Барлығы     |                     |                | 60     | 390  | 186  | 264  |

Сауалнама екі бөлімнен тұрды. Бірінші бөлім Ликерт межелігінің форматы бойынша әзірленген 20 жабық сұрақтан тұрды. Сұрақтар респонденттерге жаңадан енгізілген зерттеу әдістемесі курсының мазмұнын, оқыту әдістерін және оқу нәтижелерін бағалауды, сондай-ақ бұл курстың олардың зерттеу қызметіне деген қызығушылығын арттыруға ықпал еткен-етпегенін және болашақ педагогикалық практикаларында зерттеу жүргізуге дайын сезінген-сезінбегенін анықтауға бағытталды.

Сауалнаманың екінші бөлімінде респонденттердің педагогикалық және білім беру зерттеулері туралы не білетіні туралы тереңірек түсінік қалыптастыру үшін әзірленген жеті ашық сұрақ ұсынылды. Осы сұрақтардың

бір бөлігі ретінде біз олардан педагогика мен білім берудегі зерттеу әдістерін, олар орындаған тапсырмаларды, сондай-ақ курс барысында кездескен қиындықтарды атауды сұрадық. Сонымен қатар студенттерге болашақ мамандықтары үшін ғылыми-әдістемелік дайындықтың маңыздылығы туралы ойлану ұсынылды.

Сұхбат пен сауалнама деректері институционалдық құжаттарды талдаумен және далалық аудиожазбалармен толықтырылды. Институционалдық құжаттар ретінде жоғары оқу орындарына бару кезінде жиналған ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша пәннің оқу бағдарламалары, оқу-әдістемелік кешендері мен силлабустар талданды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасының Жоғары білім беру бірыңғай платформасындағы білім беру бағдарламалары тізілімінен алынған төрт жоғары оқу орнының педагогикалық бағдарламаларының сипаттамалары да зерделенді. Әр жоғары оқу орнына барғаннан кейін бірден жазылған далалық аудиожазбалар екі зерттеушінің өзара әңгімесі түрінде болды, онда олар естігені, көргені және сезінгені туралы алғашқы ойларын және әсерлерін бөлісті.

Сандық деректерді талдау үшін сипаттамалық статистика қолданылды. Жиналған сапалық деректерді өңдеу алты кезеңнен тұратын тақырыптық талдау арқылы жүзеге асырылды (Braun & Clarke, 2006). Бірінші кезең жиналған деректерге бойлаумен байланысты, яғни сұхбат транскриптілері мен құжаттарды оқу арқылы олардың мазмұнымен танысып, мәнін түсінуді қамтиды. Екінші кезең зерттеудің мақсаттары мен міндеттеріне қатысты вербалды деректердің бөліктерін кодтау негізінде бастапқы кодтарды құруды қамтиды. Үшінші кезеңде кодтар арасындағы байланыстар мен заңдылықтарды анықтау негізінде тақырыптарды іздеу жүзеге асырылады. Ұқсас кодтар үлкен санаттарға, содан кейін тақырыптарға біріктіріледі. Тақырып әдетте зерттеуге және оның сұрақтарына қатысты орталық және қайталанатын идеяны білдіреді. Төртінші кезең тақырыптарды сыни, яғни олар кодталған деректерді қаншалықты анық және дәл көрсететінін бағалауды қамтиды. Бұл кезеңде тақырыптар қайта қаралуы мүмкін. Бесінші кезең тақырыптардың түпкілікті анықтамасымен және олардың белгіленуімен байланысты, ол өте қысқа, бірақ ақпаратқа толы болуы тиіс. Соңғы, алтыншы кезеңде тақырыптарды ұсынудың қисындылығын, оларды сұхбаттардан немесе құжаттардан үзінділер арқылы растауды, сондай-ақ олардың зерттеу үшін маңыздылығын түсіндіруді ескеретін есеп дайындалады.

Зерттеу Академиялық адалдық лигасының Ғылыми және зерттеу этикасы жөніндегі комитеті (AIL REC) мақұлдаған зерттеу этикасының қағидаттары мен стандарттарына сәйкес жүргізілді. Зерттеуге қатысу ерікті болды. Деректерді жинау басталғанға дейін барлық респонденттерге зерттеуге қатысуға ақпараттандырылған келісім нысаны берілді.

Жүргізілген зерттеу әдіснамасында жобаның мақсаттарына, оны жүзеге асырудың уақыт шеңберіне және бюджетке байланысты шектеулер болғанын атап өткен жөн. Біріншіден, зерттеуге Қазақстанда педагогикалық кадрлар даярлайтын 49 жоғары оқу орнының төртеуі ғана қатысты (Baigenews, 2023). Тиісінше оның нәтижелерін кеңірек іріктемеге тікелей экстраполяциялау мүмкін емес. Алайда зерттеу нәтижелерді статистикалық жалпылауды мақсат етпегенін ескеру қажет. Керісінше, төрт жоғары оқу орнына назар аударуымыз Қазақстандағы зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді жүзеге асырудың қолданыстағы тәсілдері мен жолдарын тереңірек мәнмәтіндік түсінуге деген ұмтылысымызбен байланысты.

Екіншіден, жиналған эмпирикалық деректер табиғатынан субъективті. Дегенмен олар Қазақстандағы педагогикалық бағдарламаларға зерттеуге бағдарланған білім беру тәжірибелерін енгізу аясындағы оқыту мен оқудағы жеке тәжірибенің кең ауқымын көрсетеді. Зерттеу нәтижелерінің сенімділігін арттыру үшін триангуляция (бірнеше дерек-көздерді пайдалану) және деректерді талдауға жүйелі әрі бірлескен тәсіл қолданылды.

Әдіснамадағы бар шектеулерге қарамастан, біздің зерттеуіміз академиялық қоғамдастық үшін бірегей және пайдалы нәтижелерді ұсынады деп санаймыз, бұл әсіресе Қазақстандағы педагогикалық білім беру (OECD, 2020) және батыс елдерінің білім беру мәнмәтінінен тыс жерде педагогтерді даярлаудағы зерттеуге бағытталған тәжірибелерді іске асыру туралы ғылыми ақпараттың шектеулі болуына байланысты өте өзекті (Munthe, 2019). Осылайша біздің зерттеуіміздің қорытындылары зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру туралы қолданыстағы білімді кеңейтеді және ел ішінде педагогтерді даярлауды жақсарту үшін де, сондай-ақ қазақстандық үлгіге ұқсас, мысалы, Орталық Азия елдерінде педагог кадрларды даярлаудың басқа жүйелерінде де пайдаланылуы мүмкін.

### Пайдаланылған дереккөздер тізімі

- Baigenews. (2023, December 5). V Kazakhstane na 72% obnovleny obrazovatelnye programmy [72% of teacher education programs are renewed in Kazakhstan]. [https://rus.baq.kz/v-kazahstane-na-72-obnovleny-obrazovatelnye-programmy-pedagogicheskikh-vuzov\\_165289/?ysclid=mburs1m353743911998](https://rus.baq.kz/v-kazahstane-na-72-obnovleny-obrazovatelnye-programmy-pedagogicheskikh-vuzov_165289/?ysclid=mburs1m353743911998).
- Braun, V., & Clarke, V. (2006). Using thematic analysis in psychology. *Qualitative Research in Psychology*, 3(2), 77–101. <https://doi.org/10.1191/1478088706qp063oa>.
- Brinkmann, S., & Kvale, S. (2018). *Doing interviews* (2nd ed.). Sage Publications Ltd.

- Creswell, W. (2013). *Qualitative inquiry and research design: Choosing among five approaches* (3rd ed.). Sage Publications.
- Munthe, E. (2019). Research-based teacher education. In M. Peters (Ed.), *Encyclopedia of teacher education*. Springer, Singapore. [https://doi.org/10.1007/978-981-13-1179-6\\_53-1](https://doi.org/10.1007/978-981-13-1179-6_53-1).
- OECD. (2020). Raising the quality of initial teacher education and support for early career teachers in Kazakhstan, *OECD Education Policy Perspectives*, 25. OECD Publishing. <https://doi.org/10.1787/68c45a81-en>.
- Ryskaliyev, D., Mirzaliyeva, A., Tursynbayeva, G., Muratova, E., Buribayev, Y., & Khamzina, Z. (2019). Gender inequality among employees in Kazakhstan. *Lawyer Quarterly*, 9(4), 319–332. <https://tlq.ilaw.cas.cz/index.php/tlq/article/view/370/364>.
- Yin, R. (2009). *Case study research: Design and methods* (4th ed.). Thousand Oaks, CA: Sage Publications.

## ТАРАУ 5

### ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЗЕРТТЕУГЕ БАҒДАРЛАНҒАН ПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ

#### **Болашақ педагогтерді даярлаудағы зерттеуге бағдарланған білім берудің рөлін түсіну**

Студенттердің зерттеу білімдері мен дағдыларын дамытуға кіріспес бұрын болашақ мектеп педагогтерінің зерттеуге бағдарланған білім беруі деген ұғым нені білдіретінін нақты айқындау маңызды. Басқаша айтқанда, осындай даярлықты іске асыруға жауапты тұлғалар мұғалімнің қызметіндегі зерттеулердің рөлі мен зерттеуге бағытталған педагогикалық даярлықтың рөлін ұжымдық тұрғыда түсінуі қажет. Мұндай түсініктің маңыздылығы оның білім беру бағдарламаларының зерттеу құрамбөлігінің мазмұны мен ұйымдастырылуына әсер етуінде. Егер мұндай түсінік кафедраның, жоғары мектептің, жоғары оқу орнының немесе білім беру жүйесінің академиялық қоғамдастығының барлық мүшелерімен ұжымдық немесе ортақ болса, онда болашақ мұғалімдердің зерттеушілік дайындығын жүзеге асыру келісілген және жүйелі болмақ. Бір кафедра оқытушыларының мұғалім қызметіндегі зерттеулердің рөлі немесе болашақ мұғалімдерді зерттеуге баулудың мағынасы туралы ортақ түсінігі жоқ жағдайды елестетіп көріңіз. Мұндай келіспеушілік білім беру бағдарламаларының зерттеу құрамбөлігін (мысалы, ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстарды) іске асыруда әртүрлі тәсілдерге және сәйкесінше әртүрлі оқыту нәтижелеріне әкелуі мүмкін екендігі таңқаларлық емес. Сонымен қатар бұл мәселе бойынша бірізділіктің

болмауы зерттеу дағдыларын дамытудағы реттілікті (қарапайымнан күрделіге қарай логикалық құрылымды) және жүйелілікті (белгілі бір мақсатқа жетуге бағытталған бағдарлама элементтерінің тұтастығын) бұзуы мүмкін.

Халықаралық білім беру тәжірибесінде зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру практикалық педагогикалық міндеттерді шешу үшін қолданыстағы және өзінің ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін қолдана алатын, сондай-ақ тез өзгертін әлемнің талаптарына сәйкес оларды жетілдіру мақсатында ғылыми теориялар мен зерттеу нәтижелері тұрғысынан өзінің кәсіби қызметін де, педагогикалық практикасын да, жалпы білім беру саясатын да сыни тұрғыдан түсінетін болашақ мұғалімдерді даярлау деп түсініледі. Алайда, жүргізілген зерттеу көрсеткендей, Қазақстан жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерге зерттеуге бағдарланған білім берудің рөлі туралы ұжымдық немесе келісілген түсініктің болмауы мәселесі бар. Бұл ретте осы айырмашылықтар тек жеке деңгейде ғана емес, сонымен қатар бір университеттің жоғары мектептері (факультеттері) деңгейінде де көрінеді. Педагогикалық білім беру бағдарламаларын іске асыратын төрт жоғары оқу орнының декандарымен, кафедра меңгерушілерімен және оқытушыларымен жүргізілген терең жеке сұхбаттарға сүйене отырып, зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім берудің маңыздылығы (1) оқушылардың зерттеу жобаларын басқарумен, (2) зерттеулер арқылы жаратылыстану-ғылыми бейіндегі пәндерді оқытумен, (3) мектепте мансаптық ілгерілеумен, (4) зерттеулерге негізделген педагогикалық қызметпен, (5) ғылыми кадрларды даярлаумен, сондай-ақ (6) кәсіби қызметке зерттеу көзқарасын дамытумен байланысты екендігі анықталды.

### ***Оқушылардың зерттеу жобаларына жетекшілік***

Жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сәйкес педагогикалық қызметтегі және мектеп мұғалімдерін даярлаудағы зерттеудің рөлін басым түсіну оның утилитарлық мәніне, атап айтқанда, оқушылардың ғылыми жобаларына тиімді басшылық ету үшін зерттеу білімі мен дағдыларының маңыздылығына саяды. Бүгінде оқушыларды әртүрлі ғылыми-зерттеу олимпиадалары мен конкурстарға тарту арқылы ғылымға баулу Қазақстандағы мектеп педагогінің қызметін бағалаудың және оның мансаптық саты бойынша ілгерілеуінің маңызды өлшемшарттарының біріне айналды. Осыған байланысты мектеп оқушыларының ғылыми-жобалық қызметін ұйымдастыра білу және олардың ғылыми жобаларын басқара білу зерттеу үдерісін, әдістері мен стандарттарын білумен

байланыстырылады. Тиісінше зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім берудің рөлі болашақ мұғалімдерді мектеп оқушыларының ғылыми жобаларына ғылыми жетекшілік етуге дайындау деп түсініледі. Сұхбаттың келесі үзінділері қатысушылардың жоғарыда аталған пікірін көрсетеді:

*Болашақ педагогтерге зерттеушілік дайындық, әрине, қажет, өйткені мұғалімдер мектепте ғылыми қызметке міндетті түрде қатысады. Олар балаларға мұны қалай дұрыс жасау керектігін түсіндіруі керек, өйткені бізде мектептерде жобалық қызмет өте белсенді. Тіпті бастауыш сыныптардан бастап балалар зерттеу жобаларымен айналыса бастайды, ал орта және жоғары сыныптарда бұл қызмет әлдеқайда қарқынды болады. Сондықтан мұғалімдер мұндай жұмысты қалай дұрыс ұйымдастыру керектігін білуі керек. (У14, Б университеті, ПОҚ, лингвистика)*

*Менің ойымша, болашақ педагогтерді жоғары оқу орнында зерттеу дағдыларымен қамтамасыз етудің басты мақсаты – олардың мектеп оқушыларының ғылыми-жобалық қызметін ұйымдастыруға қабілетті болуы, яғни оқушыға зерттеу нысаны мен тақырыбын таңдап, мақсат пен гипотезаны тұжырымдап, зерттеу әдістері мен материалдарын іріктеп, зерттеуді дұрыс ресімдеуге көмек көрсету. Басқаша айтқанда, олар мектеп оқушыларын мектепте зерттеу жүргізуге ұйымдастыруға дайын болуы керек. (У1, С университеті, ПОҚ, география)*

Оқушылардың жобаларын басқару үшін болашақ мұғалімдердің зерттеу білімі мен дағдыларын дамыту қажеттілігін түсіну зерттеуге қатысушылардың жеке тәжірибесінен туындады. Олардың кейбіреулері педагогтер мен мектеп оқушыларына мектеп жобаларын әзірлеу бойынша консультация берді, ал кейбіреулері қазылар алқасы ретінде мектеп жобаларының конкурстарына қатысты. Мұндай тәжірибе олардың оқушылардың жобаларына жетекшілік етуде мұғалімдер кездесетін қиындықтар туралы түсінігін кеңейтті және сәйкесінше педагогикалық білім беру аясында зерттеуге бағдарланған даярлықтың рөлін қалыптастырды:

*Менің ойымша, педагогикалық мамандықтарда зерттеуге үйрету өте маңызды. Мен өзім мектепте жұмыс істедім және қазір мектеп мұғалімдерінің алдында қандай талаптар тұрғанын білемін.*

*Олардың көпшілігі мектеп оқушыларының ғылыми жобаларын ұйымдастыруда және басқаруда қиындықтарға тап болады. Мен көбінесе мектептегі ғылыми жобалардың әртүрлі конкурстарында қазылар алқасының мүшесімін және көптеген жұмыстардың талаптарға сәйкес келмейтінін көремін. Менің ойымша, мұндай жұмыстардың жетекшілері, яғни мұғалімдер зерттеу жобасының мәнін түсінбейді. Сондықтан бұны [зерттеуді] университетте үйрету маңызды деп санаймын. (У9, А университеті, ПОҚ, математика)*

### ***Жаратылыстану-ғылыми бейіндегі пәндерді зерттеу арқылы оқыту***

Болашақ педагогтерді даярлауда зерттеу білімі мен дағдыларының рөлімен байланыстырылатын педагогикалық қызметтің екінші аспектісі – жаратылыстану-ғылыми бейіндегі пәндерді зерттеуге негізделген тәсіл арқылы оқыту (*ағылш.* Inquiry-based science education). Бұл тәсіл жаратылыстану ғылымдарын және олардың заңдары мен қағидаттарын игеру студенттерді зерттеу қызметіне тарту арқылы мүмкін болады деп болжайды. Бұл ретте білім оқушылардың белсенді қатысуы арқылы немесе олардың оқылып жатқан пән бойынша өз оқу үдерісіне тартылуы барысында меңгеріледі. Мысалы, физика сабақтарында оқушылар ғылыми тәжірибелерді мұғалімнің бақылауымен де, өз бетінше де әзірлеп, жүргізе алады және сол арқылы белгілі бір физикалық құбылыс туралы білімді өз бетімен меңгереді. Зерттеуге негізделген оқытуды тиімді ұйымдастыру үшін мұғалімнің зерттеу туралы білімі мен дағдылары болуы керек. Осыған байланысты зерттеуімізге қатысушылар педагогикалық бағдарламалар шеңберіндегі зерттеушілік дайындық болашақ мұғалімдердің жаратылыстану ғылымдары саласындағы зерттеулердің философиялық негіздерін, стандарттарын, үдерісі мен әдістерін түсінуін дамытуға бағытталуы тиіс екенін атап өтті. Ғылыми зерттеу үдерісі мен әдістерін түсінбестен, зерттеулер негізінде жаратылыстану ғылымдарын оқытуды тиімді ұйымдастыру мүмкін емес.

*Мектеп педагогінің міндеттерінің бірі – оқушылардың ғылымға деген қызығушылығын ояту. Сондықтан зерттеу жұмыстарының түрлерін сабақтарына кіріктіру үшін болашақ мұғалімге ғылым туралы білім қажет. Мысалы, мектептің химия бағдарламасында көптеген жобалық жұмыстар бар. Оларды дұрыс ұйымдастыру*

*ғылыми зерттеулердің негіздерін білуді талап етеді. (У2, С университеті, ПОҚ, химия)*

Жаратылыстану-ғылыми бейіндегі пәндерді зерттеуге негізделген оқытуды табысты жүзеге асыру үшін болашақ педагогтердің зерттеушілік дайындығы маңызды екені көбінесе педагогикалық емес факультеттердің өкілдері тарапынан атап өтілді.

### ***Мектептегі мансаптық өсу***

Зерттеу жүргізу дағдыларын дамыту маңыздылығын қатысушылар мектептегі мансаптық өсуге қойылатын қолданыстағы талаптармен байланыстыра атап өтті. Кәсіби аттестаттаудан өту үшін және мансапта жоғарылау үшін, мысалы, педагог-сарапшы, педагог-зерттеуші немесе педагог-шебер болу үшін мұғалімдер ғылыми мақалалар дайындау және жариялау арқылы зерттеу қызметіне қатысқанын көрсетуі қажет екені белгілі. Осы орайда қатысушылар педагогикалық білім беру бағдарламалары аясындағы зерттеушілік дайындық тек қолданбалы зерттеулерді жоспарлау мен жүргізу дағдыларын дамытуға ғана емес, сонымен қатар олардың нәтижелерін жариялауға да бағытталуы тиіс деп есептеді. Мақалаларды сәтті жариялау үшін академиялық зерттеулерге қойылатын талаптарды түсіну маңызды әсіресе егер біз беделді ғылыми басылымдарда жариялау туралы айтатын болсақ. Мақалаларды сәтті жариялау үшін әсіресе беделді ғылыми басылымдардағы жарияланымдар туралы айтатын болсақ, академиялық зерттеулерге қойылатын талаптарды түсіну маңызды. Төмендегі сұхбат үзіндісі қатысушылардың жоғарыда сипатталған пікірін көрсетеді.

*Мектепте мұғалімдер ғылыми-зерттеу қызметін жүргізеді. Бұл кәсіби өсу, мансабында модератордан зерттеушіге, зерттеушіден шеберге дейін өсу үшін қажет. Мұғалімдер бұл үшін әдістемелік ұсынымдар, жобалар, мақалалар жазады және мұның бәрі зерттеу дағдыларын қажет етеді. (У2, А университеті, кафедра меңгерушісі, педагогика)*

### ***Зерттеулерге негізделген педагогикалық қызмет***

Педагогикалық бағдарламалар құрылымындағы зерттеу құрамбөлігінің маңыздылығы туралы аз таралған түсінік болашақ педагогтерді күнделікті педагогикалық тәжірибеде туындайтын сұрақтар мен мәселелерге практикалық шешімдер табуға даярлаумен байланысты. Негі-

зінен, педагогикалық факультеттерден зерттеуге қатысқан бірнеше қатысушы зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім берудің маңыздылығы оқытушылық қызметте нақты практикалық міндеттерді шешуде ғылыми білім мен зерттеу тәжірибесін қолдану мүмкіндігінде екендігін атап көрсетті. Бұл ретте педагогтің зерттеушілік дайындығы ғылыми білімді түсініп, қолданумен ғана шектелмей, оқушылар мен білім беру ортасы туралы жаңа білім қалыптастыруды да үйрету ретінде қабылданды. Ғылыми білімді пайдалану мен ғылыми білімді қалыптастыру қабілеттерін айқын көрсету үшін екі мысал келтірейік. Ғылыми білімді пайдаланушы ретінде педагогке (*ағылш.* consumer of research) зерттеудің болуын түсініп, оның нәтижелерін кәсіби өзін-өзі дамыту мен педагогикалық міндеттерді шешу үшін қолдану жеткілікті. Бұл тұрғыда педагог ғылыми әдебиетті тауып, оны оқып, талдай білуі және оның нәтижелерін өз кәсіби қызметінде қолдана алуы қажет.

*Мұғалімнің жұмысы әрдайым тұрақты ізденісті талап етеді. Оқытудың жаңа технологиялары мен әдістері пайда болып жатыр. Мұғалімдер олар туралы уақытында хабардар болып, олардың тиімділігін білуі қажет, содан кейін өз жұмысында қолдануы немесе әдіскер ретінде осы технологиялар мен әдістерді әріптестеріне ұсынуы тиіс. Сондықтан болашақ педагогтерде ақпарат іздеу және ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру қажет. Мұны зерттеу негіздерін оқыту аясында жүзеге асыруға болады. (У2, А университеті, кафедра меңгерушісі, педагогика)*

Біздің зерттеуге қатысушылар атап өткендей, кәсіби өзін-өзі дамыту мен күнделікті педагогикалық тәжірибені жетілдіру үшін ғылыми білімнің маңыздылығының айқын мысалдарының бірі – инклюзивті білім беруге сілтеме жасау. Қатысушылар атап өткендей, инклюзивті білім беру ұғымы ерекше қажеттіліктері бар балалардың мұқтаждықтары мен үміттерін қанағаттандыру қажеттілігінің артуына байланысты соңғы онжылдықта қазақстандық білім беру жүйесінде ауқымды дами бастады. Осы орайда тәжірибелі мұғалімдерге инклюзивті білім беру тәсілін өздігінен меңгеруге тура келеді, ал бұл ғылыми дереккөздермен жұмыс істемей мүмкін емес. Мысалы, бір қатысушы былай деп ойлайды:

*Бүгінгі білім беру жүйесі және жалпы бүгінгі қоғам дегеніміз не? Бұл, ең алдымен, оның өте жылдам өзгеруі және ең маңыздысы – болжау мүмкін еместігі. Сондықтан көбінесе мұғалімге жаңа*

*оқыту тәсілдерін жедел меңгеруге тура келеді. Мысалы, күні кешеге дейін біздің сыныптарда назар тапшылығы және гипербелсенділік синдромы бар балалар болған жоқ. Бүгінгі күні тек жас мұғалімдер ғана емес, тіпті тәжірибелі ұстаздардың өздері де мұндай балалармен не істеу керектігін білмейтіндігі маған белгілі. Мұғалімдер сыныпта мұндай бала болған жағдайда, бүкіл сыныппен қалай жұмыс істеу керектігін білмейді. Тиісінше мұғалім ғылыми әдебиеттерді оқып ізденуі керек. Ол нақты кәсіби міндетіне сәйкес келетін тәсілдерді әзірлеу үшін, негізінен, өзі маман емес салада ақпарат іздеуі қажет. Бүгінде мұндай педагогикалық ізденіссіз мұғалім өзінің кәсіби қызметін сапалы түрде жүзеге асыра алмайды. (У12, Б университеті, ПОҚ, педагогика)*

Ғылыми білімді өндіруші ретінде (*ағылш.* producer of research) педагог зерттеулерді жоспарлау мен жүргізу дағдыларына, атап айтқанда, зерттеудің теориялық негіздері мен әдіснамалық құралдарын әзірлеу, сондай-ақ эмпирикалық деректерді жинау және талдау дағдыларына да ие болуы қажет. Бұл жерде зерттеу қатысушыларының педагогті ғылыми білімді өндіруші ретінде тұжырымдауы қолданбалы зерттеулер мәнмәтінінде болғанын атап өткен жөн. Басқаша айтқанда, зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім берудің маңыздылығы болашақ педагогті өзінің педагогикалық қызметін жетілдіру мақсатында зерттеу жүргізуге үйрету ретінде түсінілді.

### ***Ғылыми кадрларды даярлау***

Біздің зерттеуіміздің кейбір қатысушылары педагогикалық білім беру бағдарламаларының зерттеу құрамбөлігінің маңыздылығын елдің жаңа ғылыми кадрларын дайындау қажеттілігімен байланыстырды. Осы қатысушылардың пікірінше, бакалавриат студенттеріне ұсынылатын зерттеу мүмкіндіктері – олардың ғылымға деген қызығушылығын оятудың және зерттеу құзыреттілігінің негіздерін дамытудың маңызды кезеңі. Қатысушылар атап өткендей, бакалавриат деңгейінде ғылыми зерттеу негіздерін оқып үйрену арқылы студенттер магистратура мен докторантурада одан әрі білім алуға қызығушылық танытуы мүмкін. Сәйкесінше бакалавриат деңгейіндегі зерттеушілік дайындық қатысушылар тарапынан кәсіби ғылыми мансап құруға бастау болатын трамплин ретінде қабылданды.

*Зерттеушілік дайындық бакалавриат студенттері үшін, ең алдымен, олар бастапқы деңгейде болса да, өздерінің дипломдық жұмыстарын жаза алуы үшін және бұл жұмыстар ғылыми тұрғыдан дұрыс рәсімделген болуы үшін маңызды. Бұл білім оларға магистратурада пайдалы болады. Бізде көптеген адамдар бұл өте қиын деп ойлап, ғылымға барғысы келмейді. Олар ғылымға барудан қорқады, себебі қалай зерттеу жүргізуге болатыны туралы ешқандай түсініктері жоқ. (У2, Б университеті, ПОҚ, лингвистика)*

Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді кәсіби ғылыми дамудың бастапқы кезеңі ретінде тұжырымдау елдің ғылыми әлеуетін арттыру бойынша ұлттық саясатына байланысты екенін атап өту маңызды. Қатысушылар соңғы онжылдықта мемлекет ел тұрғындарының әлеуметтік-экономикалық әл-ауқатын арттыру және ұлттық экономиканың жаһандық тұрғыдан бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету үшін ғылым мен инновацияларды дамытуға ерекше көңіл бөлгені туралы пікір білдірді. Бұл, өз кезегінде, ғылыми кадрларды даярлауды талап етеді, ол университеттер мен ғылыми институттардағы ғылыми дәрежесі бар қызметкерлер құрамының қартаюы тұрғысынан аса өзекті мәселе болып саналады. Сондықтан білім беру бағдарламаларындағы зерттеу құрамбөлігі ғылыми кадрлардың жаңа буынын тәрбиелеудің белгілі бір мүмкіндігі болып көрінеді.

*Біз студенттерімізді бәсекеге қабілетті зерттеушілер болу үшін ғылыми тұрғыдан дамытуға тырысамыз. Бұл орайда мен біздің университетті қолдаймын, ол ғылыми кадрларды даярлауға басымдық береді. Сондықтан біз студенттеріміздің білім беру саласындағы шетелдік ғалымдар деңгейінде зерттеу жүргізуге қажетті дағдыларға ие болуын мақсат етеміз. (У1, Д университеті, ПОҚ, педагогика)*

*Менің түсінуімше, қазір ғылым мен зерттеуге көп көңіл бөлінеді. Бұл Қазақстанда әлі тұрақты зерттеу мәдениеті қалыптаспағандықтан болуы мүмкін. Мемлекет оның дамуына біздің студенттер мен оқытушылардың көбірек үлес қосқанын қалайды. Міне, бәлкім, педагогикалық білім берудегі зерттеу құрамбөлігінің мәні де осында жатыр. (У2, Б университеті, ПОҚ, лингвистика)*

Педагогикалық білім беру бағдарламаларындағы зерттеу құрамбөлігінің кәсіби ғылыми кадрларды даярлаудың бастапқы кезеңі ретіндегі рөлі, негізінен, педагогикалық факультеттердің өкілдері тарапынан атап өтілгені ерекше маңызды. Бакалавриат деңгейіндегі зерттеу мүмкіндіктері педагогикалық факультеттердің профессорлық-оқытушылық құрамының ғылыми дәрежесін жаңарту және арттыру әдісі ретінде қарастырылды, бұл, өз кезегінде, олардың ғылыми әлеуетін күшейтіп, Қазақстандағы педагогикалық ғылымның дамуы мен ілгерілеуіне ықпал етеді.

Педагогикалық емес факультеттер педагогикалық факультеттерге қарағанда ғылыми кадрларды педагогикалық мамандықтар аясында, яғни пән мұғалімдерін даярлау үдерісінде дамытуға аз қызығушылық танытады. Бұл құбылысқа себеп ретінде, осы факультеттердің көпшілігінің пікірінше, болашақ мұғалімдерді даярлау педагогика мен оқыту әдістемесіне (мысалы, интерактивті оқыту тәсілдері, жаңа оқыту технологиялары және т.б.) бағытталуы тиіс деп санайтындығы болуы мүмкін. Олар ғылыми кадрларды даярлауды, негізінен, белгілі бір пәндік салада мамандар даярлайтын педагогикалық емес мамандықтармен байланыстырды.

### ***Кәсіби қызметке зерттеушілік көзқарасты дамыту***

Болашақ педагогтің кәсіби қызметіне зерттеушілік көзқарасын дамытудағы зерттеушілік дайындықтың рөлін түсінуді жүргізілген зерттеуге қатысқан қатысушылардың тек оннан бір бөлігі ғана атап өтті. *Зерттеушілік көзқарас* термині педагогтің кәсіби тәжірибесіне қатысты сыни талдау мен рефлексияға негізделген қатынасын білдіреді. Басқаша айтқанда, бұл – педагогтің оқу үдерісін, дидактика мен оқыту әдістемесін өз тәжірибесінде де, әріптестерінің тәжірибесінде де сыни тұрғыдан талдай білуі, оқыту нәтижелеріне, сондай-ақ білім беру саясаттарына, үдерістерге және жаңалықтарға рефлексия жасау қабілеті. Сонымен қатар бұл – педагогтің оқу үдерісіне өзінің жеке тәжірибесі мен білім беру әрі педагогикалық ғылым саласындағы жиналған ұжымдық білім (теориялар мен тұжырымдар) арқылы қарауға дайын болуы. Қатысушылар пікірінше, мұндай кәсіби көзқарас педагогке білім беру реформаларын стандарттан тыс тәсілмен жүзеге асыруға, сыныптың немесе мектептің жеке және мәнмәтіндік ерекшеліктерін ескере отырып шығармашылықпен жұмыс істеуге және сәйкесінше өз оқыту әдістерін дамытуға мүмкіндік береді.

Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді болашақ педагогтің оқу үдерісі мен білім беру ортасын сыни талдау мен рефлексия

жасауға кәсіби көзқарасын дамыту тәсілі ретінде түсіну – педагогтің зерттеушілік дайындығының рөлін ең кең ауқымды тұжырымдау. Бұл көзқарас тек ойлау үдерістерін ғана емес, сонымен қатар үнемі «не? қалай? неге?» деген сұрақтар қойып, оларға жауап табуға және педагогикалық тәжірибеге жаңашылдықпен қарауға дайындықты қамтумен байланысты.

*Университет түлегі бар теориялар мен тұжырымдарды ой елегінен өткізіп, оларға күмәнмен қарап, сыни тұрғыда ойлай білуі керек. Сондықтан педагогика ғылымының негіздерін зерттеу өте маңызды. Әрине, мен зерттеуге негізделген оқыту практикаға бағдарланған болуы керек деген пікірмен толық келісемін. Болашақ мұғалім ақпарат жинау және оны өңдеу әдістерін білуі керек. Алайда болашақ педагогті бәріне, ең алдымен, өз іс-әрекетіне күмәнмен қарауға үйрету де аса маңызды. Оны рефлексияға, талдауға, сыни ойлауға үйрету маңызды. (У12, Б университеті, ПОҚ, педагогика)*

Осылайша зерттеу құрамбөліктерінің болашақ педагогтерді даярлаудағы рөлін утилитарлық тұрғыдан түсіну зерттеуге қатысушылар арасында ең кең таралған көзқарас болды. Бұл ретте утилитаризмнің мәні – педагогикалық білім беру бағдарламаларының студенттерін ғылым мен ғылыми қызмет туралы біліммен, сондай-ақ ғылыми білімді қолдану және өздерінің қолданбалы зерттеулерін жүргізу дағдыларымен қамтамасыз ету. Мұның барлығы олардың оқушылардың зерттеу жобаларын басқару, жаратылыстану бағытындағы пәндерді зерттеуге негізделген тәсілмен оқыту, мансаптық өсу мақсатында зерттеу жүргізу, сондай-ақ күнделікті педагогикалық қызмет барысында туындайтын мәселелерге практикалық шешімдер табу сияқты мектептегі функционалдық міндеттерін тиімді орындау үшін қажет. Болашақ педагогтерді зерттеуге баулудың маңыздылығы туралы аз таралған түсінік ғылыми кадрларды даярлау және кәсіби қызметке зерттеушілік ұстанымды дамытумен байланысты болды.

### **Болашақ педагогтердің педагогикалық қызметтегі зерттеулердің маңыздылығын қабылдауы**

Педагогикалық қызметте зерттеуге бағдарланған көзқарасты іске асыру және дамыту болашақ педагогтердің оның білім беру үдерісіндегі маңыздылығын қабылдауына байланысты. Мысалы, педагогикалық қызметтегі зерттеулердің рөлін оң қабылдау болашақ педагогтің ғылыми

зерттеулердің нәтижелерін пайдалануды таңдауына немесе олардың педагогикалық тәжірибесін жақсарту үшін өз зерттеулерін жүргізуге оң әсер етуі мүмкін. Зерттеулерге және олардың педагог қызметіндегі рөліне теріс көзқарас – зерттеулерді білім беру үдерісінде қолдануға кедергі келтіріп, ынтаны төмендететін фактор.

Біздің зерттеуіміз көрсеткендей, жалпы барлық төрт жоғары оқу орнындағы педагогикалық мамандықтардың студенттері болашақ мамандықтарындағы зерттеулердің маңыздылығын оң қабылдайды. Олардың бұл қабылдауы көбіне университет оқытушылары мен әкімшілігі көрсеткен зерттеулердің және зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім берудің рөліне деген көзқараспен ұштасады. Осылайша студенттердің көпшілігі зерттеушілік дайындықтың жоғары оқу орындарында жүргізілуі мектеп оқушыларының зерттеу жобаларын тиімді басқару үшін маңызды екенін бірауыздан атап өтті. Атап айтқанда, бұл оқушыларға жоба тақырыбын, зерттеу объектісі мен пәнін таңдауда, сондай-ақ ғылыми жанр талаптарына сай жоба немесе зерттеу есебін жазуда көмек көрсетуге мүмкіндік береді. Студенттердің көпшілігі зерттеулерді білу мектеп жүйесіндегі мансаптық өсу үшін маңызды деп есептеді, бұл жалақының өсуі мен ұжымдағы беделдің артуын білдіреді. Ғылыми зерттеу әдіснамасын зерттеудің маңыздылығы дипломдық жұмысты (дипломдық жобаны) жазуға дайындықпен және оны сәтті қорғаумен, сондай-ақ магистратурада одан әрі оқумен байланысты болды. С және Д университеттерінің кейбір студенттері де өз пәндік саласында, яғни мектепте оқытатын пәндері бойынша білімдерін кеңейту мақсатында жеке зерттеулерін жүргізу үшін ғылыми-әдістемелік дайындықтың маңыздылығын мойындады.

*Мен өз санатымды және деңгейімді көтергім келеді. Мен қарапайым мұғалімнен көбірек табыс тапқым келеді. (Б университеті, 99-студент, әлеуметтік-гуманитарлық бейін)*

*Мектепте жобалық және зерттеу жұмыстары белсенді түрде енгізіледі, сондықтан зерттеу әдістерін білу, зерттеуді жүргізу алгоритмін және жоба тәлкежатын жазуды түсіну қажеттілігі туындайды. (С университеті, 50-студент, жаратылыстану-ғылыми бейін)*

*Мұғалім мамандығының ерекшелігі – оның үнемі жаңа білімге ұмтылуы, жұмыс орнында да, одан тыс жерде де өз деңгейін дамытып отыруы және үздіксіз ізденісте болуы. Күн сайын жаңа*

*нәрсе ойлап табылып жатады, сондықтан мұғалім үнемі білімін толықтырып, жаңартып отыруы керек. (А университеті, 77-студент, әлеуметтік-гуманитарлық бейін)*

Алайда педагогикалық білім беру бағдарламалары аясында зерттеушілік дайындықтың рөлін әртүрлі түсінудің болуына қарамастан, студенттердің көпшілігінің жауаптарында ғылыми-зерттеу әдістемесі туралы білім мен дағдылардың өз педагогикалық қызметінің сапасын жақсартудағы маңыздылығы туралы түсінік болмады. Бұл әсіресе өз педагогикалық қызметі мен оқыту әдістемесіне рефлексия жасау қабілетін дамытуға, сондай-ақ оқу мазмұнына, оқушылардың білімін бағалау әдістеріне және олардың қажеттіліктерін анықтауға ғылыми негізделген шешімдерді қолдануға қатысты.

Көріп отырғанымыздай, зерттеулер мен зерттеушілік дайындықтың рөлін утилитарлық тұрғыдан қабылдау төрт жоғары оқу орны студенттері арасында кеңінен таралған. Бұл таңқаларлық емес, өйткені мұндай қабылдауды оқытушылар мен жоғары оқу орындарының әкімшілігі қалыптастырады, олар да педагогикалық мамандықтағы зерттеулердің утилитарлығын атап өтеді.

Зерттеу мен зерттеуге бағдарланған білім берудің педагогикалық қызмет құралы ретіндегі рөлін түсіну өздігінен ешбір айыпты нәрсе емес. Керісінше, бұл қисынды, өйткені ол мектеп мұғалімінен күтілетін практикалық функцияларды орындауға ықпал етеді. Алайда утилитарлық тәсіл зерттеуді қолдану мен жүргізудің техникалық дағдыларын дамытуды көздейтінін атап өту маңызды. Мұндай түсінік шектеулі болып саналады және мұғалімнің зерттеушілік дайындығының толық әлеуетін ашуға мүмкіндік бермейді. Мысалы, шетелдік тәжірибеде, атап айтқанда, Финляндия мен Нидерландыда (Toom & Husu, 2024; van Katwijk et al., 2019), зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру кең мағынада болашақ педагогтің кәсіби қызметіне зерттеу көзқарасын дамыту ретінде анықталады. Мұндай көзқарас мұғалімнің қолда бар ғылыми білім аясында өз іс-әрекеті туралы ойлау және толғану, сондай-ақ оқытудың инновациялық жолдарын іздеу қабілеті ретінде түсіндіріледі (Cochran-Smith & Lytle, 2009; Krokfors et al., 2011; Tryggvason, 2009). Бұл көзқарас мұғалімге үнемі кәсіби тұрғыда өзін-өзі дамытуға, өз тәжірибесін ғана емес, сонымен қатар мектептегі білім беру жүйесіндегі үдерістер мен құбылыстарды сыни тұрғыдан талдауға мүмкіндік береді. Мұндай қабілет – мұғалімге білім беру саласындағы қиындықтарға уақытылы, барабар және дербес ден қоюға мүмкіндік беретін ішкі ажырамас атрибут. Өз кәсібіне зерттеу көзқарасы бар мұғалім білім берудегі интервенциялар мен

реформалардың еріксіз орындаушысы болып қана қоймай, керісінше, олар туралы сыни тұрғыдан ойлана алады және оларды жүзеге асыру жолдарын ұсына алады. Осылайша бұл көзқарасты дамыту уақыт талабына сәйкес ойлауға, сараптауға, пайымдауға және инновациялық оқыту идеяларын дамытуға қабілетті педагогикалық кадрларды ұзақ мерзімді және тиімді дайындауда маңызды.

Сонымен қатар зерттеу мен зерттеуге бағдарланған білім берудің педагогикалық дайындықтағы ролін ғылыми дамудың бастапқы кезеңі ретінде түсінудің өзіндік ерекшеліктері бар екенін атап өту маңызды. Жалпы ғылымға деген қызығушылықты дамыту бакалавриаттан бастау маңызды екенін жоққа шығармаймыз. Бұл тәжірибе әлемнің көптеген танымал ғылыми университеттерінде кеңінен таралған (Healey & Jenkins, 2009). Сондықтан педагогикалық университеттер немесе факультеттер бакалавриат бағдарламалары шеңберіндегі зерттеу мүмкіндіктерін зерттеушілердің жаңа буынын даярлау үшін қандай да бір трамплин ретінде қарастырады. Алайда академиялық зерттеулерді жүргізу және нәтижелерін жариялау мақсатындағы ғылыми мансапқа дайындық зерттеуші-практиктің қажеттіліктеріне әрдайым сәйкес келе бермейтінін және көбінесе практиканы жақсартуға бағытталған қолданбалы зерттеулерді жүргізуден назарды теориялық мәселелерге, ғылыми жазу мен ғылыми мақалаларды жариялау үдерісін меңгеруге ауыстыруға әкелетінін есте ұстаған жөн. Осыған байланысты зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім берудің мазмұнын таңдау кезінде өзара байланысты екі саланы – білім беру және педагогикалық теория саласында ғылымды ілгерілететін ғылыми кадрларды даярлауды және біздің жағдайда ғылыми білім негізінде кәсіби қызметті жүзеге асыратын зерттеуші-педагогтерді даярлауды – түсіну және ажырату маңызды. Норвегияда жүргізілген Munthe and Rogne (2015) зерттеуінде де осыған ұқсас проблема анықталды. Бұл зерттеуде авторлар Норвегиядағы педагогтерді даярлау бағдарламаларының, негізінен, академиялық зерттеулерге бағытталғанын, көбінесе академиялық жазылым дағдыларын дамытуға арналғанын, алайда болашақ мұғалімдерде кәсіби педагогикалық қызметте қолданбалы зерттеулер жүргізуге қажетті дағдыларды жеткілікті дәрежеде қалыптастырмайтынын қорытындылайды. Кейбір жағдайларда бакалавриат шеңберіндегі академиялық зерттеулерге үлкен назар аудару педагогикалық білім беру бағдарламаларын практикамен байланыстан айырады. Мұндай бағдарламаларды болашақ педагогтер кәсіби даму үшін қызықты және пайдалы деп атап өтсе де, мектептегі болашақ мамандыққа онша қатысы жоқ деп қабылдайды (Koski et al., 2023; Puustinen et al., 2018).

Қорытындылай келе, жоғарыда айтылғандардан көрініп тұрғандай, болашақ педагогтерді даярлауда зерттеулер мен зерттеуге бағдарланған білім берудің рөлін бірізді түсіну педагогикалық білім берудің зерттеу әлеуетін сәтті жүзеге асыру үшін маңызды. Алайда Қазақстанның жоғары педагогикалық білім беру жүйесінде мұндай түсінік жоқ, дегенмен болашақ мектеп мұғалімдерінің зерттеушілік дайындығына деген практикалық көзқарастың басым екені анық байқалады. Келесі тарауларда көрсетілетіндей, зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім берудің рөлін тұжырымдамалық түрде бірізді түсінбеу педагогикалық академиялық бағдарламалардың зерттеу құрамбөлігі аясында әртүрлі білім беру тәжірибелеріне әкеледі.

### **Ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстар ұйымдастыру**

Педагогикалық қызметте зерттеудің рөлін нақты түсіну маңызды, өйткені мұндай түсінік студенттерге ғылыми білім беру мүмкіндіктерін ұйымдастырудың тәсілдерін қалыптастырады. Педагог жұмысындағы зерттеудің рөлін әртүрлі түсіну зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім берудің мақсаттары, мазмұны және жүзеге асыру әдістеріндегі алшақтықтарға әкелуі мүмкін, ал бұл, өз кезегінде, әртүрлі оқу нәтижелеріне себеп болады.

Бұл тарау Қазақстанның төрт жоғары оқу орнындағы педагогикалық мамандықтар бойынша ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстардың ұйымдастырылуын талдауға арналған. Нақтырақ айтсақ, талдау жоғары оқу орындары 2018 жылдан бастап Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің ұсынысы бойынша педагогикалық білім беру бағдарламаларына енгізген ғылыми-әдіснамалық пәнге бағытталды. Қазақстан 2010 жылдан бастап мүше болып саналатын Болон процесі аясында айқындалған педагогикалық кадрларды даярлау басымдықтарына, сондай-ақ Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) мен Дүниежүзілік банк (ДБ) сияқты халықаралық ұйымдардың ұсынымдарына сүйене отырып, Министрлік өзінің ресми құжаттарында болашақ педагогтердің ғылыми әлеуетін педагогикалық және білім беру ғылымын зерделеу арқылы дамыту қажеттігін атап көрсетеді. Министрлік педагогика ғылымының білімі қазақстандық педагогтерге білім беру құбылыстары мен үдерістерін зерттеуге және осы негізде мектептердегі педагогикалық тәжірибені жақсартуға мүмкіндік береді деп санайды. Сонымен қатар педагогика ғылымы саласындағы дайындық қазіргі заманғы педагогтің бес кәсіби еңбек функциясының бірі – зерттеушілік функциясын қалыптастыру үшін қажетті шарт ретінде қарастырылады, бұл функция мұғалімнен білім

беру тәжірибесі мен ортасын ғылыми талдау әдістерін меңгеруді талап етеді.

Құжаттарға, атап айтқанда, педагогикалық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларының сипаттамасына талдау жасау ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстардың саны әртүрлі пәндік салалардағы мұғалімдерді даярлау бойынша жұмыс бағдарламалары арасында өзгертінін көрсетті. Мысалы, жаратылыстану ғылымдары (физика және химия) мұғалімдерін даярлау бағдарламаларында зерттеу әдіснамасы бойынша екіден беске дейін курс қамтылады. Бұл ретте әр курс орта есеппен 4,5 академиялық кредитті құрайды. Бір-екі курс, әдетте, кіріспе болып саналады, ал қалған курстар жаратылыстану ғылымдары саласында қолданылатын нақты ғылыми әдістерге бағытталған, мысалы, физикалық зерттеу әдістері, химиядағы сандық және сапалық әдістер немесе химиялық зерттеулердің аспаптық әдістері. Педагогика және филология факультеттерінде жүзеге асырылатын педагогикалық бағдарламаларға әдетте ғылыми зерттеу әдіснамасына қатысты бір-үш курс кіреді, олардың әрқайсысы 5 кредиттен тұрады (4-кестені қараңыз). Атап айтқанда, «Ғылыми зерттеудің негіздері», «Ғылыми зерттеу әдістері» немесе «Педагог пен оқушылардың зерттеу және жобалық қызметі» деген атпен белгіленген кіріспе курс (кейбір жоғары оқу орындарында пәннің атауы бірнеше рет өзгерген) педагогикалық бағдарламаларға қадағалаушы министрліктің ұсынысы бойынша енгізілді.

4-кесте – Төрт жоғары оқу орнында болашақ педагогтердің зерттеушілік дайындығымен байланысты курстар

| Университет | Факультет               | Курс атаулары  |
|-------------|-------------------------|--|
| А           | Педагогикалық           | Ғылыми зерттеулер негіздері (ТК*), Ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістемесі (ТК)  |
|             | Филологиялық            | Ғылыми зерттеулердің негіздері (ТК), Ғылыми зерттеу жүргізу әдістемесі (ТК)  |
|             | Жаратылыстану ғылымдары | Ғылыми зерттеудің негіздері (ТК), Мектептік эксперимент техникасы (ТК), Орта мектепте физикадан демонстрациялық экспериментті ұйымдастыру және өткізу әдістемесі (ТК), Аналитикалық химия (ТК), Химиядағы сандық және сапалық талдау (ТК), Мектептік химиялық эксперименттерді өткізу әдістемесі (ТК). |
| Б           | Педагогикалық           | Ғылыми зерттеу әдістері (ТК), Жаратылыстану ғылымдарының негіздері (ТК)  |

| Университет | Факультет               | Курс атаулары   |
|-------------|-------------------------|---|
|             | Филологиялық            | Ғылыми зерттеулердің негіздері (ТК), Ғылыми зерттеулердің әдіснамасы мен ресімделуі (ТК), Ғылыми зерттеулердің теориясы мен практикасы (ТК)   |
|             | Жаратылыстану ғылымдары | Ғылыми зерттеулер негіздері (ТК)/ Академиялық жазылым және ғылыми зерттеулер негіздері (ТК), Математикалық физика әдістері (ТК), Сапалық талдау (химияда) (ЖҚ), Талдаудың физика-химиялық әдістері (ЖҚ), Сандық талдау (химияда) (ТК), Мектептегі химиялық экспериментті жүргізу әдістемесі (ТК), Химиядағы талдаудың статистикалық әдістері, (ТК) Орта мектептегі химиялық эксперимент (ТК), Интернет-жүйелерімен және реферативті деректер базасымен жұмыс істеу әдістемесі (ТК). |
| С           | Педагогикалық           | Педагог пен білім алушылардың зерттеу және жобалау қызметі (ЖҚ**), Ғылыми-педагогикалық зерттеулер әдістемесі (ЖҚ)  |
|             | Филологиялық            | Педагог пен білім алушылардың зерттеу және жобалау қызметі (ЖҚ)   |
|             | Жаратылыстану ғылымдары | Педагог пен білім алушылардың зерттеу және жобалау қызметі (ЖҚ), Мектеп экспериментінің техникасы (ТК), Химиялық зерттеулердің аспаптық әдістері (ТК).  |
| Д           | Педагогикалық           | Ғылыми зерттеу әдістері (ЖҚ)  |
|             | Филологиялық            | Ғылыми зерттеу әдістері (ЖҚ)  |
|             | Жаратылыстану ғылымдары | Ғылыми зерттеу әдістері (ЖҚ), Физикалық зерттеу әдістері (ЖҚ), Оқу-физикалық эксперимент техникасы (ТК)/Мектептерде химиялық эксперименттер жүргізу әдістемесі (ВК), Сапалық талдау (химияда) (ЖҚ), Сандық талдау (химияда) (ЖҚ), Ғылыми-педагогикалық ақпаратты іздеу әдістемесі (ЖҚ), Химиялық-педагогикалық зерттеу негіздері (ТК).  |

\*ТК – таңдау бойынша курс

\*\*ЖҚ – жоғары оқу орнының міндетті құрамдасы

Жоғары оқу орындары Министрліктің ұсынысын әртүрлі түсінгенін, осыған байланысты төрт университеттің педагогикалық бағдарламаларының құрылымына жаңа ғылыми-әдіснамалық курсты енгізу және іске асыру тәжірибесі әртүрлі болғанын атап өткен жөн. Кейбір жоғары оқу орындарында ол жалпы білім беретін пәндер цикліне, басқаларында базалық пәндер цикліне енгізілді. А және С жоғары оқу орындарында жаңадан енгізілген курс бастапқыда барлық педагогикалық мамандықтарда, оның ішінде педагогикалық емес факультеттерге бекітілген мамандықтарда да педагогикалық факультеттердің оқытушылары арқылы жүргізілді. Б университетінде, керісінше, жаңадан енгізілген курс бастапқыда академиялық жазылым курсымен біріктіріліп, барлық педагогикалық мамандықтарда филология факультеттерінің оқытушылары жүргізді. Алайда 2023 жылдан бастап жоғары оқу орындары әкімшілігінің шешімі бойынша осы курс бойынша академиялық жүктеме факультеттер арасында бөлінді: енді әрбір факультет осы курсты өзіне бекітілген педагогикалық мамандық шеңберінде жүргізеді. Төрт жоғары оқу орнының барлығындағы педагогикалық емес факультеттерде енгізілген пән ғылыми саланы нақтыламай оқытылады, ал педагогикалық мамандықтарда, атап айтқанда, А және С университеттерінде бұл пән педагогика ғылымдарының әдіснамасына бағытталған, неғұрлым мамандандырылған сипатқа ие. Бұған қоса бұл пәннің әртүрлі университеттердегі мәртебесі оның міндетті немесе таңдамалы сипатына байланысты өзгереді. Мысалы, С және Д жоғары оқу орындарында бұл пән университеттік құрамбөлік аясында міндетті курс ретінде қарастырылады, ал А және Б университеттерінде әдетте таңдау құрамбөлігіне кіреді, бұл, өз кезегінде, студенттердің оны таңдамау қаупін тудырады.

### ***Жаңадан енгізілген ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстың мақсаттары мен мазмұны***

Педагогикалық бағдарламалардың зерттеу құрамбөлігінің мақсатын және мазмұнын түсіну үшін, атап айтқанда, жаңадан енгізілген ғылыми-әдіснамалық курсты зерделеу мақсатында педагогикалық мамандықтардың академиялық бағдарламаларында сипатталған күтілетін оқыту нәтижелері мен осы курстарды жүргізетін оқытушылармен жүргізілген сұхбат деректері талданды. Талдау зерттеу әлеуетін дамытуға қатысты күтілетін оқыту нәтижелері әртүрлі ғылыми-пәндік бағыттардағы факультеттер арасында әсіресе педагогикалық факультеттер мен жаратылыстану-ғылыми бейіндегі факультеттер арасында ерекшеленетінін көрсетті. Осылайша ғылыми әдебиетпен тиімді жұмыс істей білу қабілеті мен кәсіби педагогикалық өзін-өзі дамыту мақсатында оны пайдалану, сондай-ақ білім беру үдерісін

талдау мен оңтайландыруға бағытталған өзіндік зерттеулер жүргізу үшін ғылыми әдістерді қолдану осы төрт педагогикалық факультеттің барлығында да педагогтерді зерттеушілік дайындыққа баулудың негізгі мақсаттары ретінде қарастырылады (5-кестені қараңыз).

5-кесте – Төрт жоғары оқу орнының деректері бойынша 6В01301 «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» білім беру бағдарламасындағы зерттеушілік құзыреттермен байланысты оқыту нәтижелері (Кучумова және басқалар, 2025)

| Университет | Білім беру бағдарламасы                               | Зерттеумен байланысты оқу нәтижелері   |
|-------------|---|--|
| А           | 6В01301 «Бастауыш оқыту педагогикасы және әдістемесі» | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Оқушыларды бақылауды, педагогикалық үдерісті жетілдіру үшін олардың іс-әрекетіне талдау жасауды тиімді қолдана біледі.</li> <li>- Теориялық білімді практикалық қолдану жазықтығына ақылға қонымды аудару үшін педагогикалық ғылымның теориялық-әдіснамалық негіздерін пайдалану дағдыларын меңгерген.</li> <li>- Зерттеудің әдіснамалық мен теориялық негіздері, эмпирикалық әдістерін қолдану негізінде білім беру ортасы бойынша ғылыми зерттеулер жүргізе алады.</li> </ul> |
| Б           |   | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Өзін-өзі дамыту, өзіндік білім алу, өзін-өзі тәрбиелеу, кәсіби деңгейін жетілдіру мақсатында ғылыми-практикалық зерттеулердің нәтижелерін қолдана отырып, педагогикалық рефлексия арқылы жетілуге ұмтылысын көрсетеді.</li> </ul>   |
| С           |   | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бастауыш оқытудың оқу үдерісіне ғылымның заманауи жетістіктерін енгізуге қабілетті.</li> <li>- Өзінің зерттеу қызметін жүзеге асыруға қабілетті.</li> </ul>   |
| Д           |   | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бастауыш сынып оқушысының мектепте оқуға дайындығына мониторинг жүргізудің ғылыми-теориялық негіздерін қолданады, сондай-ақ ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға диагностика жүргізеді және түзету жұмыстарын жүзеге асырады.</li> <li>- Ғылыми зерттеулердің негізгі әдістерін талдауға, сондай-ақ ғылыми білімді сынақтан өткізуге және оқу-тәрбие үдерісіне енгізуге қабілетті.</li> </ul>   |

Талдау көрсеткендей, барлық төрт педагогикалық факультеттің академиялық бағдарламалары болашақ педагогтердің ақпаратты өз бетінше іздеу, кәсіби даму үшін ғылыми әдебиеттермен жұмыс істеу және өздерінің педагогикалық тәжірибелерімен рефлексия жасау қабілетін дамытуды мақсат етеді. А және С университеттерінің бағдарламалары студенттерді білім беру саласында зерттеулер жүргізуге үйретудің маңыздылығын атап өтеді. Бұл аталған жоғары оқу орындарының тек ғылыми білімді тұтынушыларды ғана емес, сонымен қатар зерттеу жүргізетін мамандарды даярлауға да баса назар аударатынын көрсетеді. Демек, бұл университеттер студенттердің өзіндік ғылыми зерттеулер жүргізу дағдыларын дамытуға ұмтылады. Мұндай тәсіл жоғары оқу орындарының студенттерді ғылыми қызметке тереңірек тартуға ұмтылысын білдіреді.

Талдау құжатының нәтижелері зерттеуге қатысушылармен жүргізілген сұхбаттан алынған мәліметтермен расталды. Осылайша педагогикалық факультеттердің қатысушыларының айтуынша, курстардың мазмұны педагогикалық ғылым мен оның әдіснамасына бағытталған. Алайда ғылыми зерттеу әдіснамасын зерделеу көбінесе білім беру тәжірибелерімен шектелетінін байқауға болады, бұл Қазақстанның жоғары оқу орындарының педагогикалық факультеттеріндегі зерттеу мәдениетінде позитивистік ғылыми парадигманың басым екенін көрсетеді. Тәжірибелерден басқа сұхбатқа негізделген зерттеу тәсілдері де талқыланды. Бір қызығы, білім беру саласындағы ғылым әдістерінің дәл осы түрлері педагогикалық білім беру төңірегінде қалыптасқан ұлттық саяси дискурста айтылғанына қарамастан, мектептерде қолданбалы зерттеулер жүргізудің ең кең таралған әдіснамалық тәсілдері ретінде танылатын «әрекеттегі зерттеу» (*ағылш.* action research) немесе «сабақты зерттеу» (*ағылш.* lesson study) аталмаған. Бұл оқытушылардың өздері педагогикалық зерттеулердің әдіснамасы, атап айтқанда, зерттеулерге (ғылыми зерттеулерге) негізделген педагогикалық практикаға ықпал ететін тәсілдер туралы шектеулі білімге ие екендігін көрсетеді.

Жаратылыстану ғылымдары саласында, сондай-ақ тіл және әдебиет саласында пән мұғалімдерін даярлау бойынша білім беру бағдарламаларын оқыту нәтижелерін талдау өзге үрдістерді анықтады. Біріншіден, зерттелген кейстердің басым көпшілігінде түлектердің зерттеу әлеуетінің сипаттамасы жалпы сипатта болады, яғни белгілі бір ғылыми бағытты ескермей, жалпы зерттеу дағдылары туралы айтылады. Екіншіден, оқыту нәтижелері осы бағдарламалардың түлектері бағытқа байланысты жаратылыстану ғылымдарына немесе лингвистикаға/тіл біліміне тән зерттеу білімі мен дағдыларына ие болатынын көрсетеді.

Мысалы, физика және химия мұғалімдерін даярлау бағдарламаларында физикалық және химиялық үдерістерге ғылыми бақылау жүргізу, физикалық, математикалық немесе химиялық әдістерді таңдау және қолдану, физикалық және химиялық эксперименттер жасау және көрсету дағдылары атап өтілді. Басқаша айтқанда, бұл бағдарламалар тек түсініп қана қоймай, сонымен қатар өз пәні бойынша зерттеулер жүргізе алатын педагогтерді дайындайды. Зерттеу құзыреттеріне, жаратылыстану және тіл мен әдебиет бағытындағы білім беру бағдарламаларына қатысты оқу нәтижелері туралы толығырақ мәліметтер сәйкесінше 6 және 7-кестелерде келтірілген. Түлектің педагогикалық қызметті жетілдіру үшін зерттеу білімі мен дағдыларын қолдану қабілетін көрсететін нәтижелер курсивпен белгіленген.

6-кесте – Төрт жоғары оқу орнының жаратылыстану бағыты бойынша білім беру бағдарламаларындағы зерттеушілік құзыреттерге байланысты оқыту нәтижелері (Кучумова және басқалар, 2025)

| Университет | Білім беру бағдарламасы | Зерттеумен байланысты оқу нәтижелері   |
|-------------|-------------------------|--|
| А           | 6B01503<br>«Физика»     | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Физика саласындағы білім мен түсінікті, физикалық зерттеу әдістерін, физиканың ғылым ретіндегі техниканың дамуына әсерін, физиканың басқа ғылымдармен байланысын және оның мамандықтың ғылыми-техникалық проблемаларын шешудегі рөлін қолдана алады</li> <li>- <i>Теориялық білімді практикалық қолдану жазықтығына ақылға қонымды аудару үшін педагогикалық ғылымның теориялық-әдіснамалық негіздерін қолдануға қабілетті.</i></li> </ul>  |
|             | 6B01507<br>«Химия»      | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Зерттеуді жоспарлау әдістері мен деректерді өңдеу әдістерін қолдануға; әдеби көздермен жұмыс істеу әдістерін қолдануға және оларды жұмыс жазуда қолдануға; жұмыста әртүрлі ғылыми зерттеу әдістерін пайдалануға қабілетті.</li> <li>- Химиялық процестерге ғылыми бақылаулар жүргізе алады, эксперименттік деректерді жинау үшін аппаратты қолдана алады және физика-химиялық жабдықты қолдана отырып жұмыс істей алады.</li> <li>- Эксперименттердің нәтижелерін және оларға сәйкес теорияларды сипаттайды, практикалық</li> </ul> |

| Университет | Білім беру бағдарламасы | Зерттеумен байланысты оқу нәтижелері  |
|-------------|-------------------------|---|
|             |                         | міндеттерді шешуде қолайлы физикалық әдістерді таңдайды және қолданады.   |
| Б           | 6B01502<br>«Физика»     | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ғылыми зерттеулер жүргізу әдістері бойынша білімін көрсетуге қабілетті.</li> <li>- Физика бойынша білім алушылардың зерттеу қызметін ұйымдастыруға қабілетті.</li> <li>- Білім алушылармен бірлесіп зертханалық жұмыстарды ұйымдастыру және орындау шеңберінде демонстрациялық тәжірибелер мен эксперименттер қоюға қабілетті.</li> <li>- Академиялық адалдық қағидаттары мен мәдениетін, ғылыми зерттеулер мен академиялық жазылым дағдыларын қолдана отырып, физика және физикалық үдерістер саласындағы ғылыми ақпаратты жинауға және түсіндіруге қабілетті.</li> <li>- <i>Білім берудегі жаңа үрдістерді, физикадағы жаңартылған білім беру мазмұнының қағидаттарын, оқу үдерісін жаңғырту үшін сабақты зерттеу және білім алушылардың жеке ерекшеліктерін диагностикалау әдістерін жүйелеуді біледі.</i></li> </ul> |
|             | 6B01504<br>«Химия»      | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Химия бойынша ғылыми зерттеулер жүргізе алады.</li> <li>- Химиялық зерттеулердің нәтижелерін статистикалық тұрғыдан өңдей алады.</li> <li>- Заттардың сапалық және сандық құрамын анықтау үшін химиялық және физикалық-химиялық талдау әдістерін қолдана отырып, білім алушылардың оқу-зерттеу қызметін басқаруға қабілетті.</li> <li>- Кейіннен оқу үдерісінде [олардың нәтижелерін] пайдалана отырып, биохимия, табиғи қосылыстар химиясы және сирек металл шикізатының перспективалық бағыттары бойынша ғылыми зерттеулер жүргізуге қабілетті.</li> </ul>   |
| С           | 6B01503<br>«Физика»     | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Өзінің жобалау қызметін және білім алушылардың жобалау қызметіне жетекшілікті, олимпиадалық даярлықты жүзеге асыруға</li> </ul>  |

| Университет | Білім беру бағдарламасы  | Зерттеумен байланысты оқу нәтижелері   |
|-------------|--------------------------|--|
|             |                          | <p>қабілетті.</p> <ul style="list-style-type: none"> <li>- Физикалық пәндер саласында ғылыми зерттеулер жүргізе алады.</li> <li>- Қазіргі заманғы психологиялық-педагогикалық ғылымның жетістіктеріне сәйкес физика, информатика, математика саласында ғылыми-педагогикалық қызметті жүзеге асыра алады.</li> </ul>  |
|             | 6B01511 «Химия-Биология» | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Өз жобалық қызметін және білім алушылардың жобалық қызметіне басшылықты жүзеге асыруға қабілетті.</li> <li>- Математикалық статистика әдістерін қолдана отырып, зерттеу нәтижелерін ғылыми талдау және оларды химия және биология саласындағы практикалық қызметте қолдану негізінде ... ақпаратты жинауға және түсіндіруге қабілетті.</li> </ul>                 |
| Д           | 6B01502 «Физика»         | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Бақыланатын физикалық үдірістерді, фактілер мен құбылыстарды талдау және жинақтау кезінде математикалық әдістерді қолдана алады.</li> <li>- Оқу-зерттеу жұмысын, білім алушылардың академиялық жазылымын ұйымдастыруға, физикалық экспериментті әдіснамалық тұрғыдан сауатты орындауға қабілетті.</li> </ul>  |
|             | 6B01504 «Химия»          | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Химиялық эксперимент міндеттерін шешу дағдыларына ие, химиялық заттар мен реакцияларды алу мен зерттеудің синтетикалық және аналитикалық әдістерін үйренеді; ғылыми зерттеу және академиялық жазылым әдістерін біледі.</li> <li>- Ғылыми-жаратылыстану білімінің нақты саласындағы қолданыстағы әдістемелер негізінде ғылыми зерттеулер жүргізе алады.</li> </ul> |

А, Б және С университеттерінің 6B01502 «Физика» шифры бар білім беру бағдарламаларында шамалы ерекшелік байқалады, онда жаратылыстану ғылымдарын оқытуға маманданған түлектердің педагогикалық ғылым саласында білімі болатыны көрсетілген. Д университетінде болашақ педагогтердің зерттеушілік қабілеттері инклюзивті білім беру

мәнмәтінінде ғана атап өтіледі, бұл – білім беру ғылымының тек бір саласы.

7-кесте – Төрт жоғары оқу орнының 6B01706 «Шетел тілі: екі шетел тілі» білім беру бағдарламасындағы зерттеушілік құзыреттермен байланысты оқыту нәтижелері (Кучумова және басқалар, 2025)

| Уни-вер-ситет | Білім беру бағдарла-масы             | Зерттеумен байланысты оқу нәтижелері  |
|---------------|--------------------------------------|---|
| А             | 6B01706 «Шетел тілі: екі шетел тілі» | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ғылыми зерттеу әдістерін біледі, ғылыми зерттеулердің нәтижелерін талдайды және оларды шетел тілдерін оқыту саласында ғылыми жұмыс жазу шеңберінде нақты ғылыми-зерттеу міндеттерін шешуде қолданады.</li> <li>- Психологиялық-педагогикалық диагностика, талдау және синтез негізінде кешенді педагогикалық мониторинг жүргізе алады, алынған нәтижелерді түсіндіре алады.</li> <li>- Лингвистикалық теориялар саласындағы қазіргі ғылыми-теориялық көзқарастардың базалық негіздерінің пайымдауларын қалыптастыру үшін ақпаратты жинауды және түсіндіруді жүзеге асырады.</li> </ul> |
| Б             |                                      | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Ғылыми зерттеу жүргізу әдістері мен академиялық жазылым дағдылары бойынша білімін көрсете алады.</li> <li>- Тіл білімінің нақты саласында бар әдістемелер негізінде зерттеу жұмысын ұйымдастырады, эксперименттік қызмет нәтижелерін түсіндіріп, дәлелді тұжырымдар мен қорытындылар жасай алады.</li> </ul>   |
| С             |                                      | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Психологиялық-педагогикалық ғылымдар саласында негізгі және кәсіби құзыреттерге ие.</li> </ul>   |
| Д             |                                      | <ul style="list-style-type: none"> <li>- Жинақталған халықаралық тәжірибені жалпылайды және инклюзивті білім берудің даму деңгейін зерттейді.</li> <li>- Әртүрлі мәтіндердің үлгілерімен жұмыс істей алады: оқу, ғылыми, ақпараттық.</li> <li>- Академиялық мәтіннің құрылым логикасына, тезистер мен дәлелдер құру талаптарына және оларды параграфтарға рәсімдеу ережелеріне қатысты негізгі білім мен дағдыларды меңгерген.</li> <li>- Өзін-өзі бағалау, өзін-өзі талдау және өзін-өзі бақылау қабілеттерін көрсетеді.</li> </ul>  |

Пән мұғалімдерін даярлауда педагогикалық емес ғылыми салаларда зерттеу жүргізу бойынша білім мен дағдылар толық негізделген болып көрінеді. Біріншіден, белгілі бір пәндік саладағы заманауи нәтижелер мен зерттеу әдістерін меңгеру білім беру мазмұнын жақсарту және жаңарту үшін қажет. Екіншіден, мұндай салада зерттеу жүргізудің ерекшеліктері мен әдістерін түсіну мұғалімдерге тиісті пән бойынша мектептегі ғылыми жобаларды тиімді басқаруға және жаратылыстану-ғылыми бейіндегі сабақтарда проблемалық оқыту әдістерін енгізуге мүмкіндік береді. Осылайша педагогикалық емес факультеттерде мұғалімдердің зерттеу әлеуеті, ең алдымен, олардың білім беру саласында емес, өзінің пәндік саласында зерттеуді түсіну және жүргізу қабілетімен байланысты. Мұны сұхбат деректері де растайды:

*2022 жылға дейін зерттеу әдістері курсы педагогикалық факультетте оқытылды. 2022 жылы ол оқу материалымен тығыз сәйкестендіру үшін бейіндік пәндер кафедраларына берілді. Енді химияға бағдарланған курс студенттердің болашақта химия мұғалімі ретінде оқытатын саладағы зерттеу әдістеріне назар аударады. (УЗ, С университеті, ПОҚ, химия)*

Мұндай жағдай осындай бағдарламалардың түлектерінің сыныптағы жұмысты басқару, оқушылардың әртүрлі оқу қажеттіліктерін ескеру және тиімді бағалауды жүзеге асыру сияқты педагогикалық проблемаларды шешуге қаншалықты дайын екендігі туралы сұрақ туғызады. Бұл сұрақ өте орынды, өйткені пәндік саласының ғылыми негіздерін білу көбінесе педагогикалық білімге немесе «қалай оқытуға» емес, оқытудың мазмұнына немесе «нені оқытуға» қатысты болады.

Жоғарыда сипатталған мәнмәтінге сәйкес жаңадан енгізілген зерттеу әдіснамасы бойынша курстың мақсаты – көбінесе болашақ педагогтерді тек түсініп қана қоймай, сонымен бірге педагогикалық факультеттерде білім беру саласында немесе педагогикалық емес факультеттерде белгілі бір пән саласында зерттеулер жүргізуге даярлау. Сұхбат деректері көрсеткендей, курстардың мұндай мақсаты зерттеу дайындығының утилитарлық рөлін түсінуге сәйкес келді, атап айтқанда, болашақ мұғалімдерді мектеп оқушыларының ғылыми жобаларына жетекшілік етуге дайындау, жаратылыстану пәндері бойынша проблемалық сабақтар өткізу, сондай-ақ рефлексия жасау және өз педагогикалық практикасын жетілдіру. Қойылған мақсатқа жету үшін ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстардың мазмұны, негізінен, зерттеу үдерісіне, атап айтқанда, оның кезеңдеріне, мақсаттарын, міндеттері мен болжамдарын

әзірлеуге, қоюға, сондай-ақ белгілі бір ғылыми саланың эмпирикалық деректерін жинау немесе талдау әдістерін зерттеуге бағытталған.

Сондай-ақ сұхбаттарды талдау барысында оқытушылардың өз курстарында студенттерді ғылыми стиль жанрларымен, мысалы, дипломдық жұмыс (жоба), ғылыми мақала, рецензия және аннотация жазумен таныстыруға ұмтылғаны анықталды. Бұл мазмұнға Б және Д жоғары оқу орындарында үлкен көңіл бөлінді, онда зерттеу әдіснамасы бойынша курстар академиялық жазылым курсымен біріктіріліп, оны филология факультеттерінің оқытушылары жүргізгенін айта кету керек. Бұл білім зерттеу қызметі үшін маңызды болғанымен, осындай курстардың болашақ мұғалімдерді педагогикалық зерттеулердің нәтижелерін түсіну, сыни талдау және кәсіби қызметінде қолдану қабілетіне, сондай-ақ өз сыныбында қолданбалы зерттеулер жүргізуге қаншалықты дайындайтыны туралы сұрақ туындайды.

Барлық факультеттерде ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша оқытушылар өз курстары аясында студенттерге академиялық адалдық, плагиат және ғылыми этика ұғымдарын оқытатынын да атап өтті. Сонымен қатар халықаралық ғылыми дерекқорларға, ғылыми журналдардың рейтингілеріне және дәйексөздер индексіне де назар аударылды. Бұл білім болашақ педагогтердің сенімді әдебиеттерді іздеу, академиялық стандарттарды сақтау және үздік халықаралық зерттеу тәжірибелерін ұстану дағдыларын қалыптастыру үшін маңызды деп саналды:

*Біз студенттерді Web of Science, Scopus және eLibrary сияқты негізгі дерекқорлармен жұмыс істеуге үйретеміз. Олар ғылыми зерттеулерді іздеуге және олардың сенімділігін бағалауға, сондай-ақ квартиль мен процентиль сияқты өлшемдер негізінде журналдарды бағалауға үйретеді. Бұл білім оларға сапалы зерттеулер жүргізу үшін қажет. (У12, А университеті, ПОҚ, физика)*

Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді түсінудегі және сәйкесінше педагогикалық және педагогикалық емес факультеттер арасындағы жаңадан енгізілген ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстардың мазмұнындағы айырмашылықтарды ішінара екі фактормен түсіндіруге болады. Бірінші фактор педагогикалық мамандықтарда жұмыс істейтін оқытушылардың педагогикалық және білім беру ғылымы саласындағы зерттеу әлеуетімен байланысты. Осылайша педагогикалық емес факультеттерде әдетте педагогикамен байланысы жоқ, пән салалары

бойынша маманданған оқытушылар жұмыс істейді, яғни белгілі бір жаратылыстану бағытының магистрлері, кандидаттары мен докторлары. Кәсіби дайындығына байланысты мұндай оқытушылар, әдетте, педагогикалық ғылым мен педагогикалық білім туралы шектеулі түсінуге ие, көбінесе мектепте тиімді оқыту үшін мұғалімдерге оқыту әдістемесін білу жеткілікті деген сенімге келеді. Мұндай жеңілдетілген түсінік жаратылыстану факультеттерінде оқытылатын ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстардың мақсаттары мен мазмұнында көрініс табады, онда педагогикалық емес, жаратылыстану ғылымдарының әдіснамасына басымдық беріледі. Жаратылыстану ғылымдары саласында маманданған оқытушылардың өздері, әдетте, педагогикалық және білім беру ғылымы саласындағы білімдерін кеңейтуге аса қызығушылық танытпайды. Бұл жағдайды Қазақстанның жоғары оқу орындарында да, көптеген басқа елдердегідей, мансаптық өсу ғылыми нәтижелерге байланысты болуымен түсіндіруге болады. Тиісінше жаратылыстану-ғылыми факультеттердің оқытушылары педагогикалық зерттеулер саласында емес, өздерінің пәндік саласы шеңберінде ғылыми қызметті дамытуға ұмтылады.

Екінші фактор қазақстандық жоғары оқу орындарында бар қаржы механизмдерімен байланысты. Белгілі болғандай, Қазақстанда оқытушылардың жалақы деңгейі жеткілікті дәрежеде олардың аудиториялық жүктемесімен анықталады. Осыған байланысты факультеттер немесе кафедралар арасында өздерінің штаттық оқытушыларын жүктемемен қамтамасыз ету үшін академиялық сағаттарға жасырын «күрес» туындауы мүмкін. Бұл тұрғыда курстардың (пәндердің) мазмұны көбінесе белгілі бір кафедра (факультет) ішіндегі академиялық сағаттарды сақтауға деген ұмтылыспен анықталады, бұл білім беру бағдарламасының сапасына теріс әсер етуі мүмкін. Біздің ойымызша, дәл осындай ішкі бәсекелестік педагогикалық емес факультеттер шеңберіндегі жаңадан енгізілген ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстардың мазмұнын анықтайды. Пән мұғалімдерінің академиялық бағдарламаларының негізгі әзірлеушілері ретінде бұл факультеттер курстарды өздерінің пәндік мазмұнымен толықтырады. Талдау көрсеткендей, пән мұғалімдерінің академиялық бағдарламаларында жаратылыстану ғылымдарының әдіснамасы бойынша бірқатар курстар бар. Дегенмен жаратылыстану ғылымдары факультеттері, педагогикалық ғылымның жетістіктері негізінде кәсіптік практиканы зерделеуге және жетілдіруге қабілетті болашақ педагог-зерттеушілерді дамытуға назар аударып отырған ұлттық саяси дискурсқа қарамастан, дәл осы дайындық бағытын күшейтуді жалғастырып келеді.

## ***Жаңадан енгізілген ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курсты оқыту тәсілдері***

Жаңадан енгізілген ғылыми зерттеу әдістемесі пәні бойынша курсты оқыту төрт жоғары оқу орнында көбінесе мұғалімге бағытталған (ағыл. teacher-centered). Оқу материалы оқытушыдан студенттерге зерттеудің философиялық негіздері, оның қағидаттары мен стандарттары, үдерісі мен әдіснамалық тәсілдері туралы дәрістер түрінде беріледі. Мұндай дәрістер көбінесе саны жүзге жететін студенттен тұратын үлкен академиялық топтарда өткізіледі, онда әртүрлі педагогикалық мамандықтардың студенттері, кейде тек олар ғана емес, басқа студенттер де болады. Дәрістер студенттердің зерттеуді, оның үдерісін, сондай-ақ оған қойылатын талаптарды түсінуін қалыптастыруға бағытталған.

Д университетінің педагогикалық факультетінде ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша дәрістер қазақ немесе орыс тілінде оқитын студенттер үшін де ағылшын тілінде өтті. Осы университеттің студенттері атап өткендей, ағылшын тілін жетік білмеу курстың мазмұнын түсінуде қиындықтар туғызды. Алайда осы жоғары оқу орнының оқытушыларының айтуынша, курс тілін таңдау студенттерді халықаралық зерттеулер туралы біліммен таныстыру ниетіне негізделген, сондай-ақ қазақ және орыс тілдерінде ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша жеткілікті және қызықты материалдың жоқтығы себеп болған. Ағылшын тіліндегі кітаптар мен ғылыми журналдар педагогика ғылымындағы жаңа әдіснамалық тәсілдердің негізгі көзі ретінде қарастырылды.

Кейбір оқытушылар студенттердің практикалық зерттеу дағдыларын дамытуға деген ұмтылыстары туралы да айтты. Бұл көбінесе семинар сабақтарында практикалық тапсырмалар арқылы жүзеге асады, мысалы, ғылыми әдебиеттер қорын пайдалану, зерттеу тақырыбы бойынша дереккөздерді іздеу, әдебиеттер тізімін құрастыру, зерттеудің объектісі мен пәнін анықтау, мақсаттар мен міндеттерді немесе зерттеу гипотезаларын тұжырымдау, сондай-ақ академиялық дағдыларды – мәтінді қайта баяндау, дәйексөз келтіру, рецензия немесе қысқаша мазмұн жазу тәжірибесін дамыту.

*Біз дәрістерде қарастыратын нәрселердің барлығын олар дереу практикада қолданады. Мысалы, біз плагиат дегеннің не екенін талқылаймыз, содан кейін мен: «Жарайды, міне, сізге ұнаған тіркес бар, бірақ ол сіздікі емес. Сіз оны мақалаңызда плагиат болмайтындай етіп қалай пайдалана аласыз?» - деп айтамын. Осылайша біз мәтінді қайта баяндауды және дәйексөзді дұрыс*

*қолдануды үйренеміз. Бұл өте маңызды. (У1, Б университеті, ПОҚ, лингвистика)*

Оқытушылардың аздаған бөлігі зерттеу бойынша шынайы тәжірибені зерттеушілік дайындықтың маңызды элементтерінің бірі деп санайды. Мұндай пікір әсіресе зерттеу қызметіне тартылған педагогикалық факультеттердің өкілдеріне тән болды, мысалы, зерттеу жобаларын басқарған немесе атқарған мамандар арасында кең таралған. Бұған қоса студенттерге шынайы зерттеу тәжірибесін ұсыну практикасы педагогикалық бағыт бойынша докторантурада оқыған оқытушыларға да тән.

Түпнұсқаға барабар зерттеу тәжірибесінің мәні – студенттердің шағын топтарда оқытушының жетекшілігімен эмпирикалық деректерді жинау арқылы өз зерттеулерін жүргізуі. Әдетте мұндай жобалар курстың бағаланатын қорытынды жұмысын білдіреді. Мұндай жобаны жүзеге асыруға шамамен 4-5 апта уақыт бөлінеді, оның соңында студенттер өз нәтижелерін аудиторияға ұсынады және зерттеу есебін тапсырады. Оқытушылардың пікірінше, осындай зерттеу дағдыларын меңгеру тәжірибесі болашақ педагогтерге зерттеудің дизайнын жасау, деректерді жинау және талдау, нәтижелерді белгілі бір ғылыми жанрға (ғылыми презентация немесе зерттеу есебі) сәйкес ұсынуға ғана емес, сонымен қатар зерттеушілер ролінде өзін сезінуге, олардың кездесетін қиындықтарын түсінуге және зерттеу үдерісін практикалық тұрғыдан ұғынуға мүмкіндік береді.

*Студенттер екі-үш адамнан, кейде топқа байланысты төрт адамнан құрылған топпен бірге нақты ғылыми-эксперименттік жұмыс жүргізетін топтық жоба әзірлейді. Мен оларға тақырып беремін немесе олар оны өздері таңдай алады. Яғни бастапқыда олардың зерттеу дағдыларын дамыту міндеті тұр. Мысалы, менің студенттерім студенттік кофехана немесе асхананың танымалдылығына әсер ететін факторларды зерттеген болатын. Сәйкесінше студенттер зерттеудің мақсатын, міндеттерін немесе гипотезасын анықтап, сауалнама жүргізу сияқты жарамды әдістерді таңдап, қажетті ақпаратты жинауы тиіс болды. Бұл олар әдістердің қалай нақты жұмыс істейтінін көзбен көруі үшін, зерттеу үдерісін түсінуі үшін жасалады, өйткені ертең олар мектепте жұмысқа орналасқанда тым болмағанда зерттеу жүргізу барысымен таныс болады. (У4, А университеті, ПОҚ, лингвистика)*

Түпнұсқаға барабар зерттеу тәжірибесі – студентті оқу үдерісінің белсенді қатысушысы ретінде қарастыратын, студентке бағытталған оқыту әдістерінің бірі. Студенттің практикалық тәжірибе алу арқылы өз білімін қалыптастыруға белсенді қатысуында оқытудың тиімділігі көрінеді. Бұған қоса мұндай оқыту форматы студенттерге зерттеу дербестігін, яғни зерттеуді өз бетінше жоспарлау және жүргізу қабілетін дамытуға мүмкіндік береді.

Педагогикалық емес факультеттерде студенттер жобаны қандай ғылыми бағытта дайындау керектігін таңдайды. Көбінесе пәндік саладағы жобаларға басымдық беріледі. Педагогика факультеттерінде барлық студент педагогика ғылымы бағытында жобалар жазады, яғни дидактика мен оқыту әдістемесіне, педагогикаға, тәрбиеге және жалпы білім беруге қатысты мәселелерді кең мағынада зерттейді. Көріп отырғанымыздай, мұндай айырмашылық болашақ педагогтердің қандай зерттеу дағдыларын меңгеретініне және осы дағдылардың өз педагогикалық қызметі мен білім беру ортасына қатысты зерттеу жүргізетін мектеп мұғалімі болу үшін қаншалықты пайдалы екеніне әсер етеді.

Түпнұсқаға барабар зерттеу тәжірибесін алу мүмкіндігі, негізінен, С және Д университеттерінің студенттері тарапынан оң бағаланғанын атап өту маңызды. Өз жауаптарында олар нақты зерттеу тәжірибесін алғандарын, соның ішінде эмпирикалық деректерді жинау құралдарын әзірлеуді, сауалнама және жеке сұхбаттар жүргізуді, сондай-ақ деректерді талдап, ұсынуды үйренгендерін атап өтті. Жобалық-зерттеу жұмысы барлық жоғары оқу орындарында кең таралмағанын ерекше атап өткен жөн. Мысалы, А және Б университеттерінің студенттері өз жауаптарында курстар аясында зерттеу дағдыларын практикада қолдануға көбірек мүмкіндік беру қажеттігін атап көрсетті.

### ***Жаңадан енгізілген ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстың нәтижелері***

Жүргізілген зерттеу төрт жоғары оқу орнындағы ғылыми зерттеу әдістемесі бойынша жаңа курстың нәтижелері әртүрлі екенін, бірақ тұтастай алғанда, мұғалімдерді зерттеуші-практик ретінде даярлауға қатысты күтілетін нәтижелерге сәйкес келмейтінін көрсетті. Мысалы, А және Б университеттерінде студенттер ғылыми зерттеу, оның барысы және әдістері туралы әлсіз түсінікке ие. Көбінесе олар ғылыми зерттеу әдістерін оқыту әдістерімен шатастырды. Мысалы, «Ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курста сіз білім беру саласындағы ғылыми зерттеудің қандай әдістерін оқыдыңыз?» деген сұраққа студенттер

оқытуда қолданылатын тәсілдер мен стратегияларды атады, мысалы, ми шабуылы (brainstorming), «балық сүйегі» әдісі (*ағыл.* Fishbone), «ыстық орындық» әдісі (*ағыл.* Hot chair), «топтық пазл» техникасы (*ағыл.* Jigsaw) және басқалар. Тіпті кейбір студенттер білім беру ғылыми зерттеулерінің әдістерін – эксперимент пен бақылауды атаған болса да, олардың бұл әдістерді түсінуі көбінесе позитивизмнің зерттеу парадигмасымен шектелген, яғни осы әдістердің білім беру тәжірибелерінің тиімділігін өлшеу және бағалау үшін қолданылатынына негізделген еді.

С және Д университеттерінде, керісінше, студенттер ғылыми зерттеулерді, оның барысын, сандық және сапалық зерттеу әдістерін неғұрлым нақты түсінетіндіктерін көрсетті. Алайда, осыған қарамастан, кейбір студенттерге білім беру саласындағы зерттеулерге тән әдіснамалар мен әдістерді атау қиынға соқты. Бұған ғылыми зерттеу әдістемесі курстарының әрдайым білім беру саласындағы ғылыми әдістерге бағытталмауы, керісінше, ғылыми таным әдістемесі туралы жалпылама сипатта болуы себеп болуы мүмкін. Осыған байланысты студенттер білім беру және педагогикалық зерттеулер саласындағы ғылыми әдіснамаға баса назар аударатын жекелеген курстардың қажеттілігі туралы пікір білдірді.

Осылайша біздің деректеріміз педагогика ғылымы саласындағы болашақ мұғалімдердің зерттеу әлеуетін арттыру қажеттілігі туралы ұлттық саяси дискурс аясында енгізілген жаңа ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курс осы дискурс талаптарына жеткілікті дәрежеде сәйкес келмейтінін көрсетті. Талдау көрсеткендей, педагогикалық және педагогикалық емес факультеттер жоғарыдан түскен ұсынымдарды әртүрлі түсінеді, бұл іс жүзінде оларды жүзеге асырудың әр алуан тәсілдеріне және нәтижесінде педагогикалық және педагогикалық емес факультеттердегі болашақ мұғалімдердің әртүрлі біліктіліктеріне әкеледі. Сонымен қатар зерттеу жаңадан енгізілген курстың нәтижесі бойынша студенттердің басым бөлігі білім беру және педагогика саласындағы ғылыми зерттеулердің әдіснамасын нақты әрі айқын түсінбейтінін, ал олардың кейбіреуі зерттеу мен зерттеу қызметі туралы бұлыңғыр түсінік қалыптастырғанын анықтады.

### **Педагогикалық білім беру бағдарламалары шеңберіндегі зерттеу мүмкіндіктері**


Үздік халықаралық практикаларға сәйкес педагогикалық даярлық жүйесі дамыған елдердегі педагогикалық білім беру бағдарламаларының студенттері зерттеу дағдыларын дамыту және ғылыми қызметке қатысу үшін кең мүмкіндіктер алады (Aspfors & Eklund, 2017; Vyman et al. 2020).

Бұл ғылыми зерттеу әдіснамасы курстарын оқу, курстық және қорытынды біліктілік жұмыстарын орындау, мектептерде педагогикалық практикадан өту, сондай-ақ оқытушылар жүргізетін ғылыми студенттік үйірмелерге, конкурстарға, конференциялар мен жобаларға қатысу арқылы жүзеге асады. Бұл тарауда біз педагогтерді даярлаудың қазақстандық жүйесі көрсетілген халықаралық стандарттарға қаншалықты дәрежеде сәйкес келетінін талдаймыз.

### *Пән аясында*


Бұған дейін жазғанымыздай, «Ғылыми зерттеу әдіснамасы» пәні болашақ педагогтердің зерттеу дағдыларын қалыптастыруға және студенттерге курс аясында педагогикалық зерттеу жүргізу мүмкіндігін ұсынуға бағытталған. Алайда студенттердің жауаптарын статистикалық талдауға сәйкес, олардың аз ғана бөлігі шынайы түрде осындай мүмкіндікке ие болып, зерттеу дағдыларын практикада қолдана алды. А және Б университеттерінде студенттердің тек 8 және 6 пайызы осы пән бойынша өздерінің ғылыми жобаларын жүргізгенін көрсетті. Осы жоғары оқу орындары студенттерінің көпшілігі курс барысында, негізінен, презентация дайындаумен, мақалалар немесе рефераттар жазумен, сондай-ақ оқытушы қойған теориялық сұрақтарға жауап іздеумен айналысты (1 және 2-диаграммаларды қараңыз).

1-диаграмма. А университеті: қызмет түрлері және тапсырмалар




С университеті мен Д университетінде студенттерге өздерінің зерттеу жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік беру жағдайы А және Б университеттеріне қарағанда сәл тиімдірек көрінеді. Сауалнама нәтижелеріне сәйкес С университетінде зерттеліп отырған пән аясында студенттердің 39 пайызы өздерінің зерттеу жобасында жұмыс істеу мүмкіндігін алған, ал Д университетінде бұл көрсеткіш 22 пайызды құрайды (3 және 4-диаграммаларды қараңыз).


2-диаграмма. Б университеті: қызмет түрлері және тапсырмалар



3-диаграмма. С университеті: қызмет түрлері және тапсырмалар



## 4-диаграмма. Д университеті: қызмет түрлері және тапсырмалар



Қалған уақытта студенттер, А және Б университеттеріндегідей, ғылыми ақпаратты меңгерумен және ғылыми мақалалар жазумен айналысты. Алайда С және Д университеттерінде мақала жазу – қисынды әрі негізді іс, өйткені студенттер алдын ала зерттеу жүргізді, ал оның нәтижелері жарияланымдарына негіз бола алады. Бұған қарағанда, А және Б университеттерінде мақала жазу фактісінің өзі күмән тудырады, себебі студенттердің өз зерттеу жобаларымен айналысуға мүмкіндігі болғандары өте аз.

Алайда зерттеуіміздің одан да көңілге қаяу түсіретін тұжырымы, тіпті студенттер пән аясында нақты ғылыми жобаларды орындайтын аз ғана жағдайларда да, бұл жобалардың педагогикалық тақырыппен сирек байланысты болуы. Гуманитарлық білім беру бағдарламалары көбінесе әлеуметтанулық зерттеулерге бағытталған. Мысалы, А университетінде «Шетел тілі: екі шетел тілі» бағдарламасының студенттері қоғамдық тамақтану орнының студенттердің әлеуметтенуіне әсерін зерттеген. Ұқсас жағдай STEM бағдарламаларында да байқалады: болашақ химия, физика, математика, биология және география мұғалімдері өздерінің тар пәндік салаларында зерттеу жүргізуге бейім. Мысалы, Б және С университеттерінде осы пән шеңберіндегі студенттік жобалар өз өңірлеріндегі экологиялық жағдайды зерттеуге арналды. Басқаша айтқанда, студенттер ғылыми зерттеулер жүргізген кезде де, олар әдетте педагогикалық сипатта болмайды және болашақ мұғалімдер үшін өздерінің педагогикалық тәжірибелерін зерттеу дайындығына ықпал етпейді.

Сауалнаманың ашық сұрақтарына жауап бере отырып, барлық жоғары оқу орындарының студенттері шынайы зерттеулерді жүргізу үшін

көбірек мүмкіндіктер қажет екенін атап өтті, бұл ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курсты жақсарту бойынша басты ұсыным болды. Жеке немесе топтық жобаларды жүзеге асыра алған студенттер курстың бұл бөлігін ең қызықты және есте қаларлық деп атады. Студенттер зерттеу үдерісінен: деректер жинаудан, сұхбаттар алудан және сауалнамалар жүргізуден, нәтижелерді талдаудан үлкен ләззат алған. Оларға әр кезеңге белсенді қатысу ұнаған. Олар өз зерттеуіне жауапкершілікпен қарағандықтан, бұл тек жетістік пен аяқталу сезімін сыйлап қана қоймай, сонымен қатар өз деректеріне негізделген зерттеу жүргізу және қорытынды жасау дегеннің не екенін нақты түсінуді де қамтамасыз етті. Сонымен қатар мұндай мүмкіндікке ие болмаған студенттердің басым көпшілігі курстың ең әлсіз жағы деп дәл осы практиканың болмауын көрсетті. Теорияны оқыса да, олар өздерін өз бетінше зерттеу жұмысын жасауға дайын сезінбейді.

*Менің ойымша, ғылыми зерттеу не екенін ұзақ түсіндірудің орнына, студенттерді өз саласында нақты зерттеулер жүргізуге бірден үйреткен дұрыс. (А университеті, 31-студент, әлеуметтік-гуманитарлық бейін)*

*Меніңше, жобамен көбірек жұмыс істеу керек, практикаға көбірек көңіл бөлу қажет. Оқытушымен бірге біз осы курстың практикалық бөлігін өткен жоқпыз. (Б университеті, 4-студент, әлеуметтік-гуманитарлық бейін)*

*Қалай жұмыс істеу керектігін және қайдан бастау керектігін түсіну үшін көбірек практикалық қызмет, нақты зерттеулермен танысу, олардың жоспарын талдау [қажет]. (Б университеті, 98-студент, әлеуметтік-гуманитарлық бейін)*

### ***Дипломдық жұмыс аясында***

Қазақстанның жоғары оқу орындары институционалдық дербестікке ие болған 2018 жылға дейін еліміздің көптеген педагогикалық жоғары оқу орындарында қорытынды емтихандар екі кезеңде өткізілді. Бірінші кезең – дипломдық жұмыс жазу, екіншісі – кешенді емтихан. Екі кезең де студенттердің педагогика және оқыту әдістемесі саласында да, жоғары мамандандырылған пәндер бойынша да білімдерін тексеруге мүмкіндік берді. Мысалы, егер студент, болашақ ағылшын тілі мұғалімі, шетел тілдерін оқытудың педагогикасы мен әдістемесі бойынша дипломдық жұмыс жазса, онда кешенді емтиханда ол фонетика, лексикология,

морфология және синтаксисті қоса алғанда, тіл білімінен тапсырды. Керісінше, егер дипломдық жұмыс тіл білімі мәселелеріне арналса, онда кешенді емтихан педагогикалық пәндерді қамтыды. Студенттерге өз дипломдық жұмыстарын ғылыми жетекшілерімен бірге таңдау мүмкіндігі берілді.

Дипломдық жұмыс соңғы уақытқа дейін болашақ педагогтің оқу үдерісінің мәнін айқындайтын басты бөлік болып, студентке зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді. Педагогикалық зерттеу әдіснамасы әлі бөлек пән ретінде Қазақстанның педагогикалық жоғары оқу орындарының білім бағдарламаларына енгізілмеген жылдары дипломдық жұмыс жазу студент үшін ғылыми зерттеу жүргізудің және кем дегенде негізгі зерттеу дағдыларын қалыптастырудың жалғыз мүмкіндігі болды. Көбінесе педагогика және оқыту әдістемесі бойынша дипломдық жұмыстар кеңестік ғылым түсінігіндегі бақылау және педагогикалық эксперимент сияқты әдістермен ғана шектелетін. Дегенмен олар студенттерде академиялық жазылым, сыни ойлау, өзін-өзі тәрбиелеу дағдыларын дамытуға ықпал етті, сонымен қатар педагогика ғылымы туралы жалпы түсінік қалыптастырды.

Зерттеуге қатысқан барлық жоғары оқу орындары институционалдық дербестік алған сәттен бастап, қорытынды емтихандар форматына өзгерістер енгізді. Үш жоғары оқу орнында ғылыми жетекшілердің студенттермен қорытынды жобалар бойынша жұмысына бөлінетін сағат саны қысқартылды. Біздің респонденттердің пікірінше, бұл дипломдық зерттеулердің сапасына теріс әсер етеді, өйткені оқытушылардың зерттеуді жоспарлаудан бастап оны тексеруге дейін жұмысты толық сүйемелдеуге уақыты жеткіліксіз. Б университетінде дипломдық жобалар толығымен жойылды. Педагогикалық бағыттағы барлық студенттер үшін қорытынды сынақ кешенді емтихан болды. Осылайша осы жоғары оқу орнында болашақ педагогтер «Педагогикалық зерттеу әдіснамасы» пәні аясында алған зерттеу дағдыларын практикада іске асырусыз диплом алу мүмкіндігіне ие болды.

*Мәселе мынада, өкінішке қарай, бұл тек кафедраға ғана қатысты емес, өз жоғары оқу орнымның беделін түсіргім келмейді, қандай механизмдер осындай шешімге алып келгенін білмеймін, бірақ өткен жылы студенттер мүлде дипломдық жұмыс жазбағаны рас, курстық жұмыстар да алынып тасталды... Біз оны [студентті] тағдырдың еркіне қалдырып отырмыз, ол ешқашан педагогикалық ізденіс жүргізіп көрмей, деректерді өңдеп, оларды оқуға ыңғайлы,*

*яғни сенімді әрі дәлелді түрде ұсынбай-ақ диплом алады.* (У12, Б университеті, ПОҚ, педагогика)

Зерттеуге қатысушылар дипломдық жұмыстарды қысқарту немесе толығымен жою себептерін бөліскісі келмеді. Біздің сұрақтарға жауап берген кейбір қатысушылардың айтуынша, бұл шешім сол кездегі Білім және ғылым министрлігінің талаптарына сәйкес оқытушының бір ставкаға белгіленген максималды жұмыс жүктемесін жылына 900 сағаттан 680 сағатқа дейін қысқартумен байланысты болған (Kazinform, 2021). Осылайша жоғары оқу орындары дипломдық жұмысты қоса алғанда, аудиториядан тыс жұмыс түрлеріне бөлінген сағаттарды қысқарту есебінен жаңа нормативтерді сақтау міндетін шешті. Бұл шара оқытушылардың еңбекақысына жұмсалатын шығындарды азайтуға мүмкіндік бергенімен, студенттердің зерттеу дағдыларын практикада қолдану және дамыту мүмкіндіктерін шектеді.

Бұған қоса, сұхбат қатысушылары атап өткендей, қорытынды сынақтың міндетті талабы ретінде дипломдық жұмысты алып тастау студенттердің ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курсты оқуға деген ынтасына теріс әсер етеді. Жақын арада (мысалы, дипломдық жұмыс жазу үшін) нақты қажеттілік болмағандықтан, сондай-ақ жасына байланысты ұзақ мерзімді кәсіби мақсаттар туралы аса ойланбағандықтан, студенттер өздерінің зерттеу білімдері мен дағдыларын дамытуға үстірт қарайды. Бұл жағдайды шешу үшін халықаралық тәжірибе бүкіл оқу бағдарламасы бойынша зерттеу әлеуетінің дәйекті дамуын қамтамасыз ету маңызды екенін көрсетеді (Krokkfors et al., 2011; Reid & O'Donoghue, 2004; Toom & Husu, 2024).

Біздің зерттеуіміздің тағы бір маңызды нәтижесі – Д университеті мен С университетінде дипломдық жұмыс жазу құқығы тек жоғары GPA-ға ие студенттерге ғана берілетіні, ал бұл жалпы бітіруші түлектер санының орта есеппен 20–25 пайызынан аспайды. Бір қызығы, біз сұхбат алған көптеген оқытушылар мен кафедра меңгерушілері бұл тәжірибені қолдайды және тіпті мақұлдайды. Олардың ойынша, ғылыми қызмет барлық студенттерге арналмаған, өйткені әркімнің зерттеу жұмысына қабілеті бола бермейді. Олардың пікірінше, университет барлық студенттерді ғылыммен айналысуға мәжбүрlemeуі керек, керісінше, мұндай мүмкіндікті тек талдамалық ойлау қабілеті және ғылыми зерттеуге бейімі бар студенттерге ғана ұсыну қажет. Алайда бұл ұстаным Қазақстанның педагогикалық білімінде қалыптасқан қағидаттарға қайшы келеді. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі 2022 жылы бекіткен «Педагог» кәсіби стандартына сәйкес барлық педагогтер өз

саласында ғылыми зерттеулер жүргізу үшін дағдылар мен мүмкіндіктерге ие болуы тиіс. Бұл оқытудағы зерттеу құрамбөлігінің маңыздылығын көрсетеді және педагогикалық тәжірибені талдау мен жетілдіру қабілеті болашақ мұғалімдерді даярлаудың ажырамас бөлігі болып табылады деп тұжырымдайды.

*Біреу дипломлық жұмыс жазады, ал біреу емтихан тапсырады. Мұны кафедра шешеді. Яғни GPA-ы төмен студенттерді кафедра дипломдық жұмыс жазуға жібермейді. Дипломдық жұмысты тек жоғары балл жинаған студенттер ғана жаза алады. (У1, С университеті, ПОҚ, география)*

*Дипломдық жұмысты жазу үшін 3,5 балл болуы қажет. Тек осы студенттер ғана дипломдық жұмыс жазуға жіберіледі. Ғылым жаппай құбылыс болмауы керек. Біз барлық студенттерді дипломдық жұмысты жазуға мәжбүрlemeуіміз керек, ал студенттер өздері бастама көтеруі керек. Барлық студент үздік оқымайды ғой, егер студент үштік бағамен оқыса, онда ол жоғары оқу орнын орташа бағамен аяқтайды және ғылыммен айналысуды жоспарламайды. (У8, Д университеті, ПОҚ, шетел тілдері)*

### ***Мектептегі практика аясында***

Қазақстандағы педагогикалық бағдарламалардың барлық студенті міндетті тәртіппен мектеп практикасынан өтеді. Қазіргі уақытта оның төрт түрі қарастырылған. Бірінші түрі – бірінші курста өткізілетін оқу-таныстыру практикасы. Бұл – оқу үдерісінен қол үзбей өтетін қысқа мерзімді екі кредиттік практика. Оның аясында студенттер болашақ педагогтер ретінде мектептің жұмысымен танысады: сабақтарға қатысады, мұғалімдердің қызметін бақылайды, сонымен қатар сынып жетекшісінің рұқсатымен сабақтан тыс және тәрбие жұмыстарына қатыса алады. Екінші курста психологиялық-педагогикалық практика өтеді, ол да, әдетте, екі кредиттен тұрады және оқумен қатар жүреді. Бұл практика барысында студенттер сабаққа қатысуды жалғастырады, сонымен қатар оқушылардың психологиялық ерекшеліктерін бақылап, талдай отырып, оқу үдерісіне белсенді қатысады. Үшінші курста студенттер педагогикалық практикадан өтеді. Бұл – кем дегенде 6 кредитті қамтитын және оқудан бөлек өтетін аса маңызды кезең. Пән мұғалімінің жетекшілігімен студенттер өз мамандықтары бойынша сабақтарды өз бетінше жүргізе бастайды, сонымен қатар сынып жетекшісіне сыныппен

жұмыс жүргізуге көмектеседі. Ақырында, төртінші курста 15 кредит көлемінде өндірістік педагогикалық практикадан өтеді, ол оқудан бөлек ұйымдастырылады. Студенттер сабақтарды толығымен өз мойнына алып, сынып жетекшісінің міндеттерін орындайды, осылайша толыққанды педагогикалық қызмет тәжірибесін меңгереді.

Бұл зерттеуге қатысқан барлық жоғары оқу орындарында практиканың барлық түрлері оқу жоспарына сәйкес және кедергісіз іске асырылады. Бұл жоғары оқу орындары қызметінің оң аспектісі – олардың орналасқан аймақтары мен қалаларындағы мектептермен тығыз ынтымақтастығы болуы. Көптеген кафедралардың мектептер базасында филиалдары, ал факультеттердің өз тірек мектептері бар. Мектептегі ғылыми жарыстар мен олимпиадаларды өткізу кезінде жоғары оқу орнының оқытушылары қазылар алқасының мүшелері немесе ғылыми кеңесшілер ретінде қатысады. Мұндай өзара байланыс университеттерге студенттік практиканы уақытылы ұйымдастыруға мүмкіндік береді. А, С және Д университеттерінде дипломдық жұмыстың ғылыми жетекшілері мектептермен белсенді іс-қимыл жасайды, соның нәтижесінде студенттер өндірістік педагогикалық практика аясында зерттеулер жүргізу мүмкіндігіне ие болып, бұл кейін олардың қорытынды біліктілік жұмысының негізіне айналады. Алайда мұндай практика қағидадан гөрі ерекшелік болып саналады. Көбінесе оқытушыларға дипломдық жұмыстарды басқаруға бөлінген сағаттардың қысқаруына байланысты ғылыми жетекшілерде студенттерді мектептерде әдіснамалық және этикалық тұрғыдан эмпирикалық мәліметтер жинауға толық дайындауға мүмкіндік жоқ.

Жалпы мектептегі педагогикалық практика бейіндік мамандықтардың студенттері үшін «Ғылыми зерттеу әдіснамасы» пәні шеңберінде эмпирикалық деректерді жинауға тамаша мүмкіндік бола алады. Бұл тұрғыда ең қолайлысы – екінші курста өтетін психологиялық-педагогикалық практика, себебі көптеген жоғары оқу орындарында бұл пән дәл екінші курста оқытылады. Бұған қоса психологиялық-педагогикалық практика, әдетте, оқу үдерісімен қатар өтеді, бұл осы пәнді оқуға кіріктіруді едәуір жеңілдетеді. Білім беру бағдарламасын ойластырылған жоспарлау кезінде практиканың барлық түрлерін «Ғылыми зерттеу әдіснамасы» курсымен байланыстыруға болады. Алайда біздің іріктемедегі жоғары оқу орындарының ешқайсысында бұл мүмкіндік жүзеге асырылмаған. Иә, практика мен пәнді кіріктіру оқу жоспарын қайта қарауды, силлабусты мұқият пысықтауды, мектеппен келісімді жаңартуды, сондай-ақ құжаттаманы және практикаға қойылатын талаптарды түзетуді қажет етеді. Дегенмен егер студенттер практика

кезінде пән аясында өз оқу жобалары үшін эмпирикалық мәліметтер жинау мүмкіндігіне ие болса, барлық осы күш-жігер бірнеше есе ақталуы мүмкін. Бұл оларға деректерді жинауға ғана емес, кейінірек, мысалы, мақала жазғанда (әсіресе мұғалімдер арасында осы жұмыс түрінің танымалдылығын ескерсек) пайдалану мүмкіндігін ұсынумен қатар зерттеу үдерісін тереңірек түсінуге де мүмкіндік береді. Атап айтқанда, студенттер деректер жинау үшін уақыт шектеулерін есептеуді, гейткиперлермен тиімді қарым-қатынас орнатуды, әлеуетті қатысушылар үшін зерттеуді этикалық тұрғыдан негіздеуді, сондай-ақ деректер жинау кезінде туындайтын ықтимал қиындықтарды анықтап, оларды тиімді шешу жолдарын табуды үйрене алады. Ақыр соңында, практика мен пәнді кіріктіру жалпы педагогтерді даярлаудың білім беру бағдарламасына зерттеуге бағдарланған оқытуды неғұрлым іргелі енгізуге мүмкіндік береді.

### ***Бейіндік пәндер бойынша курстық жұмыстар аясында***

Педагогикалық мамандықтардың студенттерінің курстық жұмыстары дәстүрлі түрде бейіндік пәндер, соның ішінде педагогикалық және тар мамандандырылған пәндер бойынша орындалатын. Олар қорытынды емтиханның бір түрі болды. Біздің қатысушыларымыздың айтуынша, педагогикалық пәндер бойынша курстық жұмыстар көбінесе талдамалық сипатта болып, болашақ мұғалімдердің сыни ойлау және академиялық жазылым дағдыларын дамытуға ықпал етті. Көбінесе мұндай жұмыстар таңдалған тақырып бойынша психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді шолуға, мектеп мұғалімдерінің сабақтарын талдауға (көбінесе жоғары оқу орындарының хабаршыларында жарияланған), сондай-ақ білім беру стандарттарын, оқу бағдарламалары мен әдістемелік ұсынымдарды зерттеуге негізделген.

Алайда осы зерттеуге қатысқан барлық жоғары оқу орындарында курстық жұмыстар студенттік қызмет түрі ретінде мүлдем қолданыстан шықты. Сұхбатқа қатысушылар бұл жағдайды жоғары оқу орындары оқытушыларға жалпы оқу жүктемесі аясында курстық жұмыстарды жоспарлау және тексеруге сағат бөлмейтінімен түсіндіреді. Нәтижесінде өз пәні бойынша курстық жұмысты емтихан немесе есеп түрінде пайдаланған оқытушылар бұл жұмысты негізгі жұмыс уақытынан тыс уақытта орындауға мәжбүр болды. Бұл курстық жұмыс сапасының төмендеуіне әкелді: олардың көпшілігі плагиатқа тексеруден өтпейді, ал бақылау нысаны маңызын жоғалтып, шарттылыққа айналды.

*Мен бұл әрекетті қандай талаптарға сәйкес жасағандарын білмеймін, бірақ қазіргі таңда «курстық жұмыс» ұғымы жойылды, ал ғылыми зерттеудің алғашқы кезеңі дәл осы курстық жұмыс жазудан басталуы тиіс еді. Қазір студенттер, әрине, семинарларда рефераттар, баяндамалар, түрлі презентациялар жазады, бірақ бұрын дәл екінші курста оқығанда олар курстық жұмыс жазатын. Бұл ғылымға деген көзқарасты тыңғылықты қалыптастырудың үлкен мүмкіндігі болды. Енді мұның бәрі қысқартылды, тек дипломдық жұмыс қалды. (У5, А университеті, ПОК, педагогика)*

### ***Ғылыми үйірмелер, конкурстар мен конференцияларға қатысу аясында***

Осы зерттеуге қатысқан барлық жоғары оқу орындарында студенттік ғылыми конкурстар мен конференциялар ұйымдастырылады. Әдетте егер конкурс өткізілсе, университет жеңімпаздарға ноутбуктер, планшеттер және кітаптар сияқты оқуға қажетті құнды сыйлықтар береді. Конференция жағдайында университет конференция материалдарының жинағын шығару міндеттемесін алады. Осылайша университеттер студенттерді осындай іс-шараларға қатысуға ынталандыруға тырысады. Бұл конкурстар мен конференциялар студенттердің өз ғылыми жобаларын таныстыру алаңы ретінде қызмет етеді және олардың ғылыми жұмыс дағдыларын қалыптастыруға әрі зерттеу қызметін тереңірек түсінуге ықпал етеді.

Алайда мұндай конкурстар мен конференциялар көбінесе жыл сайынғы деп аталғанымен, іс жүзінде тұрақты негізде өткізілмейді. Көбінесе олар әртүрлі мерейтойларға (мысалы, университеттің немесе көрнекті ғалымның мерейтойына), сондай-ақ Қазақстанның Тәуелсіздік күні сияқты ұлттық мерекелерге орайластырылады. Сондықтан оларды өткізу эпизодтық сипатта болады. Студенттер мұндай іс-шараларға дайындықты олар туралы ресми хабарландырудан кейін ғана бастайды. Бұл жағдайда зерттеу қызметі тәуелсіз мақсатқа емес, конкурсқа немесе конференцияға қатысу құралына айналады. Осылайша зерттеу дағдыларын қалыптастыру негізгі емес, жанама міндет болып қалады.

Соған қарамастан, мұндай іс-шараларға қатысу студенттер үшін беделді болып саналады. Жүлделерден басқа, бұл олардың оқытушылар арасындағы беделін арттырады, ал басылымдар магистратураға түсуге немесе мектепте жоғары біліктілік санатын алуға көмектеседі. Оқытушылар үшін студенттердің конкурстар мен конференцияларға

қатысуы да аса маңызды. Бұл олардың ғылыми беделін нығайтады, кафедра, факультет және университет басшылығының алдында олардың жұмысының көрінуін арттырады. Сонымен қатар бұл жалақының өзгермелі бөлігіне әсер етуі мүмкін, өйткені көптеген университеттерде еңбекақы төлеудің рейтингілік жүйесі қолданылады. Мысалы, студенттің конкурстағы жеңісі осы жүйеде 10 балға дейін бағалануы мүмкін.

*Алайда, атап айтқанда, 2023 жылы бакалавриат студенттері Республикалық олимпиадаға қатысып, өз құзыреттіліктерін көрсетті және жобаны қорғады, себебі бұл жоба – олардың көрсету үшін жыл бойы жүргізген зерттеуі. Олар үшінші орын алды. Бұл олимпиадаға бірнеше жоғары оқу орындарынан 26 команда қатысты. (У7, А университеті, кафедра меңгерушісі, педагогика)*

*Бізде бағалау парағы деген ұғым бар. Біз ғылыми қызметті ұйымдастырып, студенттердің іс-әрекетін бақылаған кезге бізде балл саны қосылады және бағалау парағындағы осы ұпайлар есебінен жалақыға үстеме қосылады. (У7, А университеті, кафедра меңгерушісі, педагогика)*

Осылайша студенттік ғылымды дамытуға жарияланған бағдарға қарамастан, конкурстар мен конференциялар көпшілік жоғары оқу орындарында жүйелік сипатқа ие емес және тұрақты түрде өткізілмейді. Нәтижесінде студенттік зерттеу белсенділігі көбінесе тұрақты емес, реактивті сипатқа ие болады: ғылыми жұмысқа деген ынта зерттеушілік құзыретті дамытуға деген ішкі ұмтылысқа қарағанда сыртқы ынталандырудың әсерінен көбірек қалыптасады.

Осы зерттеуге қатысқан барлық жоғары оқу орындары ғылыми конкурстар мен конференциялар сияқты, өз кафедраларында ғылыми үйірмелердің болуын атап өтті. Ғылыми үйірме – әдетте бір оқытушының (үйірме жетекшісінің) және студенттердің шағын тобының бірлестігі. Үйірменің жетекшісі – әдетте ғылыми дәрежесі бар оқытушы, яғни ғылым кандидаты немесе PhD докторы және үйірменің қызметі көбінесе осы оқытушының диссертация тақырыбымен байланысты. Үйірменің тиімділігі және оның студенттердің зерттеу дағдыларын дамытудағы рөлі көбінесе жетекшінің жеке тұлғасына байланысты. Төрт жоғары оқу орнының кафедра меңгерушілерінің пікірінше, ғылыми үйірмемен жұмыс оқытушының міндетті жүктемесіне кірмейді және көбінесе жұмсалған күш пен уақытқа сай қаржылай өтелмейді. Сондықтан үйірменің

белсенділігі оның жетекшісінің ішкі ынтасына тікелей байланысты. Егер мұндай ынта болса, үйірме белсенді жұмыс істейді, студенттер оқытушымен тығыз жұмыс істеуге және зерттеу қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алады. Егер жетекшінің қызығушылығы бәсеңдесе, үйірме формалды құрылымға айналып, оның бар екені тек есептер құрастыру кезінде ғана еске түседі.

*Осы жылға дейін бізде екі ғылыми үйірме болды: лингвистика бойынша және әдістеме бойынша. Белсенді жұмыс істеді, үнемі жаңа нәрсе ойлап тауып, өз дүниелерін жасап жүрді. Биыл бізде, неге екені белгісіз, бір ғана ғылыми үйірме қалды. (У9, Д университеті, кафедра меңгерушісі, лингвистика)*

Бүгінгі ғылыми үйірмелердің тағы бір кемшілігі олардың құрамында әдетте бір ғана оқытушы, яғни үйірме жетекшісі болады, ал қалған қатысушылар – әр төрт жыл сайын ауысып отыратын студенттер. Нәтижесінде үйірменің қызметі оқытушының ынтасына ғана емес, оған қатысқысы келетін студенттердің санына да байланысты. Мысалы, бір оқу жылында үйірме ғылыми жұмысқа қызығушылық танытқан төртінші курс студенттерінің бастамасымен белсенді жұмыс істеуі мүмкін, ал келесі жылы бұл студенттер оқуын аяқтаған соң, жаңа қатысушылар қызығушылық танытпағандықтан, үйірме өз жұмысын тоқтатады. Мұндай тұрақсыздық мұғалімнің бір тақырыпты қайта-қайта зерттеуге ұсынуына әкеледі және үйірме маңызды ғылыми ілгерілеуге қол жеткізе алмайды. Егер үйірмеге жалпы зерттеу тақырыбында жұмыс істейтін және бірлесіп жариялайтын бірнеше оқытушылар үнемі қатысса, әлдеқайда тиімді болар еді. Бұл жағдайда студенттер студенттік жобаларды ғана емес, шынайы ғылыми қызметті бақылап, қатыса алады. Бұл тұрақтылық университетте шынайы зерттеу мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

### ***Профессорлық-оқытушылық құрамның ғылыми жобалары аясында***

Сұралған оқытушылардың ішінен «Ғылыми зерттеу әдіснамасы» пәнін жүргізетін тек 40 пайызы ғана белсенді ғылыми-зерттеу жұмысымен айналысады, оның ішінде ғылыми жетекші болған немесе қазіргі уақытта Ғылым және жоғары білім министрлігі қаржыландыратын жобалар бойынша жұмыс істейтін зерттеу топтарының мүшелері бар. Педагогикалық зерттеулерді мемлекеттік қаржыландыруды әдетте педагогика, дефектология және инклюзивті білім беру кафедралары

алады. Бір бағытта мамандырылған кафедралар өз пәндерінің бағыттары бойынша гранттар алуға арналған конкурстарға қатысады. Мұғалім мамандығында оқитын студенттердің мұндай жобаларға қатысу деңгейі төмен. Гранттар шеңберіндегі зерттеу жұмысына қазақстандық ғылыми журналдарда ғылыми қызмет және жариялану тәжірибесі бар магистранттар мен докторанттар жиі тартылады. Жоғарыда аталған 40 пайыз оқытушылардың шамамен 20 пайызы өз докторлық диссертациялары аясында зерттеумен айналысады (көбінесе оқуды аяқтаған және қорғауға дайындық мақсатында Scopus журналдарында жариялау үшін мақалалармен жұмыс істейтін PhD кандидаттары) немесе бастамашыл ғылыми жобаларды жүзеге асырады. Мемлекеттік гранттардағы сияқты, оқытушылар ғылыми қызметтің бұл түрлеріне бакалавриат студенттерін сирек тартады.

Біздің зерттеуіміз үшін қызықты кейс ішкі гранттар жүйесі қолданылатын А университеті болды. Ішкі гранттар профессорлық-оқытушылық құрамның ғылыми бастамаларын қолдау үшін университеттің өзі ұсынатын қаржыландыруды білдіреді. Әдетте бір гранттың бюджеті 3 млн теңгеден аспайды. Бұл қаражат зерттеуші оқытушыларға жалақы төлеуге арналмаған, бірақ, негізінен, ғылыми көмекшілерді жалдау және қажетті жабдықты сатып алу үшін қолданылады. Ішкі гранттардың мақсаты – перспективалы зерттеу идеялары бар оқытушыларға одан әрі мемлекеттік гранттық қаржыландыруға үміткер болуға мүмкіндік беретін деңгейге дейін дамуға мүмкіндік беру. Әдетте мұндай қолдаудың нәтижесі – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми журналдарда мақала жариялау. Оқытушылар студенттерді зерттеу қызметіне белсенді түрде тартады, бұл ретте жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларында білім алушыларға жиі артықшылық береді.

*Бұл [ішкі грант] – жас ғалымдарды қолдау мақсатындағы ректорлық бастама... Жобаларды жазудан қорықпау үшін жасалған. Оларда белгілі бір іргетас қалыптасты, себебі осы іргетастың арқасында, мен Сізге айтып өткен оқытушы бар, оның ішкі жобасы бар, енді сол жобаны ол [мемлекеттік] гранттық қаржыландыруға ұсынбақ. (У1, А университеті, декан, педагогика).*

Сауалнамаға қатысқан оқытушылардың қалған 60 пайызы ғылыми қызметпен айналыспайды. Егер олар ғылыми мақала жарияласа, әдетте бұл студенттік ғылыми жобалар мен дипломдық жұмыстар аясында

студенттермен бірлесіп жүзеге асады, ал өздері екінші немесе үшінші автор ретінде көрсетіледі. Басқаша айтқанда, жағдайлардың жартысында сөз студенттердің оқытушылардың жетекшілігімен зерттеу дағдыларын дамытуы туралы емес, оқытушылардың студенттер жұмысының есебінен жарияланым белсенділігі бойынша өз талаптарын орындауы туралы болып отыр.

## **Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру жолындағы қиындықтар**

### ***Инфрақұрылым***

Қазақстанда зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім берудің қалыптасу жолындағы ең маңызды кедергілердің бірі – жоғары оқу орындарының әлсіз инфрақұрылымы. Бұл ретте біз зерттеу инфрақұрылымының жеткіліксіз дамуы туралы ғана емес, сонымен қатар оқытуды ұйымдастыру және студенттер мен оқытушылардың университет ғимараттарында жайлы болуын қамтамасыз ету үшін қажетті инфрақұрылым туралы айтып отырмыз.

Кітапхана ресурстарын қарастырудан бастайық. Осы зерттеуге қатысқан барлық жоғары оқу орындарында оқытушылар кітапхана ресурсы өте сирек жаңартылатынына алаңдаушылық білдірді. Бұл әсіресе педагогикалық зерттеу әдістерін оқытуға қажетті әдебиеттерге қатысты. Көп жағдайларда мұғалімдер әлі күнге дейін кеңестік кезеңде жарық көрген оқулықтарды қолдануға мәжбүр, олар ғылыми білімге және әсіресе педагогикалық зерттеулерге қазіргі заманғы көзқарастарды танытпайды. Көптеген оқытушылар қазақ тілінде жазылған және/немесе қазақстандық шындықты ескеретін зерттеу әдістері бойынша сапалы оқулықтардың жоқтығын атап өтті. Мұндай оқулықтардың іс жүзінде бар екенін айта кету керек. Мысалы, Сағынтаева мен оның әріптестерінің 2022 жылы жарияланған *«Білім беру зерттеулеріне кіріспе: теория, әдістер мен практикалар»* атты монографиясы, сондай-ақ Молдашевтың 2017 жылы жарық көрген *«Идеядан жарияланымға дейін: әлеуметтік ғылымдардағы зерттеу әдіснамасы»* атты монографиясы. Бұл оқулықтар қазақстандық шындықты ескере отырып жазылған, сондай-ақ оларда ғылыми зерттеулерді ұйымдастырудың және жүргізудің заманауи тәсілдері ұсынылған. Бұл басылымдар зерттеу жұмысының барлық негізгі кезеңдерін, соның ішінде зерттеу дизайнын әзірлеуді, сондай-ақ зерттеу этикасы мен нәтижелердің сенімділігі мәселелерін егжей-тегжейлі көрсетеді. Осы оқулықтардың болуына қарамастан, сауалнамаға қатысқан

оқытушылардың 10 пайыздан азы олар туралы біледі және өз қызметінде қолданады. Бұл жағдай университет кітапханалары осы басылымдарды сатып алмайтындығымен немесе профессорлық-оқытушылық құрамды өз қорындағы ресурстар туралы хабардар етпейтінімен байланысты.

Кітапхана ресурстарына қатысты тағы бір проблема – өңірлік жоғары оқу орындарында ғылыми әдебиеттердің халықаралық дерекқорларына тұрақты жазылымның жоқтығында. Жазылым тек жеке журналдарға ғана қолжетімді, көбінесе уақытша сипатта және баспагерлердің өздері ұсынады. Мысалы, В Университетінің оқытушыларының бірі COVID-19 пандемиясы кезінде Springer баспасы өздерінің көптеген ресурстарын, яғни мақалалары мен оқулықтарын қолжетімді еткенін және сол кезде оқытушылар мен студенттер бұл мүмкіндікті белсенді пайдаланғанын еске алды. Қазіргі уақытта ғылыми жұмыстармен шынымен айналысатын және студенттерді зерттеу дағдыларына үйретуге тырысатын оқытушыларға Назарбаев Университетінен әріптестерінен көмек сұрап, қажетті мақалаларды жүктеп алу немесе өзекті ғылыми әдебиеттерге қол жеткізудің этикалық емес тәсілдеріне жүгінуге тура келеді.

*Бұл – негізінен, орыс тілді дереккөздер, олар жалпыға қолжетімді, яғни олар ТМД авторлары. Өкінішке қарай, қазақстандық авторларды да таба алмаймыз, өйткені біздің профессор-оқытушыларымыз жариялайтын материалдардың бәрі ашық қолжетімділікте емес. Содан кейін университет бізге маусымдық қолжетімділікті ұсынады. Мысалы, кейбір түрлі деректер қорына осы уақыт аралығында қол жеткізе аласыз немесе қандай да бір жазылым бар. Менің ойымша, профессор-оқытушылар құрамы, әрине, оны пайдаланады. (У2, А университеті, кафедра меңгерушісі, дефектология)*

*Біздің жоғары оқу орнында осындай проблема бар. Барлық деректер қорына қолжетімділікті тек Назарбаев Университеті ғана ұсына алады. Бізде белгілі бір шектеулер бар. Мен өзім де солай жұмыс істедім, өңірлік жоғары оқу орындарында әдебиетке қолжетімділік қиын екенін білемін... Әлемдік әдебиеттер қорларына қолжетімділік мен оқытатын пәннің нәтижелерін әлдеқайда жақсартар еді. Қазір біз өзіміз іздейміз. Не бар, соны пайдаланамыз. Әзірге солай. (У1, Б университеті, ПОҚ, шетел тілдері)*

Зерттеуге бағдарланған білім беруді дамытудағы тағы бір маңызды кедергі – деректерді талдау бағдарламалық құралының шектеулі қолжетімділігі. Бұған дейін айтылғандай, сауалнамаға қатысқан оқытушылардың арасында зерттеу қызметіне шын мәнінде тартылғандары өте аз. Дәл осы оқытушылар өз тәжірибесінде студенттерді сапалы эмпирикалық деректерді қолмен талдауға үйрететінін, сонымен қатар өз зерттеулерін жүргізу кезінде де қолмен талдау әдісін қолданатынын айтты. Сандық деректерге келетін болсақ, оларды өңдеу, әдетте, Excel бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады, әрі оқытушылар осы бағдарламада жұмыс істеу дағдыларын студенттеріне де үйретеді. «Ғылыми зерттеу әдіснамасы» курсы жүргізетін және батыс университеттерінде немесе зерттеуге бейімділігі жоғары жоғары оқу орындарында докторлық дәреже алған оқытушылардың небәрі 5 пайызы ғана педагогикалық зерттеулер саласында кеңінен қолданылатын заманауи бағдарламалық қамтамасыз етумен, мысалы, NVivo, SPSS және MAXQDA тәрізді бағдарламалармен таныс болып шықты. Дегенмен бұл бағдарламалық қамтамасыз ету барлық оқытушылар мен студенттер қол жеткізе алатын оқу орындарының компьютерлерінде орнатылмаған. Мемлекеттік гранттар шеңберінде сатып алынған жағдайларда, оған тек нақты зерттеу жобаларының қатысушылары ғана қол жеткізе алады, ал қалған оқытушылар мен студенттер қажетті құралдарсыз қалады. Мұндай жағдай заманауи деректерді талдау әдістерін оқу үдерісі аясында да, жеке зерттеу бастамаларын жүзеге асыру барысында да практикада меңгеру мүмкіндігін едәуір шектейді. Осыған байланысты аталған бағдарламаларға балама ретінде ашық түрде қолжетімді тегін нұсқалардың болуы – ерекше назар аударарлық жайт. Мысалы, QDA Miner Lite сапалық деректерді талдау үшін тиімді қолданылуы мүмкін, ал JASP және Jamovi сияқты бағдарламалар сандық деректерді өңдеу құралдарын ұсынады. Мұндай бағдарламаларды компьютерлік сыныптарда және кітапханалардағы компьютерлерде орнату тек педагогикалық зерттеулер аясында ғана емес, сонымен қатар әлеуметтік ғылымдардың кең өрісінде де деректерді талдау құралдарының қолжетімділігін едәуір арттыра алады.

Зерттеуге қатысқан жоғары оқу орындарына бару барысында біз жасаған негізгі бақылау нәтижелерінің бірі әртүрлі дайындық бағыттары арасында қаржыландырудың біркелкі емес бөлінуі болды. Атап айтқанда, педагогикалық мамандықтар техникалық, экономикалық, инженерлік бағдарламалармен, сондай-ақ ақпараттық технологиялармен байланысты бағыттармен салыстырғанда айтарлықтай аз ресурстар алады. Бұл айырмашылық әсіресе А және Б университеттерінде айқын көрінді, мұнда

педагогикалық факультеттерде қаржыландырудың жетіспеушілігі барлық деңгейлерде сезілді. Болашақ педагогтерді даярлауға арналған оқу корпусарында заманауи білім беру ресурстарына қолжетімділіктің шектеулігі байқалды: жабдықталған компьютерлік жұмыс орындарының жеткіліксіздігі, интернет байланысының төмен сапасы, аудиториялардың техникалық және эстетикалық тұрғыдан ескіруі. Бұл жағдайда білім беру ортасы белсенді, интерактивті және цифрлық оқытуға бағытталған заманауи педагогиканың талаптарына әрең жауап береді. Респонденттер – студенттер, оқытушылар және әкімшілік қызметкерлер – көптеген оқу корпусарында интерактивті тақталар, проекторлар, мультимедиялық құрылғылар сияқты тиімді визуалдау мен интерактивті сабақтар өткізуге қажетті негізгі техникалық жабдықтардың жоқтығын да атап өтті.

*Жоғары оқу орнына тек осы пән үшін ғана емес, жалпы жақсы материалдық-техникалық база қажет. Мұнда ештеңе жоқ, интерактивті тақта да, компьютер де мүлдем жоқ, ең болмаса, үш кабинетке болса да бірдеңе орнатып қойса жақсы болар еді ғой. (У2, Б университеті, ПОҚ, шетел тілдері)*

### ***Профессорлық-оқытушылық құрамның ғылыми әлеуеті***

Біз сұхбат жүргізген барлық оқытушылардың біліктілігі мен кәсіби дайындығы өте жоғары болды. Барлығы сауатты, оқыту тәжірибесі мол және өз пәндері бойынша терең білімге ие мамандар болды. Алайда оқытушылардың ғылыми дайындығы мен заманауи зерттеу әдістерін түсіну деңгейі біркелкі еместігі көзге бірден түсті. Сауалнамаға қатысқан оқытушылардың шамамен 50 пайызына «Педагогикалық зерттеу әдіснамасы» пәні жүктемеге қосылған кезде, олар бұл курсты қалай жүргізу керектігін бастапқыда мүлдем түсінбегендерін мойындады: қандай тақырыптарды қамту керек, болашақ педагогтерге қандай зерттеу әдістерін үйрету маңызды және қандай оқу жұмыс формаларын қолдану қажет екеніне сенімді болмаған. Олардың көпшілігі өздеріне бұрын оқытылған, яғни көптеген мамандарда әлі күнге дейін ғылыми дайындық негізі ретінде сақталған ескі, позитивистік ғылым түсінігіне сүйенді.

Ғылымның позитивистік түсінігі білім объективті, өлшенетін, логикалық тұрғыдан құрылымдалған және қайталанатын болуы керек деп болжайды. Осы бағыттағы зерттеу нақты анықталған тақырып пен объектіден басталады, гипотезаны міндетті түрде тұжырымдауды, қатаң құрылымды және сандық деректерге сүйенуді талап етеді. Мұндай тәсіл ұзақ уақыт бойы ғылыми дәстүрде әсіресе кеңестік жүйеде жалғыз мүмкін

тәсіл болып саналды және көптеген оқытушылар педагогикалық зерттеу әдіснамасы бойынша курстың мазмұнын осының негізінде құрған. Нәтижесінде студенттер осы курс шеңберінде ғылымның тарихы мен философиясын зерттеді, зерттеу пәні мен объектісінің не екенін талдады, гипотезаларды тұжырымдауды және ғылыми жұмысты құрудың белгілі бір логикасын ұстануды үйренді. Сонымен қатар бұл тәсіл тек сандық зерттеулерге ғана емес, сонымен қатар сапалық зерттеулерге де қатысты болғанын атап өткен жөн, бұл жерде сапалық зерттеулерде ол шектеулі болуы мүмкін. Сапалық зерттеулер интерпретативті немесе конструктивтік тәсілдер сияқты басқа негіздерді талап етеді. Оларда субъективті тәжірибе, мәнмәтін, қатысушылар беретін мағыналар және үдерістен бөлінбейтін, керісінше, оның бір бөлігіне айналатын зерттеуші басты назарда болады. Бұл аспектілер көптеген курстарда назардан тыс қалды, өйткені оқытушылар таныс, «классикалық» ғылыми ойлауға сүйенеді.

Бұл тұжырым тек оқытушылармен сұхбатқа ғана негізделмейді, сонымен қатар студенттердің сауалнамасының сапалы бөлігін талдаумен расталады. Жоғарыда айтылғандай, зерттеуге 450 студент қатысты және олардың жауаптарын талдау қызықты үрдісті көрсетті. Мысалы, респонденттердің 32 пайызы сауалнама мен бақылауға негізделген зерттеудің дескриптивті (сипаттамалық) статистикалық әдістері туралы хабардарлығын көрсетті. Студенттердің 20 пайызы, негізінен, оқитудың жаңа тәсілдерін сынауды қамтитын квази-эксперименттік әдістер туралы біледі. Бұл сандар жоғары болмағанымен студенттердің *action research* (әрекеттегі зерттеу), *lesson study* (сабақты бірлескен зерттеу) және *reflective practice* (рефлексивті практика) сияқты қазіргі заманғы практикаға бағытталған зерттеу әдістері туралы хабардарлық деңгейімен едәуір қайшы келеді: сауалнама қатысушыларының небәрі 13 пайызы ғана осы әдістерді біледі. Алайда сауалнама деректері студенттердің нақты білім сапасын әрдайым толық көрсете бермейтінін атап өткен жөн. Сауалнамадағы жауаптар ашық болғандықтан, олардың мазмұны әртекті болды: кейбір студенттер зерттеу үдерісін сипаттауға тырысса, басқалары тек әдісті атаумен шектелді, бұл оның түсінуіне немесе практикалық қолдану қабілетіне кепілдік бермейді. Іс жүзінде көптеген респонденттер зерттеу әдістері ретінде «талдау», «жалпылау» және «салыстыру» сияқты жалпы танымдық операцияларды атады, бұл олардың зерттеу қызметін нақты әдіснамалық тұрғыдан емес, үстірт немесе формалды түсінгенін білдіреді.

Профессорлық-оқытушылық құрамның шектеулі ғылыми әлеуетін ғылыми белсенділіктің төмен деңгейі және ғылыми жарияланымдардың

сандық және сапалық көрсеткіштерінің төмендігі де дәлелдейді. Өз оқытушыларының ғылыми белсенділігі туралы сөз еткенде, зерттеуге қатысқан жоғары оқу орындарының декандары мен кафедра меңгерушілері қызметкерлердің ғылыми жұмысқа жеткілікті деңгейде араласпауы туралы алаңдаушылық білдірді. Біздің респонденттердің пікірінше, себептердің бірі – оның негізгі бөлігі аудиториялық жұмыс болып келетін оқытушылардың жоғары жүктемесі. Жалақы мөлшері жүктеме көлеміне байланысты болғандықтан, көпшілігі жоғары табыс алу үшін 1,5 мөлшерлемемен жұмыс істеуге тырысады. Аймақтық жоғары оқу орындары оқытушыларының көпшілігі ғылыми қызмет оған жұмсалған уақыт пен күш-жігерді материалдық сыйақы тұрғысынан өтей алады деп санамайды. Бұл әсіресе әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдардың өкілдеріне тән. Олардың көпшілігінің пікірінше, ғылыми қызмет табыс әкелуі үшін мемлекеттік гранттық қаржыландыруды басқаратын Ұлттық мемлекеттік ғылыми-техникалық сараптама орталығының сарапшылары арасында байланыс болуы керек. Мұндай байланыстарсыз, респонденттердің пікірінше, грант алу іс жүзінде мүмкін емес, демек, ғылыми жұмысқа уақыт пен ресурстарды ысырап етудің мәні жоқ.

*Біздің оқытушыларымыздың оқу жұмысымен аз айналысып, зерттеу жұмыстарымен көбірек айналысқанын қалаймын. Бірақ инфляцияға байланысты адамдар әлі де 1,5 жүктеме алуға тырысады. Менің ойымша, мұғалімдер үшін ең өзекті проблема – жұмыс көлемінің өте көп болуы. Бізде, негізінен, барлық сағаттар аудиториялық. Егер кестеге көз жүгіртсеңіз, мысалы, менің ертең 8 сабағым бар. Кейбір оқытушылардың сабақтарының көбі аудиторияда өтеді, оларда сенбі күнін қосқанда күніне 5–6 сабақтан болады. Міне, осындай ауыр жүктеме. (У7, А университеті, кафедра меңгерушісі, педагогика)*

Ғылыми белсенді болуға кедергі келтіретін тағы бір елеулі мәселе – зерттеу нәтижелерін қалай және қайда жариялау керектігі туралы ақпараттың жеткіліксіздігі. Көптеген оқытушылар сұхбат кезінде де, жеке әңгімеде де өз мақалаларының Scopus дерекқорынан шығарылған, яғни «жыртқыш» басылымдарда жарияланғанын ашық айтты. Респонденттер мұндай жарияланымдар үшін 2000 доллардан 4000 долларға дейін төлегенін атап өтті. Жергілікті журналдарға келетін болсақ, оқытушылар университет әкімшілігінің жариялау белсенділігі туралы талаптарын орындау үшін өз университеттерінің хабаршыларында жиі жарияланады. Алайда мұндай басылымдар беделді деректер қорында сирек индекстеледі

және оқу орнынан тыс жерлерде іс жүзінде танылмайды. Оқытушылар Ғылым және жоғары білім министрлігі жанындағы Ғылым және жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті мақұлдаған журналдарға мақалаларды сирек жібереді. Оқытушылардың өздерінің айтуынша, мұндай журналдардың, біріншіден, жарияланым кезегі ұзақ, сонымен қатар егер олар ұлттық университеттерде шығарылса, өз жоғары оқу орындарының авторларына басымдық береді. Екіншіден, бұл журналдарды Ғылым және жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізімінен алып тастау қаупі жоғары. Мәселен, біз сауалнама жүргізген бірнеше оқытушылар өз жұмыстарын кейінірек тізімнен шығарылған *Торайғыров университетінің хабаршысында* жариялаған. Зерттеу жүргізу сәтінде (2023 жылғы қыргүйек-желтоқсан) бұл журнал Ғылым және жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің тізімінде болмағанын, алайда 2024 жылғы шілдеде қайта енгізілгенін атап өткен жөн.

*Мен докторантураны бітірдім, бірақ әлі қорғауға шыққан жоқпын. Қазақстандық талаптар бойынша қорғау үшін жеті мақала шығару қажет. Scopus-те бір мақала, Ғылым және жоғары білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінде 3 мақала және халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда 3 мақала. Менде бәрі бар, бірақ, өкінішке қарай, журнал Scopus-тан шығып қалды. (У9, Д университеті, кафедра меңгерушісі, лингвистика)*

Біз тек педагогика бағыты бойынша басылымдарда жариялаймыз. Мұндай журналдар өте аз, ал кезек өте үлкен. Ал Scopus-пен жағдай күрделі, өйткені мақаланың жариялануын екі-үш жыл күтуге тура келеді. Мақалалар жарияланғаннан кейін, олар дерекқордан шығарылған кездер де болды. (У9, Б университеті, кафедра меңгерушісі, педагогика)

### ***Зерттеу мәдениеті***

Қазақстандағы жоғары білім берудің ғылыми әлеуетін талдаған көптеген зерттеулер қазақстандық жоғары оқу орындарындағы зерттеу мәдениеті нашар дамыған деген ұқсас қорытындыға келді (Kuzhabekova & Mukhamejanova, 2017; Jonbekova et al., 2024). Зерттеушілердің басым көпшілігі бұл мәселенің айқын көріністеріне, атап айтқанда, профессорлық-оқытушылар құрамының ғылыми белсенділігінің төмендігіне,

сондай-ақ ғылыми жарияланымдардың санының аздығы мен сапасының жеткіліксіздігіне назар аударады. Зерттеу аясында біз Қазақстанда зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді қалыптастыру жолындағы негізгі кедергілердің бірі еліміздің педагогикалық жоғары оқу орындарында толыққанды зерттеу мәдениетінің жеткіліксіз дамуы болып отыр деген қорытындыға келдік. Дегенмен монографияның осы бөлімінде біз көрсетілген айқын белгілерге егжей-тегжейлі тоқталмаймыз, өйткені бұл аспектілер алдыңғы бөлімдерде егжей-тегжейлі қарастырылған. Мұнда біз жоғары оқу орындарының тұрақты зерттеу мәдениетін қалыптастыру барысында кездесетін құрылымдық қиындықтарды көрсететін, онша айқын емес, бірақ маңызы кем емес көрсеткіштерге назар аударуды мақсат етіп отырмыз.

Біздің негізгі тезисіміз: зерттеу мәдениетінің әлсіздігінің сыртқы, оңай өлшенетін белгілерін еңсеруге ғана назар аудару арқылы педагогикалық жоғары оқу орындары ғылыми қызметтің тұрақты дамуына кедергі келтіретін және қазіргі қолайсыз жағдайды одан әрі ушықтыратын тереңірек, жүйелі факторларды жиі назардан тыс қалдырады. Осы тарауда зерттеу мәдениетінің жеткіліксіз деңгейінің жеті белгісін қарастырамыз: (1) профессорлық-оқытушылық құрамның зерттеу құзыретін жүйелі түрде арттыру үшін жағдайлар мен мүмкіндіктердің болмауы; (2) ғылыми қызметті институционалдық қолдау мен тұрақты қаржыландырудың болмауы; (3) пәнаралық жобалардың әлсіз өкілдігі; (4) академиялық ғылымның білім мен қоғамның практикалық қажеттіліктерінен алшақтығы; (5) ғылыми жұмысты ұйымдастыру мен бағалауда кең тараған формализм; (6) университет дербестігінің қағидаттарын шектеулі түсіну; (7) жоғары оқу орындарын басқаруда қаржылық оңтайландыру логикасының үстемдігі. Бұл белгілердің барлығы бір-бірімен тығыз байланысты екенін атап өткен жөн. Оларды қарастырып, талдау жасау барысында біз жүйелі өзара байланыстарды анықтауға, сондай-ақ бір құрылымдық кедергілердің басқаларын қалай тудыратынын немесе күшейтетінін қадағалауға тырысамыз.

*Профессорлық-оқытушылық құрамның зерттеу құзыреттерін жүйелі арттыру үшін жағдайлар мен мүмкіндіктердің болмауы*

Зерттеуге қатысқан барлық төрт университетте оқытушылар құрамының зерттеу құзыреттерін жүйелі және тұрақты дамыту үшін жағдайлар жоқ. Бұл мүмкіндіктердің мүлде болмауын білдірмейді: жоғары оқу орындары ара-тұра ішкі және сыртқы, оның ішінде Назарбаев Университеті мен шетелдік жетекші ғылыми мекемелерден шақырылған

танымал ғалымдардың қатысуымен қонақ дәрістері мен семинарлар ұйымдастырады. Мұндай кездесулерде заманауи ғылыми әдістер, үрдістер, мақалаларды жариялау және гранттық өтінімдерді дайындау механизмдері туралы айтылады. Алайда мұндай іс-шаралар жүйелік емес, эпизодтық сипатта болады. Олар қысқа мерзімді және қатысушылардың нақты қажеттіліктеріне қарағанда спикерлердің мүдделеріне көбірек бағытталған. Университеттер оқытушылардың қызығушылықтарын, олардың оқуға деген қажеттіліктерін, дәрістер мен семинарлардың қолайлы форматы мен уақытын алдын ала зерттемейді. Сонымен қатар оқытушылар көбіне негізгі оқу жүктемесінен босатылмайды, сондықтан мұндай іс-шараларға қатысу кәсіби даму мүмкіндігінен гөрі қосымша міндет ретінде қабылданады.

*Мен, білесіз бе, сапалы біліктілікті арттыру курстары болса жақсы болар еді деп кеңес берер едім. Бізге \_\_\_\_\_ профессор келді. Ол – жетекші зерттеушілердің бірі. Оның қазіргі уақытта Хириш индексі 48, ал Scopus-та 10 мыңға жуық дәйексөзі бар. Ол Америкада тұрады, сол жерде сабақ береді. Бірақ осындай мәртебесі мен жұмыс тәжірибесі бар адамдар барлығы бізге өзінен-өзі түсінікті секілді айтып береді, иә? Яғни ол мынаны жасаңыздар, мынаны осында қойыңыздар дейді. Жаңашылдық болсын дейді, кешіріңіз, 25 жастағы докторантқа мұны жүз рет айтамыз, ал ол бүгінгі трендтер, не нәрсе сұранысқа ие екені, тақырыпты, өзектілікті, жаңашылдықты қалай тұжырымдау керектігі туралы айтып беруіңізді қалайды, түсінесіз бе? (У1, А университеті, декан, педагогика)*

Университет қабырғасында өтетін дәрістер мен семинарлардан бөлек зерттеуге қатысқан барлық жоғары оқу орындары оқытушыларды ғылыми құзыреттерін арттыру және ғылыми үдерісті жақсырақ түсіну мақсатында министрлік пен халықаралық ұйымдардың серіктестігімен ұйымдастырылатын курстарға мезгіл-мезгіл жіберіп отырады. Мысалы, А университетінің екі оқытушысы Дүниежүзілік банктің қолдауымен Астанада ұйымдастырылған зерттеуге бағдарланған білім беру бойынша үш апталық курстардан өтті. Курстар ұйымдастырудың жоғары деңгейімен және спикерлердің біліктілігімен ерекшеленді. Алайда, қатысушылардың пікірлері бойынша, бұл бағдарламалардың бірқатар маңызды кемшіліктері болды. Біріншіден, мұндай мүмкіндіктер оқытушылардың шектеулі санына ғана, әдетте жоғары оқу орнында ұзақ уақыт жұмыс істеген және басшылықтың сеніміне ие болған

оқытушыларға ғана қолжетімді. Қызығушылықтары мен ынталары болса да, жас және жаңадан қабылданған қызметкерлер көбінесе мұндай курстарға қол жеткізе алмайды. Екіншіден, халықаралық ұйымдар әдетте нақты университеттердегі білім беру үдерісінің мәнмәтіндік ерекшеліктерін жеткілікті ескермейді, сондықтан олардың ұйымдастырған курстары мазмұны жағынан жергілікті шындықтан алшақ болуы мүмкін.

*Ғылыми қызметті институттандырылған қолдаудың және зерттеулерді тұрақты қаржыландырудың болмауы*

Барлық төрт қатысушы университетте ғылымды дамыту қажеттілігі туралы түсінік бар. Аккредиттеу де, университеттердің рейтингі де ғылыми қызметтің жай-күйіне тікелей байланысты. Ғылыми гранттар мен өндірістік сектормен ынтымақтастық университеттерге ғылыми инфрақұрылымын жаңартуға көмектеседі. Бұл әсіресе мемлекеттік гранттық қаржыландыруды пайдалана отырып, зертханалық жабдықтарды жаңғырту жүргізілетін техникалық және инженерлік факультеттерге қатысты. Осы себепке байланысты университет әкімшілігі профессорлық-оқытушылық құрамды мемлекеттік гранттарға өтінім беруге белсенді түрде ынталандырады. Кейбір жағдайларда жобаны ұсыну оқытушылар қызметінің тиімділігін бағалау жүйесіне, сондай-ақ кафедралар мен факультеттердің ғылыми жоспарларына енгізіледі. Алайда, оқытушылардың өздері атап өткендей, әкімшіліктің мұндай табанды көзқарасы әрқашан күткен нәтижені бермейді. Грантқа өтінімдердің көпшілігі конкурстық іріктеуден өтпейді. Оқытушылар көп уақыт пен күш жұмсайды, бірақ ең бастысы, олар грант алу мүмкіндігіне деген ынтасы мен сенімін жоғалтады. Бірнеше сәтсіз әрекеттен кейін олар сапалы өтінім жасауға деген ұмтылысын жоғалтады, осылайша табысқа жету мүмкіндігін одан әрі төмендетеді. Бұл жағдайда бірден бірнеше проблемалық аспектілерді ажыратуға болады. Біріншіден, халықаралық зерттеулер көрсеткендей, ғылыми қызметке мәжбүрлеу ғылыми саладағы белсенділіктің уақытша өсуіне ықпал етуі мүмкін. Алайда көп жағдайда бұл оқытушылар мен профессорлар арасында күйзеліс, эмоционалды шаршау және қобалжудың артуына әкеледі (Azman et al., 2016; Tian & Lu, 2017). Басқаша айтқанда, ғылыми қызметке мәжбүрлеу университеттер ішіндегі зерттеу мәдениетінің тұрақты дамуына ықпал етпейді. Екіншіден, қазіргі Қазақстан жағдайында, мықты өтінім дайындаған жағдайда да, мемлекеттік гранттық қаржыландыру алу кезінде сәтсіздікке ұшырау, өкінішке қарай, грант алу мүмкіндігінен әлдеқайда жиі кездеседі. Елімізде мемлекеттік гранттық қаржыландыру жүйесінің ашық болмауы және

академиялық адалдық стандарттарына әрқашан сәйкессіздік бірнеше рет расталған көптеген академиялық зерттеулер мен қоғамдық мониторинг нәтижелері бар (Kuchumova et al., 2023; Нуркеева, 2018). Кейде гранттар жетекшілері осы жобаларды бағалайтын сарапшылар арасында қажетті байланыстары бар немесе жоғары беделге ие әлсіз өтінімдерге беріледі. Егер бұған мемлекеттің ғылыми зерттеулерді гранттық қолдауға өте шектеулі қаражат бөлетіндігін қоссақ, нәтижесінде көптеген университеттік жобалар жылдар бойы қаржыландыру ала алмайтындығы айқын болады.

Университеттік ғылымды дамыту үшін ғылыми қызметті тұрақты гранттық қаржыландыру қажет. Еуропа елдерінде мемлекеттік гранттық қаржыландырумен қатар қолдаудың басқа да түрлері бар – бұл Еуропалық одақтың, әртүрлі жеке қорлардың және өндіріс секторының қаржыландыруы. Еуропада *seed grants* деп аталатын тәжірибе де кең таралған, мұнда ғалымдар өз идеяларын әзірлеу және ғылыми қаржыландырудың үлкен, ресурстарды қажет ететін түрлеріне өтінімдер дайындау үшін университеттен гранттар алады. Қазақстанда педагогика және білім беру саласындағы ғылымды қаржыландыру, әдетте, мемлекеттік гранттармен шектеледі. Бұл педагогикалық жоғары оқу орындарында зерттеу мәдениетін толыққанды дамыту үшін жеткіліксіз. Тек А университетінде біз ішкі гранттар тәжірибесінің бар екенін көрдік. Бұл гранттардың сомалары ауқымды эмпирикалық зерттеулер жүргізу үшін тым аз болғанымен, әрине, жақсы бастама. Басқа жоғары оқу орындары да А университетінен үлгі алып, профессорлық-оқытушылық құрам үшін ғылыми қызметті қаржыландыруға қосымша мүмкіндіктер беруі керек. Бұл ішкі гранттар, сондай-ақ қаржыландырудың қолжетімді басқа көздерін зерделеу бойынша жүйелі жұмыс болуы мүмкін.

Алайда ғылымды қаржыландыру педагогикалық жоғары оқу орындарындағы ғылыми қызметтің тұрақты дамуының жалғыз проблемасы емес. Сондай-ақ еңбек жағдайлары бойынша жас ғалымдарды қоса алғанда, профессорлық-оқытушылық құрамды институционалды қолдауға байланысты қиындықтар бар. Бұл ретте біз жоғары аудиториялық жүктеме, ғылыми қызметке ақы төленетін уақыттың болмауы, сондай-ақ *inbreeding* проблемасы туралы айтып отырмыз. Бірінші аспект туралы біз бұған дейін жазған едік, бірақ оны тағы бір рет атап өткенді жөн санаймыз: жоғары оқу орны оқытушыларының жұмыс жүктемесінің басым бөлігі аудиториялық сағаттардан, яғни оқу пәндерін оқытудан тұрады. Осы жүктеменің көлемі тікелей жалақыға әсер етеді, сондықтан көптеген оқытушылар жоғары табысқа қол жеткізу үшін 1,5 жүктеме алуға тырысады. А университетінің педагогикалық факультетінің деканы әкімшілік оқытушылардың бір жүктемеден артық жұмыс істеуін

шектеуді қарастырғанын, бұл арқылы оларды ғылыми қызметке ынталандыруды мақсат еткенін хабарлады. Алайда мұндай жағдайда оқытушылар университеттен тыс жұмыс іздей бастайтыны белгілі болды – олар басқа университеттерде немесе колледждерде сағат алады, репетиторлықпен айналысады, ақшаға дипломдық жұмыс жазады. Бұл профессорлық-оқытушылық құрамды ғылыми қызметпен айналысуға мәжбүрлеу мүмкін емес екенін, мұндай тәсіл ұзақ мерзімді әрі тұрақты нәтижелерге әкелмейтінін тағы да дәлелдейді. Оқытушыларды ғылыми қызметке ынталандырудың тиімді әдісі ретінде жүктеме жүйесінде зерттеулерге арналған ақылы бөлік қарастырылуы мүмкін. Мысалы, жүктеменің 20-25 пайызын ресми түрде ғылыми қызметке тағайындауға болады, ал қалғанын аудиториялық ретінде қалдыруға болады. Бұл жағдайда мұғалімдердің зерттеу жүргізуге уақыты болады, сонда олардың міндеттеріне грантқа өтінім беру немесе ғылыми мақала жазуды қосу өте орынды болар еді. Бұл профессорлық-оқытушылық құрамды мәжбүрлеу нысаны ретінде емес, жоғары оқу орны тарапынан қолдау мен ынталандыру ретінде қабылданатын еді.

Соңғысы, «inbreeding» мәселесі – біз бұл жағдайды қатысқан барлық жоғары оқу орындарынан байқадық және бұл барлық аймақтық университеттерге тән ерекшелік деген қорытындыға келдік. Астана мен Алматы қалалары еліміздің екі негізгі қаржы және мәдени орталығы ретінде барлық талантты жастарды сөзсіз тартады. Өңірлік жоғары оқу орындары осы қалалардың университеттерімен жас перспективалы ғалымдар үшін бәсекелесе алмайды. Нәтижесінде олар өз түлектерін жұмысқа алуға мәжбүр болады, бұл ғылыми дамудың тоқырауына әкеледі. Жаңа идеялардың, басқа көзқарастың және жаңашыл тәжірибенің болмауы тікелей әсер етеді. Түлектер өздерінің төл университетінде ғана оқыған нәрселерін біліп, меңгерген, ал енді сол білімін өз студенттерімен бөліседі. Оқытушылармен сұхбатты талдай отырып, біз педагогикалық зерттеулер туралы шектеулі немесе бұрмаланған түсінік кездейсоқтық емес, жоғары оқу орындарының ішінде ұрпақтан-ұрпаққа берілетін мұра деген қорытындыға келдік. Мысалы, Д университетінде педагогикалық зерттеу әдістері бойынша курсты басқа аймақта білім алған және батыс университетінде диссертация қорғаған оқытушы жүргізетін бірнеше жағдайларда педагогикалық ғылымды түсіну және қолдану жағдайы жақсы жаққа қарай айтарлықтай ерекшеленеді. Бұл пәнді өз түлектері оқытатын басқа өңірлік жоғары оқу орындарында дайындық сапасы өзгеріссіз қалады. Біз түлектерді жұмысқа қабылдау мүлдем қабылдауға келмейтін тәжірибе деп айтпаймыз. Алайда жоғарыда аталған оқшаулануды болдырмау үшін университеттер, біріншіден, басқа

университеттерден, өңірлерден және елдерден мамандарды тартуға ұмтылуы керек, екіншіден, өз түлектеріне ой-өрісін кеңейтуге, тәжірибе алмасуға және әртүрлі академиялық көзқарастарды қалыптастыруға мүмкіндік беруі керек.

### *Пәнаралық жобалардың әлсіз ұсынылуы*

Бұған дейін жазғанымыздай, зерттеуге қатысқан жоғары оқу орындарында педагогикалық және бір бағытта мамандырылған факультеттер педагогикалық білім беру бағдарламаларының оқу жоспарын әзірлеу кезінде өзара іс-қимыл жасамайды, сондай-ақ педагогикалық зерттеу әдістері пәнінің силлабусын құрастыруда және оны оқытуда бірлесіп жұмыс істемейді. Дәл осындай жағдай жалпы ғылыми салада да байқалады. Деректерді жинау кезінде біз пәнаралық зерттеулердің өте шектеулі санына назар аудардық, ал педагогикалық университетте тұрақты зерттеу мәдениетін қалыптастыру үшін мұндай зерттеулер – маңызды және ажырамас құрамбөлік болып табылады. Әлемдік тәжірибе пәнаралық зерттеулер әртүрлі білім салаларындағы идеялар мен әдістерді біріктіруге ықпал ететінін көрсетеді. Бұл, өз кезегінде, бір пән шеңберінен шығатын жаңа теориялық және эмпирикалық тұжырымдамаларды әзірлеуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар олар кешенді проблемаларды шешуге және білім сапасын жақсартуға ықпал етеді (Elvis, 2021; Newman, 2023).

Қазақстандағы өңірлік педагогикалық жоғары оқу орындары үшін пәнаралық жобалардың болуы жоғарыда аталған көптеген проблемаларға жауап бола алады. Мысалы, пәнаралық зерттеулер білім беру және педагогикалық зерттеулер саласында тәжірибе мен білім алмасуға ықпал етуі мүмкін, бұл, өз кезегінде, педагогикалық білім беру бағдарламаларының сапасын жақсартуға жәрдемдеседі. Әртүрлі саладағы ғалымдардың ынтымақтастығы гранттық қаржыландыруға өтінімдердің сапасын арттырады. Ғылыми ой-өрісті кеңейту және бір бағытта мамандырылған және педагогикалық факультеттер арасындағы өзара іс-қимыл профессорлық-оқытушылық құрамның зерттеу құзыреттілігін жүйелі түрде арттыру үшін жағдайлар мен мүмкіндіктердің болмауына және инбридинг құбылысына байланысты проблемаларды ішінара шеше алады.

*Академиялық ғылымның білім мен қоғамның практикалық қажеттіліктерінен алшақтығы*

Бұған дейін біз студенттер мектептерде өтетін педагогикалық практиканың ұйымдастырылуы туралы жазған едік және мектептер мен университеттер арасындағы ынтымақтастықтың болуын атап өттік. Оң аспектілердің қатарында практиканың уақытылы жоспарлануын, жоғары оқу орындарының оқытушыларының мектептегі ғылыми конкурстар мен олимпиадаларда қазылар алқасының мүшесі немесе сарапшы ретінде қатысуын, сондай-ақ мектеп директорлары мен оқу ісі жөніндегі орынбасарларының педагогикалық мамандықтар бойынша білім беру бағдарламаларын бекіту үдерісіне тартылуын атап өтуге болады. Бұған қоса көптеген кафедралардың өз филиалдары мен тірек мектептері бар, олармен тығыз байланыс орнатылған. Алайда осы оң тұстармен қатар бірқатар маңызды қиындықтар да сақталып отыр. Ең алдымен, университет ғылымы әлі де мектептегі білім берудің нақты қажеттіліктерінен алшақ екенін атап өткен жөн. Университеттер мен мектептер арасындағы ғылыми ынтымақтастық форматында жүргізілетін, мектептегі іс-әрекетті, мұғалімдердің кәсіби қызметін, орта білім беру жүйесіндегі проблемаларды және олардың шешімдерін ауқымды әрі жергілікті мәнмәтінде зерттеуге бағытталған күрделі эмпирикалық зерттеулер жоқ.

Халықаралық тәжірибеге жүгінсек, мысалы, Сингапур мен Финляндияның білім беру жүйелерінде академиялық ғылым мен мектептің практикалық міндеттері арасында нақты әрі тұрақты байланыс бар екенін байқауға болады (Darling-Hammond, 2017; Rasmussen & Bayer, 2014). Бұл елдерде жекелеген мектептер немесе мектептердің топтары алдында тұрған нақты және өзекті проблемаларды шешуге бағытталған зерттеу жобалары кеңінен таралған. Мұндай жобаларға университет зерттеушілері, мектеп мұғалімдері және болашақ педагогтер белсенді қатысады. Осындай ынтымақтастық барлық тараптарға нақты пайда әкеледі: ғалымдар эмпирикалық деректерге қол жеткізіп, шынайы маңызды тақырыптармен жұмыс істеу мүмкіндігін алады, мектеп мұғалімдері өз қызметін тереңірек ұғынып, ғылыми жұмысқа қатысу кеңістігіне ие болады, ал студенттер зерттеу дағдыларын дамытып, зерттеу нәтижелерінің мектептегі нақты міндеттерді шешу үшін қалай қолданылатынын көреді.

Өзара іс-қимылдың осындай моделі Қазақстанда тиімді жұмыс істеуі үшін бұл бастаманы жоғары оқу орындарының оқытушылары көтеруі

тиіс. Олар мектеп мұғалімдерін бірлескен зерттеулерге респондент ретінде ғана емес, толыққанды серіктес зерттеуші ретінде қатысуға шақырып, ұсыныс жасай алады. Көптеген мектеп педагогтерінің ғылыми зерттеулерге қатысуға қызығушылығы бар, сондықтан осы сұранысты назардан тыс қалдырмай, оны университеттер мен мектептер арасында тұрақты, ғылыми бағытталған әрі өзара тиімді қарым-қатынас құрудың негізі ретінде пайдалану маңызды.

*Ғылыми жұмысты ұйымдастыру мен бағалауда кең таралған формализм*

Ғылыми қызметті ұйымдастырудағы және бағалаудағы формализм, өкінішке қарай, біздің зерттеуге қатысқан барлық университеттерде кездеседі. Біз осы тәсілдің бірнеше үлгілік көріністерін анықтадық: студенттік конференциялар мен жарыстарды жүйесіз ұйымдастыру; тек қағаз жүзінде ғана бар ғылыми мектептер мен үйірмелер; кафедралар мен факультеттердің әкімшілік басшылығы белгілеген негізгі көрсеткіштерді орындау мақсатында мемлекеттік гранттық қаржыландыруға жаппай өтінім беру. Мұндай формализмнің немесе біздің сұхбаттасушыларымыз айтқандай, «көзбояушылық» немесе «есептілік үшін» жүргізілетін қызметтің қауіптілігі неде? Ең алдымен, ол зерттеу мәдениетінің тұрақты даму қағидаттарына қарама-қарсы көзқарастарды қалыптастырады. Ғылым маңызды емес, екінші дәрежелі нәрсе деген әсер қалыптасады, оның басты мақсаты шын мәніндегі нәтижелер емес, әкімшілік талаптарды орындау болып шығады. Сонымен қатар мұндай тәсіл көбінесе университет әкімшілігі тарапынан қолдау табатыны туралы тұрақты сенім қалыптасады, өйткені олар да үнемі министрлікке немесе жергілікті билік органдарына есеп беруге мәжбүр. Нәтижесінде формализм қалыпты жағдайға айналып, менеджерлерден бастап студенттерге дейін барлығын ғылыми қызметті маңызды емес нәрсе ретінде қабылдауға үйретеді.

Қазақстанның педагогикалық жоғары оқу орындарындағы тұрақты тәжірибе ретінде формализмді жою үшін, ең алдымен, университеттердің жоғары басшылығы деңгейінде ғылыми қызметті ұйымдастыру және бағалау тәсілдерін өзгерту қажет. Мысалы, жоғары басшылық студенттердің ғылыми-тәжірибелік конференцияларын тек ақпараттық себеп немесе министрліктегі мүдделі тараптарға белсенділікті көрсету құралы ретінде қабылдамауы керек. Тағы бір мысал: ағымдағы жылы кім көбірек өтінім бергенін санап, гранттық қаржыландыруды кафедралар мен

факультеттер арасындағы жарысқа айналдыруға болмайды. Шынайы зерттеу мәдениетін қалыптастыру үшін басшылық нақты ғылым айтарлықтай инвестицияларды қажет ететінін және тез нәтиже бермейтінін қабылдауы керек. Зерттеу ортасын дамытуға қатысты барлық аспектілерге – студенттер мен оқытушыларды ынталандырудан бастап, бастамаларды жүйелі қолдау мен тұрақты қаржыландыруға дейін – жан-жақты, кешенді әрі жүйелі тәсіл қажет.

*Университет дербестігі қағидаттарын шектеулі түсіну*

2018 жылы жоғары оқу орындарына берілген институционалдық дербестік еліміздің жоғары білім беру жүйесі үшін елеулі жетістік әрі игілік болды. Ол университеттерге еңбек нарығы мен өз ресурстарының қажеттіліктерін ескере отырып, білім беру бағдарламаларын дербес әзірлеуге, Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің нормаларын сақтай отырып, жалдау, еңбекақы төлеу және мансаптық ілгерілету мәселелерін қоса алғанда, ішкі саясат негізінде профессорлық-оқытушылық құрамды қалыптастыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар дербестік университеттерге ғылыми және зерттеушілік дамудың өзіндік стратегиясын құруға, сондай-ақ академиялық өсуге ықпал ететін көптеген басқа бастамаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Дегенмен біздің зерттеуіміздің нәтижелері оқытушылар арасында университет дербестігінің мәні мен қағидаттарын шектеулі түсіну әлі де кең таралғанын көрсетеді. Көптеген оқытушылар университетке және тиісінше оқытушыларға қандай мүмкіндіктер мен өкілеттіктер берілетінін білмейді. Бұл екі қарама-қайшы жауап әрекетке әкеледі: біреулері академиялық бостандықты асыра пайдаланып, оқу курстарын пәнге қатысы жоқ мазмұнмен толтырады; ал басқалары, керісінше, 2018 жылға дейін қолданыста болған ескі мемлекеттік стандарттарды қатаң сақтайды, ал стандарттар болмаған жағдайда реттеудегі олқылықтарға шағымданып, өзгерістер енгізуге дәрменсіздігін білдіреді.

Біз бұл жағдайды жоғары оқу орындарындағы зерттеу мәдениетінің әлсіз дамуының көрінісі ретінде қарастырамыз. Әкімшілік көбінесе жүргізіліп жатқан реформалардың мәнін, соның ішінде университет дербестігінің ережелерін оқытушыларға толық әрі түсінікті түрде жеткізе алмайды. Нәтижесінде оқытушылар құрамы ақпараттан тыс қалады, бұл нағыз ғылыми ортаның қалыптасуына кедергі келтіреді. Жақсы зерттеуші – толық ақпаратқа ие зерттеуші. Әрине, ақпараттандыру жауапкершілігін толығымен әкімшілікке арта алмаймыз; оқытушылар да бастамашыл

болуға әсіресе институционалдық дербестік сияқты маңызды реформалар туралы ақпараттан хабардар болуға ұмтылуы керек.

Қазақстандағы жоғары білім беруді дамытуды талдайтын көптеген зерттеушілер дербестік шеңберін кеңейту қажеттігін атап өтеді, мысалы, педагогикалық мамандықтар үшін міндетті пәндер тізімінен бас тарту керек, өйткені оны әлі күнге дейін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі белгілейді. Зерттеуге кіріспес бұрын біз де осы пікірді толықтай қолдадық. Қазір бұл ұсынысты қолдауға бейімділігімізді сақтай отырып, оған белгілі бір сақтықпен қараймыз. Педагогикалық жоғары оқу орындарының институционалдық дербестігін кеңейтпес бұрын білім беру үдерісінің барлық қатысушыларының оның талаптарын жан-жақты түсінуін қамтамасыз ету қажет. Керісінше жағдайда дербестікті кеңейту еліміздің жоғары білім беру сапасының жақсаруына емес, керісінше, төмендеуіне әкелуі мүмкін.

*Жоғары оқу орындарын басқарудағы қаржылық оңтайландыру  
логикасының үстемдігі*

Жоғары білім беру саласындағы қаржылық оңтайландыру бүгінде көптеген елдерде байқалады, Қазақстан да бұл үрдістен қалыс қалмайды. Кең таралған шараларға кафедралар мен факультеттерді біріктіру, кіріс көздерін әртараптандыру (соның ішінде ақылы оқу бағдарламаларының үлесін арттыру, гранттық қаржыландыруды тарту, инфрақұрылым шығындарын оңтайландыру), оқу топтарын ұлғайту және әкімшілік қызметкерлер санын қысқарту жатады. Бұл тәсілдер бүкіл әлемдегі университеттер үшін таныс тәжірибеге айналды. Ғалымдар тарапынан айтылатын сынға қарамастан, нарықтық экономика жағдайында мұндай шаралар ақталған және көбіне міндетті түрде болатын жағдай болып саналады деген бәтуа бар.

Алайда Қазақстанда бюджет тапшылығы мен қатаң үнемдеу қажеттілігі кезінде де негіздеу қиын қаржылық оңтайландырудың басқа да түрлері пайда болды. Осындай шараларға дипломдық жұмыстарды басқаруға бөлінетін сағаттардың толық немесе ішінара қысқаруы, студенттердің мектептердегі педагогикалық практикасын бақылауға арналған уақыттың қысқаруы, сондай-ақ курстық жұмыстарды жазуға арналған сағаттардың алынып тасталуы жатады. Бұл қадамдар жоғары оқу орындарының оқытушылардың аудиториядан тыс жүктемесін азайтуға, ақылы жұмысты тек аудиториялық сабақтар шеңберінде аударуға деген ұмтылысымен байланысты. Осылайша университеттер бюджет

шығындарын азайтуға тырысады. Алайда, жоғарыда айтылғандай, мұндай тәжірибе педагогикалық білім беру сапасына нұқсан келтіреді. Сонымен қатар бұл педагогикалық бағдарламалардың мазмұнына зерттеуге бағдарланған тәсілді енгізуді қиындатады. Біздің зерттеуіміз педагогикалық жоғары оқу орындарын қаржылық оңтайландырудың тиімділігін бағалауды мақсат етпеді, сондықтан біз осы саладағы тікелей ұсыныстардан аулақ боламыз. Сонымен қатар біз білім беру және ғылыми қызмет сапасына ықтимал салдарды ескермей қабылданған кез келген басқарушылық шешімдер жоғары оқу орнының зерттеу мәдениетінің жеткіліксіз дамығанын көрсетеді деп санаймыз. Аймақтық педагогикалық университеттерге білім мен ғылымға нұқсан келтірмей, бюджеттік үдерістерді оңтайландыруға ұмтылып, оны нығайту бойынша жұмыс істеу маңызды.

### Пайдаланылған дереккөздер тізімі

- Aspfors, J., & Eklund, G. (2017). Explicit and implicit perspectives on research-based teacher education: newly qualified teachers' experiences in Finland. *Journal of Education for Teaching*, 43(4), 400–413. <https://doi.org/10.1080/02607476.2017.1297042>.
- Azman, N., Omar, I. C., Yunus, A. S. M., & Zain, A. N. M. (2016). Academic promotion in Malaysian public universities: a critical look at issues and challenges. *Oxford Review of Education*, 42(1), 71–88. <https://doi.org/10.1080/03054985.2015.1135114>.
- Byman, R., Maaranen, K., & Kansanen, P. (2020). Consuming, producing, and justifying: Finnish student teachers' views of research methods. *International Journal of Research & Method in Education*, 44(3), 319–334. <https://doi.org/10.1080/1743727x.2020.1737003>.
- Cochran-Smith, M., & Lytle, S. (2009). *Inquiry as Stance*. New York: Teachers' College Press.
- Darling-Hammond, L. (2017). Teacher education around the world: What can we learn from international practice? *European Journal of Teacher Education*, 40(3), 291–309. <https://doi.org/10.1080/02619768.2017.1315399>.
- Evis, L. H. (2021). A critical appraisal of interdisciplinary research and education in British Higher Education Institutions: A path forward? *Arts and Humanities in Higher Education*, 21(2), 119–138. <https://doi.org/10.1177/14740222211026251>
- Healey, M., & Jenkins, A. (2009). *Developing undergraduate research and inquiry*. The Higher Education Academy.
- Jonbekova, D., Mukhamejanova, D., Sparks, J., & Sarsenbayeva, A. (2024). Enhancing Students' Employability through University–Industry Partnerships

- in Kazakhstan. *Higher Education Policy*. <https://doi.org/10.1057/s41307-024-00392-x>.
- Kazinform. (2021, наурыз 18). ҚР жоғары оқу орындарында педагогикалық жүктеме мөлшерінің ең жоғары көлемі анықталды. [https://www.inform.kz/ru/opredelen-maksimal-nyu-ob-em-stavki-pedagogicheskoy-nagruzki-v-vuzah-rk\\_a3765963](https://www.inform.kz/ru/opredelen-maksimal-nyu-ob-em-stavki-pedagogicheskoy-nagruzki-v-vuzah-rk_a3765963).
- Koski, A., Puustinen, M., Sääntti, J., & Salminen, J. (2023). Exploring the research-based approach of academic classroom teachers in Finland. *Teacher and Teaching*, 29(7-8), 833–849. <https://doi.org/10.1080/13540602.2023.2208034>.
- Krokkfors, L., Kynäslahti, H., Stenberg, K., Toom, A., Maaranen, K., Jyrhämä, R., Byman, R., & Kansanen, P. (2011). Investigating Finnish teacher educators' views on research-based teacher education. *Teaching Education*, 22(1), 1–13. <https://doi.org/10.1080/10476210.2010.542559>.
- Kuchumova, G., Bilyalov, D., & Jonbekova, D. (2023). Faculty engagement in university-industry research partnerships: findings from a developing country. *Studies in Higher Education*, 48(9), 1455–1467. <https://doi.org/10.1080/03075079.2023.2203135>.
- Kuzhabekova, A., & Mukhamejanova, D. (2017). Productive researchers in countries with limited research capacity. *Studies in Graduate and Postdoctoral Education*, 8(1), 30–47. <https://doi.org/10.1108/sgpe-08-2016-0018>.
- Munthe, E., & Rogne, M. (2015). Research based teacher education. *Teaching and Teacher Education*, 46, 17–24. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2014.10.006>.
- Newman, J. (2023). Promoting Interdisciplinary Research Collaboration: A Systematic Review, a Critical Literature Review, and a Pathway Forward. *Social Epistemology*, 38(2), 135–151. <https://doi.org/10.1080/02691728.2023.2172694>
- Puustinen, M., Sääntti, J., Koski, A., & Tammi, T. (2018). Teaching: A practical or research-based profession? Teacher candidates' approaches to research-based teacher education. *Teaching and Teacher Education*, 74, 170–179. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2018.05.004>.
- Rasmussen, J., & Bayer, M. (2014). Comparative study of teaching content in teacher education programmes in Canada, Denmark, Finland and Singapore. *Journal of Curriculum Studies*, 46(6), 798–818. <https://doi.org/10.1080/00220272.2014.927530>.
- Reid, A., & O'Donoghue, M. (2004). Revisiting enquiry-based teacher education in neo-liberal times. *Teaching and Teacher Education*, 20(6), 559–570. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2004.06.002>.
- Tian, M., & Lu, G. (2017). What price the building of world-class universities? Academic pressure faced by young lecturers at a research-centered University in China. *Teaching in Higher Education*, 22(8), 957–974. <https://doi.org/10.1080/13562517.2017.1319814>.

- Toom, A., & Husu, J. (2024). Research-based teacher education curriculum supporting student teacher learning. In G. Doetjes, V., Domović, M. Mikkilä-Erdmann, & K. Zaki (Eds.), *Coherence in European teacher education: Theoretical models, empirical studies, instructional approaches* (pp. 173–188). Springer.
- Tryggvason, M. (2009). Why is Finnish teacher education successful? Some goals Finnish teacher educators have for their teaching. *European Journal of Teacher Education*, 32(4), 369–382. <https://doi.org/10.1080/02619760903242491>.
- van Katwijk, L., Berry, A., Jansen, E., & Van Veen, K. (2019). “It’s important, but I’m not going to keep doing it!”: Perceived purposes, learning outcomes, and value of pre-service teacher research among educators and pre-service teachers. *Teaching and Teacher Education*, 86, 102868. <https://doi.org/10.1016/j.tate.2019.06.022>.
- Кучумова, Г., Сарсенбаева, А., & Мухамеджанова, Д. (2025). Қазақстандағы зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру: мақсаттары, іске асырылуы және проблемалары. *Абылай хан атындағы ҚазХҚжӘТУ жаңалықтары, сериясы: Педагогика ғылымдары*, 76 (1), 126-150. <https://doi.org/10.48371/PEDS.2025.76.1.009>.
- Молдашев, К. Б. (2017). Идеядан басылымға дейін: әлеуметтік ғылымдардағы зерттеу әдістемесі (*Монография*). СДУ.
- Нуркеева, А. (2018, қазан 14). Қазақстанда ғылымды қаржыландыру механизмі қандай? Forbes: Kazakhstan. [https://forbes.kz/articles/ekonomiya\\_na\\_nauke\\_kak\\_v\\_kazahstane\\_finansiruyut\\_nauku](https://forbes.kz/articles/ekonomiya_na_nauke_kak_v_kazahstane_finansiruyut_nauku).
- «Педагог» кәсіби стандартын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 15 желтоқсандағы № 500 бұйрығы (2022). «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200031149>.
- Сағынтаева, А., Қамбатырова, А., Қарабасова, Л., Қанай, Г., & Альмухамбетова, А. (2022). Білім беру зерттеулеріне кіріспе: теория, әдістер мен тәжірибелер (*Монография*). Назарбаев Университетінің Жоғары білім беру мектебі.

## ТАРАУ 6

### ҚОРЫТЫНДЫ МЕН ҰСЫНЫМДАР

Бұл монография Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым комитеті қаржыландыратын «Қазақстандағы педагогикалық білім берудің зерттеу әлеуетін дамыту» жобасы шеңберінде дайындалды (грант № АР19576588). Жобаның мақсаты қазақстандық жоғары оқу орындарының болашақ педагогтердің зерттеу әлеуетін дамытуға бағытталған үздік білім беру тәсілдері мен тәжірибелерін талдау болды.

Зерттеу аясында келесі міндеттер қойылды:

1. Болашақ педагогтерді даярлаудағы зерттеуге бағдарланған білім берудің рөлін түсінуді зерделеу;
2. Ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстардың ұйымдас-тырылуын талдау;
3. Педагогикалық білім беру бағдарламалары шеңберінде зерттеу мүмкіндіктерін бағалау;
4. Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді жүзеге асыру кезінде туындайтын қиындықтарды анықтау.

Жобада қойылған міндеттерді орындау үшін көптік кейс-стади дизайны пайдаланылды (Yin, 2009). Деректер Қазақстанның төрт өңірлік жоғары оқу орнынан жиналды. Ақпараттың негізгі бөлігі екі әдіс – сұхбат және сауалнама арқылы алынды. Жеке тереңдетілген сұхбаттар жоғары оқу орындарының әкімшілігі мен педагогикалық білім беру бағдарламаларына жауапты тұлғалармен, сондай-ақ ғылыми зерттеу

әдіснамасы бойынша пәнді жүргізетін оқытушылармен өткізілді. Сұхбатқа 45 адам қатысты. Ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстарды бітірген педагогикалық мамандықтардың жоғары курс студенттері арасында қосымша сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға 450 студент қатысты. Жиналған сұхбат пен сауалнама деректері институционалдық құжаттарды талдаумен, сондай-ақ далалық зерттеу барысында авторлар жүргізген аудиожазбалармен толықтырылды. Сандық деректерді талдау үшін дискриптивті статистика қолданылды. Деректерді сапалық өңдеу тақырыптық талдау арқылы жүзеге асырылды (Braun & Clarke, 2006).

Жүргізілген зерттеу көрсеткендей, қазақстандық жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлаудағы зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім берудің рөлін ұжымдық немесе келісілген түсінік жоқ. Бұл профессорлық-оқытушылық құрамға да, студенттерге де тән. Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру туралы ең кең таралған түсінік зерттеуді болашақ мұғалімдерді мектеп жобаларын басқаруға дайындауға бағытталған педагогикалық қызметтің құралы ретінде қабылдаумен байланысты. Зерттеуді магистратураға, докторантураға түсумен және мансаптық өсумен байланысты кәсіби даму кезеңі ретінде түсіну сирек кездеседі. Зерттеуді сыни талдауды, оқу үдерісіне рефлексияны, оқыту әдістемесін және білім беру саясатын қамтитын педагогикалық көзқарас ретінде түсіну ең аз таралған.

Төрт университеттің педагогикалық бағдарламалар құрылымында ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстарды енгізу және жүзеге асыру тәжірибесі әртүрлі болды. Кейбір жоғары оқу орындарында курс жалпы білім беретін пәндер цикліне, басқаларында базалық циклге енгізілді. Пәннің мәртебесі оның міндетті немесе таңдау пәні болуына байланысты да ерекшеленді. Педагогикалық факультеттерде курстардың мазмұны, негізінен, педагогика ғылымына және оның әдіснамасына бағытталды. Алайда әдіснаманы зерттеу көбінесе білім беру эксперименттерін жүргізумен шектелді, бұл қазақстандық жоғары оқу орындарының педагогикалық факультеттеріндегі зерттеу мәдениетінде позитивистік ғылыми парадигманың басым екенін көрсетеді. Педагогикалық емес бейіндегі факультеттерде болашақ мұғалімдердің зерттеу әлеуеті, ең алдымен, білім беру саласында емес, өздерінің пәндік салаларында түсіну және зерттеу жүргізу қабілеті арқылы қарастырылды.

Барлық төрт университетте оқытушылар студенттерді ғылыми жазу жанрларымен, соның ішінде дипломдық жұмыс, ғылыми мақала, рецензия және аңдатпа жазумен таныстыруға тырысты. Сонымен қатар олар академиялық адалдық, плагиат және ғылыми этика мәселелеріне назар аударды. Барлық жоғары оқу орындарында ғылыми зерттеу әдіснамасы

бойынша курсты оқыту, негізінен, оқытушыға бағытталған. Оқу материалы студенттерге зерттеудің философиялық негіздері, қағидаттары, кезеңдері және әдістемелік тәсілдеріне арналған дәрістер форматында ұсынылды. Бұл дәрістер әртүрлі педагогикалық және кейде педагогикалық емес мамандықтардың студенттерін қамтитын жүзге дейінгі үлкен академиялық ағындарда жиі өткізілді. Негізгі мақсат студенттерде зерттеудің мәні, оның барысы және оған қойылатын талаптар туралы жалпы түсінікті қалыптастыру болды.

Ішкі құжаттамаға сәйкес қатысушы жоғары оқу орындарының студенттеріне ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстар аясында, дипломдық жұмысты орындау барысында, кафедраларда ғылыми үйірмелерге, сондай-ақ студенттік конкурстар мен конференцияларға қатысу барысында зерттеу мүмкіндіктері беріледі. Алайда оқытушылармен жүргізілген сұхбаттар және студенттер арасында жүргізілген сауалнама нәтижелері күрделі әрі қарама-қайшы суретті көрсетеді. Осылайша әдіснама бойынша курстар аясында тек азын-аулақ студент зерттеу дағдыларын іс жүзінде қолдану мүмкіндігіне ие болды. Көпшілігі презентацияларды дайындаумен, мақалалар мен рефераттар жазумен, сондай-ақ оқытушы қойған теориялық сұрақтарға жауап іздеумен айналысты. Курстан өткеннен кейін де болашақ педагогтер өздерін дербес зерттеу жұмысына дайын деп есептемейді. Дипломдық жұмыс аясында зерттеулер жүргізу де шектеулі болды. Кейбір жоғары оқу орындарында дипломдық жұмыс тоқтатылып, кешенді емтиханмен алмастырылды. Басқа жағдайларда дипломдық жобаларға жетекшілік етуге өте шектеулі сағаттар бөлінеді, бұл жұмыс сапасына теріс әсер етеді. Ғылыми үйірмелерге, конкурстарға және конференцияларға келетін болсақ, олар тұрақсыз және әдетте формалды сипатта өтеді. Мектеп практикасы, курстық жұмыстарды жазу және оқытушылардың ғылыми жобалары аясында студенттерге зерттеу мүмкіндіктері іс жүзінде берілмейді.

Осы зерттеу көрсеткендей, Қазақстандағы педагогикалық білім беру бағдарламаларына зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді терең енгізуде басты проблемаларға әлсіз зерттеу инфрақұрылымы, профессорлық-оқытушылық құрамның әркелкі ғылыми әлеуеті, педагогикалық жоғары оқу орындарындағы ғылыми мәдениеттің жеткіліксіз дамуы, ғылыми қызметті институционалдық қолдаудың және тұрақты қаржыландырудың болмауы, пәнаралық жобалардың әлсіз өкілдігі, академиялық ғылымның білім мен қоғамның практикалық қажеттіліктерімен байланысының болмауы, ғылыми жұмысты ұйымдастыру мен бағалаудағы кең таралған формализм, университет дербестігінің

қағидаларын шектеулі түсіну, сондай-ақ жоғарғы оқу орындарын басқаруда қаржылық оңтайландыру логикасының үстемдігі жатады.

Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру саласындағы үздік халықаралық тәжірибелерді зерделеу, Қазақстандағы педагогикалық білім беру саласындағы реформалар мен саясатты талдау, сондай-ақ зерттеу нәтижелерінің негізінде біз педагогикалық жоғары оқу орындарына арналған ұсынымдардың алты блогын ұсынамыз. Бұл ұсынымдар Қазақстанда зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім берудің тұрақты дамуына ықпал етуі мүмкін.

**I. Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді педагогикалық білім беру бағдарламаларының құрылымына толық кіріктіруді қамтамасыз ету қажет. Зерттеуге бағдарланған оқыту бүкіл білім беру траекториясының ажырамас бөлігіне айналмайынша, оның дамуы фрагментті және жүйесіз болып қалады**

1. Барлық педагогикалық мамандықтарда педагогикалық және білім беру зерттеулерінің әдіснамасы бойынша курстардың мазмұны мен ұйымдастырылуын жетілдіру. Студенттердің рефлексия қабілетін дамытуға және жеке педагогикалық практикасын зерттеуге баса назар аудару керек.

2. Басқа бейіндік педагогикалық пәндердің мазмұны мен құрылымын қайта қарау. Бұл курстар сонымен қатар сыни тұрғыдан ойлауды, рефлексия дағдыларын, сондай-ақ заманауи ғылыми жарияланымдарды оқу және талдау қабілетін дамытуға ықпал ететін зерттеу құрамбөлігін қамтуы керек.

3. Бүкіл оқу бағдарламасы барысында студенттерге жеке және топтық ғылыми зерттеулер жүргізу үшін жеткілікті мүмкіндіктер берілуі керек. Бұл болашақ кәсіби қызметтің практикалық міндеттерін шешуге бағытталған ғылыми білімге негізделген проблемалық және жобалық тәсілдерді оқытуға енгізу арқылы жүзеге асырылуы мүмкін. Мысалы, пән бойынша қорытынды бақылаудың нысаны постерлер түрінде немесе пленарлық семинарлар форматында кейінгі презентациямен шағын зерттеуді орындау болуы мүмкін. Осындай жобаларды бір семестрдегі бірнеше пән аясында да жүзеге асыруға болады, бұл академиялық бағдарламаны мұқият жетілдіруді талап етеді. Мұндай зерттеу тапсырмалары студенттерді қорытынды біліктілік жұмысын орындау шеңберінде зерттеу жүргізуге дайындауда тиімді болуы және оның негізінде дәстүрлі курстық жұмыстарға балама ретінде қарастырылуы мүмкін.

4. Дипломдық жұмыс жазуды педагогикалық мамандықтардың барлық студенттері үшін қорытынды аттестаттаудың міндетті нысаны ету. Дипломдық жұмыс теория мен практиканың үйлесімін көрсетуі керек. Сондай-ақ сапалы ғылыми сүйемелдеу үшін жағдай жасай отырып, дипломдық жобаларға жетекшілік етуге оқытушылық жүктемені арттыру қажет.

5. Студенттердің мектептегі педагогикалық және өндірістік практикасын ұйымдастыруға зерттеу құрамбөлігін қосу. Зерттеуді практикаға кіріктіру кезең-кезеңімен жүзеге асырылуы тиіс және зерттеу қызметінің қарапайым элементтерінен басталып, біртіндеп күрделі нысандарға өтуді көздеуі керек. Сонымен қатар үшінші курстағы педагогикалық практика барысында студенттер ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстар аясында эмпирикалық деректер жинай алады. Өндірістік практика кезінде мұндай қызмет дипломдық жұмысты жазу үшін мәліметтер жинауға бағытталуы мүмкін.

## **II. Зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беру үдерісіне тартылған оқытушылардың зерттеу әлеуетін арттыру қажет**

1. Зерттеуге бағдарланған оқыту үдерісіне қатысатын барлық оқытушылардың дәстүрлі ғылыми зерттеу әдістеріне ғана емес, сондай-ақ *action research* және *lesson study* сияқты практикаға бағытталған тәсілдерге негізделген сапалы біліктілікті арттыру курстарынан өтуін қамтамасыз ету қажет. Курстар жүйелі түрде ұйымдастырылып, оқу үдерісіне қолайлы уақытта өткізілуі тиіс, ал олардың сапасы іріктеу барысында мұқият тексерілуі қажет.

2. Оқытушылардың беделді *open-access* курстарына, «Болашақ» сияқты халықаралық бағдарламаларға, сондай-ақ педагогикалық кадрларды даярлауға маманданған әлемдік жетекші университеттердегі оқуға өз бетінше қатысуы ынталандырылуы тиіс. Мұндай бағдарламаларға қатысу қаржылық жағынан – үстемеақы, гранттар немесе ынталандырудың өзге де түрлері есебінен қолдау табуы мүмкін.

3. Оқытушылардың рейтингі жоғары ғылыми журналдарда жариялану рәсімдері туралы хабардарлығын арттыру, сондай-ақ олардың жосықсыз конференцияларға қатысуының және «жыртқыш» журналдарда жариялануының алдын алу мақсатында ғылыми платформаларды сыни тұрғыдан бағалау дағдыларына үйрету маңызды.

4. Зерттеу қызметі оқытушының негізгі жүктемесінің бір бөлігі ретінде танылуы және басқа кәсіби қызмет түрлерімен бірдей дәрежеде төленуі керек. Ғылыми қызметке қосымша ақы төленетін уақыт бөлу

оқытушыларға өз зерттеу дағдыларын мақсатты түрде дамытуға және университеттің зерттеу мәдениетінің дамуына елеулі үлес қосуға мүмкіндік береді.

5. Дәлелдерге негізделген оқытуды мектеп практикасында ілгерілету үшін жоғары оқу орындарының оқытушылары өздерінің педагогикалық қызметінде осындай тәсілдің қолданылуын өздері көрсетуі керек. Басқаша айтқанда, олар оқу сапасын жақсарту үшін зерттеулердің пайдасы туралы айтып қана қоймай, оны өз пәндерін оқыту мысалында көрсетуі керек. Дәлелді оқыту жоғары білім беру педагогикасының ажырамас бөлігі болуы тиіс.

### **III. Педагогикалық жоғары оқу орындарының зерттеу және оқу инфрақұрылымын дамытуға инвестицияларды едәуір ұлғайту қажет**

1. Кітапхана қорларын педагогикалық зерттеулер, ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша әдебиеттерге, сондай-ақ оқу мен оқытудың заманауи тәсілдеріне назар аудара отырып жаңарту қажет.

2. Академиялық жарияланымдарға қол жеткізу үшін және эмпирикалық деректерді жинау мен талдауға арналған арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді пайдалану үшін сенімді open-access платформаларын тиімді әрі этикалық тұрғыда қолдануға үйрете отырып, оқытушылар мен студенттердің цифрлық сауаттылығын дамыту.

3. Оқытушылар мен студенттер өз жұмысында өзекті және дәлелденген ғылыми дереккөздерге сүйенуі үшін жетекші халықаралық дерекқорларға тұрақты қол жеткізуді қамтамасыз ету. Академиялық адалдық мәдениетін қалыптастыру және академиялық ортаның этикалық негіздеріне нұқсан келтіретін пираттық ресурстарды пайдалану тәжірибесін тоқтату қажет.

4. Интерактивті тақталар, мультимедиялық проекторлар, компьютерлер, аудио-визуалды жабдықтар және тұрақты интернет байланысын қоса алғанда, болашақ педагогтерге арналған сабақтар өтетін оқу ғимараттарының негізгі техникалық жабдығын үнемі жаңартып, жұмыс істеп тұрған күйде ұстау қажет.

**IV. Студенттер, оқытушылар арасында шынайы зерттеу мәдениетін дамыту, сондай-ақ әкімшілік және көмекші қызметкер арасында ғылыми қызметтің маңыздылығын түсінуді дамыту қажет. Университет ортасы барлық деңгейлердегі зерттеу белсенділігін қолдауға бейімделуі тиіс**

1. Оқытушыларға арналған ішкі ғылыми гранттар жүйесін енгізу. Бұл оларды ғылыми жұмыстарын жандандыруға ынталандырады және сыртқы (ұлттық және халықаралық) гранттық қаржыландыру конкурстарына қатысу үшін берік негіз жасайды.

2. Қазақстанда да, шетелде де қолжетімді грант алу мүмкіндіктері туралы оқытушыларды уақытылы хабардар етуді қамтамасыз ету. Гранттық жобаларды, оның ішінде оларды іске асырудың барлық кезеңдерінде заңды және қаржылық қолдауды қоса алғанда, әкімшілік сүйемелдеуді ұсыну бірдей маңызды.

3. Университет ішіндегі зерттеушілер және сыртқы серіктестер арасындағы пәнаралық ынтымақтастық пен академиялық сабақтастықты ынталандыру.

4. Оқытушылардың ғылыми қызметін ұйымдастыруда және бағалауда формализмді жою.

5. Ғылыми үйірмелерді, студенттік конкурстар мен конференцияларды тұрақты және жүйелі практикаға айналдыру. Осы қызметке қатысатын оқытушылар өз жұмыстары үшін лайықты жалақы алуы тиіс.

6. Студенттер мен мектеп мұғалімдерін педагогикалық жоғары оқу орындарының оқытушылары мен ғалымдарының зерттеу жобаларына қатысуға белсенді тарту. Бұл сапалы нәтижелерге қол жеткізіп қана қоймай, теория мен практика арасындағы байланысты нығайтады. Бұл сондай-ақ зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім берудің барлық қатысушылары арасында осындай білім берудің маңыздылығын түсінуді қалыптастыруға көмектеседі.

7. Жоғары оқу орнының маңызды стратегиялық бағыты ретінде әсіресе педагогикалық білім беру саласында зерттеу мәдениетін дамытудың маңыздылығын әкімшілік және көмекші қызметкерге жеткізу. Оқытушылар ғылыми бастамаларды жүзеге асыру кезінде түсінбеушілікке, қарсылыққа немесе әкімшілік кедергілерге тап болмауы керек.

## **V. Педагогика ғылымы мен білім беру практикасы арасында берік байланыс қалыптастыру қажет**

1. Педагогикалық практикаға бірлескен эмпирикалық зерттеулер жүргізу мақсатында жоғары оқу орындары мен мектептер арасындағы ынтымақтастықты ынталандыру. Мұндай серіктестіктер болашақ педагогтерді даярлау сапасын да, мектептерде оқыту сапасын да арттыруға мүмкіндік береді.

2. Болашақ мұғалімдер үшін білім беру бағдарламаларын әзірлеуге және жаңартуға жұмыс берушілерді тарту. Бұл Қазақстандағы білім беру жүйесінің нақты қажеттіліктерін ескеруге көмектеседі.

## **VI. Қазақстанда зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім беруді дамыту үшін жоғары оқу орындарының академиялық және әкімшілік дербестігін тиімді пайдалану қажет**

1. Жоғары оқу орындарының дербестігін жүзеге асырумен байланысты қағидаттарды, артықшылықтар мен жауапкершілік аймағын түсіндіру. Барлық білім беру үдерісіне қатысушылар арасында академиялық еркіндікті дұрыс пайдалану туралы түсінікті қалыптастыру маңызды әсіресе силлабустарды, оқу жоспарлары мен бағдарламаларды әзірлеу кезінде формалды немесе өз бетінше қабылданған тәсілдерден аулақ болу қажет.

2. Болашақ педагогтердің зерттеу құзыреттерін дамытуға бағытталған жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеу және енгізу. Мұндай бағдарламалар зерттеуге бағдарланған оқыту мен педагогикалық ғылым саласында жеткілікті әлеуеті бар отандық және шетелдік жоғары оқу орындарымен серіктестік негізінде жүзеге асырылуы мүмкін.

Қорытындылай келе, Қазақстандағы педагогикалық білім берудің болашағы педагогикалық жоғары оқу орындарының зерттеуге бағытталған педагогикалық білім беруді кіріктіруде зерттеу барысында анықталған шектеулер мен кедергілерді қаншалықты дәйекті және саналы түрде жоятынына байланысты болады. Қазіргі уақытта педагогтерді дайындаудағы зерттеушілік құрамбөлік әлсіз дамыған және көбінесе формалды сипатқа ие. Бұл ғылыми зерттеулер әдіснамасы бойынша курстардың мазмұнына ғана емес, сонымен қатар олар жүзеге асырылатын жағдайларға да қатысты. Оқытушылардың күш-жігері көбінесе өздерінің құзыреттерімен, сондай-ақ әкімшілік және қаржылық кедергілермен шектеледі, ал студенттерде зерттеу дағдыларын іс жүзінде меңгеру үшін нақты мүмкіндіктер бола бермейді.

Егер Қазақстандағы зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім берудің болашағы туралы айтатын болсақ, алдағы жылдары педагогтерді даярлаудың қолданыстағы тәжірибелерін ретке келтіру маңызды. Бұл зерттеуге бағдарланған педагогикалық білім берудің мақсаттарын нақты түсінумен оқу бағдарламаларын қайта қарауды, оқытушылардың зерттеу біліктілігін арттыруды, оқу жүктемесін қалыпқа келтіруді, сондай-ақ зерттеу инфрақұрылымы үшін базалық жағдайлар жасауды қамтиды. Жоғары оқу орындары нақты мектеп практикасымен тұрақты байланыс

орната бастағаны да маңызды. Зерттеулер оқыту үдерісіне тұтас енгізіліп, дәріс пен диплом арасындағы абстрактілі кезең ретінде емес, оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болуы керек. Бұл ғылыми зерттеу әдіснамасы бойынша курстардың мазмұнын, мектеп практикасының рөлін, дипломдық және курстық жұмыстардың форматын қайта қарауды, сондай-ақ мектеп мұғалімдерін бірлескен зерттеу үдерістеріне тартуды талап етеді.

Сонымен қатар қазақстандық жоғары оқу орындарындағы академиялық дербестікті ақылға қонымды пайдалану маңызды. Бұл білім беру бағдарламаларын икемді жобалау мүмкіндігі ғана емес, сонымен қатар оларды жүзеге асыру кезінде формализмге жол бермеу міндеті. Жалпы педагогикалық білім беру сапасын жақсарту жылдам үдеріс емес. Ол нақты оқытушыдан бастап жоғары оқу орнының әкімшілігіне дейін әртүрлі деңгейдегі іс-қимылды үйлестіруді талап етеді. Алайда педагогикалық кадрларды даярлауда маңызды өзгерістерді күту үшін білім беруді тереңірек, рефлексиялық және практикамен байланысқан бағытта дамыту қажет.

## Авторлар туралы

**Кучумова Гульфия Жасулановна** 2021 жылы Назарбаев Университетінде білім беру саласы бойынша PhD дәрежесін алды. Қазіргі уақытта Maqsut Narikbayev University-де қауымдастырылған профессор қызметін атқарады. Оның ғылыми қызығушылықтары жоғары білім беру саласына бағытталған және зерттеу әлеуетін дамыту, жоғары оқу орындары мен индустрияның өзара ынтымақтастығы, педагог кадрларды даярлау, академиялық мансап сияқты бағыттарды қамтиды.

<https://orcid.org/0000-0002-0645-6928>  
g\_kuchumova@kazguu.kz

**Мухамеджанова Динара Рамазановна** 2018 жылы Назарбаев Университетінде білім беру саласы бойынша PhD дәрежесін алды. Қазіргі уақытта Maqsut Narikbayev University-де қауымдастырылған профессор болып жұмыс істейді. Оның ғылыми қызығушылықтары жоғары білім саласындағы мәселелерді қамтиды, соның ішінде интернационалдандыру, білім беру миграциясы, академиялық мансап, педагогикалық кадрларды даярлау, университет пен индустрия арасындағы ынтымақтастық.

<https://orcid.org/0000-0002-1177-4840>  
dinara\_mukhamejanova@kazguu.kz

**Сарсенбаева Алия Сериковна** — білім беру саласындағы магистр. Қазіргі уақытта Maqsut Narikbayev University-де аға оқытушы болып жұмыс істейді және Назарбаев Университетінің Жоғары білім беру мектебінің докторанты. Ғылыми-зерттеу жұмыстары жоғары білімдегі академиялық адалдық мәселелеріне, жоғары оқу орындары мен индустрия арасындағы ынтымақтастыққа, педагог кадрларын даярлауға бағытталған.

<https://orcid.org/0000-0002-2799-9016>  
a\_sarsenbayeva@kazguu.kz

**РАЗВИТИЕ ИССЛЕДОВАТЕЛЬСКОГО ПОТЕНЦИАЛА  
ПЕДАГОГИЧЕСКОГО ОБРАЗОВАНИЯ В КАЗАХСТАНЕ  
ПРОБЛЕМЫ И ПЕРСПЕКТИВЫ**

## ПРЕДИСЛОВИЕ

Качественное образование давно признано одним из ключевых столпов социально-экономического развития и благополучия, в достижении которых важная роль отводится учителю. В этой связи подготовка высококвалифицированных педагогических кадров находится в центре внимания образовательной политики многих стран, которые отмечают необходимость развития исследовательски-ориентированного педагогического образования в формировании профессиональной идентичности учителя и его готовности работать в быстро меняющемся мире.

Данная монография *“Развитие исследовательского потенциала педагогического образования в Казахстане: проблемы и перспективы”* посвящена актуальной и важной теме – интеграции исследований в подготовку педагогических кадров в университетах Казахстана. Она является одним из результатов научного проекта, реализованного в рамках грантового финансирования Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан (грант № AP19576588).

Исследование, представленное в монографии, было инициировано в контексте проводимых в стране реформ, направленных на повышение качества школьного образования, внедрение практики обучения, основанного на доказательствах, и совершенствование подготовки будущих учителей. Настоящие реформы отражают международные образовательные тренды, в том числе и принципы Болонского процесса, частью которого является Казахстан. В соответствии с Болонскими принципами для обеспечения качества школьного образования современная подготовка учителей требует развития исследовательских компетенций, включая рефлексию и критическое мышление. Несмотря на то, что масштабные преобразования в сфере школьного и высшего образования проходят в Казахстане не одно десятилетие, вопросы

подготовки педагогических кадров по-прежнему остаются недостаточно изученными. Кроме того, в международном контексте практически отсутствует понимание того, как исследовательски-ориентированное педагогическое образование реализуется в развивающихся странах с еще формирующейся системой высшего образования и слабо развитой исследовательской культурой. Данная монография стремится восполнить эти пробелы.

В исследовании приняли участие администрация, профессорско-преподавательский состав и студенты четырех университетов страны, готовящих педагогические кадры. Анализ был сфокусирован на выявлении понимания участниками исследования значимости исследовательски-ориентированного образования в подготовке будущих педагогов, изучении организации курсов по методологии научного исследования и иных исследовательских возможностей в рамках педагогических программ, а также барьеров и вызовов, существующих на пути реализации исследовательски-ориентированного педагогического образования. Опираясь на международную научную литературу в области подготовки педагогических кадров и развития исследовательского потенциала, анализ собранных эмпирических данных проводился в широком контексте реформ в области школьного и высшего образования, а также трансформации педагогической профессии в Казахстане.

Монография состоит из шести глав. Некоторые главы опираются на научные статьи, опубликованные нами ранее в рамках проекта. Эти статьи были переработаны и интегрированы в общее исследование, представленное в данной монографии.

Первая глава «*Профессия педагога в XXI веке*» рассматривает трансформацию роли педагога в контексте глобальных вызовов и современных требований к образованию. Подчеркивается, что для эффективного функционирования системы образования и подготовки молодого поколения к жизни в сложном и быстро меняющемся мире профессия учителя требует постоянного профессионального роста посредством вовлечения в исследовательскую деятельность.

Вторая глава «*Исследовательски-ориентированное педагогическое образование: зарубежный опыт*» представляет собой обзор литературы, посвященной подготовке педагогических кадров в рамках исследовательски-ориентированного подхода, ставшего центральным в формировании нового качества педагогического образования. В ней раскрывается понятие исследовательски-ориентированного педагогического образования, а также анализируются существующие международные подходы и трудности, связанные с его реализацией.

Третья глава *«История и контекст педагогического образования в Казахстане»* описывает развитие педагогического образования в стране в период с институциональных реформ постсоветского кризиса до становления академической автономии в последние годы. Отмечается отставание педагогических вузов в подготовке педагогов, способных проводить инициируемые государством реформы школьного образования. Особое внимание уделяется последним изменениям касательно внедрения исследовательски-ориентированного подхода в подготовку педагогических кадров.

В четвертой главе *«Методология исследования»* описывается методологический подход, легший в основу проведенного исследования. В ней раскрываются дизайн исследования, выборка и характеристики участников, методы сбора и анализа эмпирических данных. Глава формирует основу для интерпретации результатов и выводов нашего исследования.

Пятая глава *«Исследовательски-ориентированное педагогическое образование в Казахстане»* является центральной в монографии и представляет результаты проведенного исследования. Во-первых, в главе раскрывается, как в казахстанских вузах понимается роль исследований и исследовательски-ориентированного образования в подготовке педагогических кадров. Во-вторых, анализируются подходы к организации исследовательской подготовки будущих учителей с акцентом на дисциплину по методам научного исследования, введенную в педагогические программы в рамках государственной образовательной политики. В-третьих, рассматриваются трудности, с которыми сталкиваются казахстанские вузы в процессе интеграции исследовательской подготовки в педагогическое образование.

В завершающей, шестой главе монографии *«Заключение и рекомендации»* подводятся основные итоги исследования, формулируются рекомендации по дальнейшему развитию исследовательски-ориентированного педагогического образования в Казахстане, а также обсуждаются возможные направления дальнейших исследований в области интеграции исследовательского компонента в подготовку педагогических кадров.

Данная монография адресована широкой аудитории – преподавателям, учителям, администрации вузов и школ, исследователям, разработчикам образовательной политики, а также студентам педагогических программ. Мы надеемся, что представленные в монографии результаты и выводы послужат основой для разработки инновационных образовательных программ по подготовке учителей, формирования устойчивой исследовательской культуры в университетах и повышения качества педагогического образования в стране.

Выражаем благодарность Министерству науки и высшего образования Республики Казахстан за финансовую поддержку, благодаря которой стало возможным проведение данного исследования. Особую признательность выражаем преподавателям, представителям университетской администрации, а также студентам, принявшим участие в исследовании, за их сотрудничество, вклад в сбор эмпирических данных и ценные комментарии.

## ГЛАВА 1

### ПРОФЕССИЯ ПЕДАГОГА В XXI ВЕКЕ

Профессия педагога является одной из ключевых в жизнедеятельности общества, поскольку именно педагог несет ответственность за трансфер знаний и, следовательно, за образование будущих поколений. Недаром педагогическую деятельность называют «матерью» всех профессий (Ulferts, 2021): обучая других, педагог не только способствует усвоению знаний, но и участвует в формировании профессионала и личности. В условиях экономики знаний роль педагога приобретает особую значимость, поскольку эффективность образовательного процесса и качество подготовки человеческого капитала связаны с профессионализмом педагога (Cochran-Smith, 2003; Malinen et al., 2012; Toom & Husu, 2024). В связи с этим в настоящее время все большее внимание со стороны исследователей и политиков всего мира уделяется изучению и продвижению качества педагогической деятельности и педагогического образования.

Изучение педагогической деятельности и ее эффективности приобретает особую актуальность в условиях возрастающей сложности образовательного процесса. Образование, как и другие сферы человеческой деятельности, является динамичной системой, которая постоянно трансформируется под воздействием политических, социально-экономических, технологических и природных факторов (Darling-Hammond & Bransford, 2005; Madden, 2015; Reid & O'Donoghue, 2004; Toom & Husu, 2024). Ярким примером таких изменений стала пандемия COVID-19, в ходе которой школы и вузы по всему миру столкнулись с многочисленными вызовами, требовавшими оперативных решений: переходом на онлайн-формат обучения, обеспечением здоровья и психологического благополучия уча-

щихся и педагогов, а также поддержанием качества образовательного процесса. С распространением технологий искусственного интеллекта (таких как ChatGPT, Gemini и др.) перед образовательными организациями также встали вопросы академической честности и этических норм.

